

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 19 мамырдағы № 290-VIII ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 90-б. қараңыз.

1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдары – осы Заңда және саяси, сайланатын және әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде көзделген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметіне кірудің, оны өткеру мен тоқтатудың ерекше тәртібі, сондай-ақ арнаулы біліктілік талаптары көзделген басқарушылық деңгейдегі әкімшілік мемлекеттік лауазымдар;

2) әкімшілік мемлекеттік қызметші – Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдарда лауазымдық өкілеттікті орындау жөніндегі өз қызметін тұрақты кәсіптік негізде "А" және "Б" корпустарының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарында жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші;

3) әкімшілік мемлекеттік лауазымның санаты – саяси, сайланатын және әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне сәйкес әкімшілік мемлекеттік лауазымдар жиынтығы;

4) басшы мемлекеттік лауазым (бұдан әрі – басшы лауазым) – қарамағында мемлекеттік қызметшілер болатын және олардың қызметін ұйымдастыру өкілеттігі берілген мемлекеттік лауазым;

5) "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдары – саяси, сайланатын және әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде көзделген, мемлекеттік органдардың қызметін ұйымдастырушылық, құқықтық, ақпараттық, талдамалық, қаржылық-экономикалық және өзге де функционалдық сүйемелдеуді, мемлекеттің функциялары мен міндеттерін тиісті мемлекеттік орган өкілеттігінің шегінде іске асыруды қамтамасыз ететін және "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына жатпайтын әкімшілік мемлекеттік лауазымдар;

6) бонус – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметшінің қызметін бағалау нәтижесі бойынша оған белгіленетін ақшалай төлем;

7) біліктілік талаптары – мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткер Қазақстан Республикасының азаматтарына білімі, жұмыс тәжірибесі және құзыреттері бойынша қойылатын талаптар;

8) жұмыс орны – мемлекеттік қызметші тұрақты немесе уақытша болатын, құрылымдық тұрғыдан бөлінген және ұйымдастырылған және оның лауазымдық өкілеттікті орындауына арналған, оның ішінде мүгедектігі бар адамның жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып жабдықталған және ұйымдастырылған орын;

9) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет ардагері – мемлекеттік қызметтегі өтілі кемінде жиырма бес жыл болатын, мінсіз беделі бар, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес зейнеткерлік жасқа толған не зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін мемлекеттік қызметте болуы осы Заңға сәйкес ұзартылған адам;

10) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) – мемлекеттік органдарда ақы төленетін мемлекеттік лауазымдарды атқаратын және осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген мемлекеттік қызметтің мақсаты мен ерекшеліктеріне сәйкес мемлекеттің функциялары мен міндеттерін және (немесе) мемлекеттік органдардың өкілеттігін іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы азаматтарының кәсіптік қызметі;

11) қызметтік қажеттілік – мемлекеттік органның өкілеттігін үздіксіз және тиімді орындауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қызметшінің жұмыс сипатын немесе көлемін, еңбек жағдайларын уақытша өзгертуді талап ететін мән-жайлар немесе жағдайлар;

12) лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша мемлекеттік органдарда билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

13) лауазымдық өкілеттік – нақты мемлекеттік лауазымда көзделген, мемлекеттік қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге сай келетін құқықтар және міндеттер;

14) мемлекеттік қызметтің кадр резерві – қажетті кәсіби және жеке қасиеттерге ие Қазақстан Республикасы азаматтарының кейіннен бос мемлекеттік лауазымдарға орналасуына, сондай-ақ мемлекеттік органдарды білікті мамандардың қажетті санымен жасақтауға арналған, белгіленген тәртіппен қалыптастырылған тізбесі;

15) мемлекеттік қызметші – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттердің қаражатынан не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және (немесе) Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасында айқындалған Арнаулы мемлекеттік қордың қаражатынан ақы төленетін, саяси, сайланатын және

әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің функциялары мен міндеттерін іске асыру жөніндегі лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы;

16) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі (бұдан әрі – қызметтік әдеп) – мемлекеттік қызметшілердің осы Заңда және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінде белгіленген, әдеп қағидаттары мен қызметтік әдеп стандарттары көзделетін мінез-құлық қағидалары;

17) мемлекеттік қызметшінің құзыреті – нақты мемлекеттік лауазымда кәсіптік қызметті тиімді орындау үшін қажетті білімнің, машықтар мен дағдылардың жиынтығы;

18) мемлекеттік қызметшінің тікелей басшысы – мемлекеттік лауазымы бойынша жоғары тұрған, мемлекеттік қызметші өзінің лауазымдық нұсқаулығына сәйкес оның тікелей қарамағында болатын адам;

19) мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – мемлекеттік қызмет саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыратын орталық мемлекеттік орган;

20) мемлекеттік лауазым – мемлекеттің функциялары мен міндеттерін және (немесе) мемлекеттік органдардың өкілеттігін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген лауазымдық өкілеттік шеңбері жүктелген, сондай-ақ саяси, сайланатын және әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне енгізілген мемлекеттік органның құрылымдық штат бірлігі;

21) мемлекеттік орган басшысы – Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда орталық мемлекеттік органның, оның ведомствосының, олардың аумақтық бөлімшелерінің басшысы, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның басшысы, тексеру комиссиясының төрағасы, мемлекеттік орган болып табылатын аппараттың басшысы;

22) мемлекеттік органның келісімшарттық қызметшісі (бұдан әрі – келісімшарттық қызметші) – түрлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ұлттық және өзге де жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік органға осы Заңда көзделген ерекшеліктері бар келісімшарт бойынша тартылған Қазақстан Республикасының азаматы;

23) мемлекеттік органның келісімшарттық қызметшісінің келісімшарты – мемлекеттік орган мен Қазақстан Республикасының азаматы арасындағы оның құқықтары мен міндеттерін, еңбек жағдайларын, сондай-ақ еңбек нәтижесімен (сандық және (немесе) сапалық көрсеткіштер) өзара байланысты еңбекке ақы төлеу жағдайларын, еңбек нәтижесіне (сандық және (немесе) сапалық көрсеткіштер) қол

жеткізбегені үшін жауапкершілігін және басқа да жеке жағдайларды белгілейтін еңбек шарты;

24) мемлекеттік цифрлық кадр жүйесі – мемлекеттік қызметшілер және мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының жұмыскерлері туралы мәліметтерді жинауға, сақтауға, өңдеуге, пайдалануға, беруге және талдауға, персоналды басқару функцияларын жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын мониторингтеуге арналған мемлекеттік цифрлық жүйе;

25) сайланатын мемлекеттік лауазым – Қазақстан Республикасының азаматы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланатын әкім лауазымы;

26) сайланған мемлекеттік қызметші – сайланатын мемлекеттік лауазымды атқаратын Қазақстан Республикасының азаматы;

27) саяси мемлекеттік қызметші – Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Қазақстан Республикасының Құрылтайы, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де адамдар (органдар) лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын, мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және (немесе) іске асыруға қатысатын және оның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге саяси жауапты болатын адам;

28) төменгі лауазым – "Б" корпусының мемлекеттік органның штат кестесіне сәйкес төмен тұрған мемлекеттік лауазым болатын әкімшілік мемлекеттік лауазымы;

29) уақытша бос мемлекеттік лауазым – мемлекеттік лауазымды атқаратын мемлекеттік қызметшінің іссапарға жіберілуіне, әлеуметтік демалыста не оқуда болуына, лауазымдық өкілеттігін орындаудан уақытша шеттетілуіне, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес өзіне қатысты ұйқамақ не күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасының қолданылуына, ауруы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін еңбекке жарамсыздықтың неғұрлым ұзақ мерзімі белгіленген аурулар тізбесіне енген болса, науқастануы салдарынан оның қатарынан екі айдан астам уақыт жұмыс орнында болмауына байланысты оның болмауы кезеңіндегі осы бос мемлекеттік лауазым;

30) үстемеақы – мемлекеттік қызметшіге Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен белгіленетін лауазымдық айлықақысына ақшалай қосымша ақы;

31) штат кестесі – мемлекеттік органның ұйымдық құрылымын, құрамын және мемлекеттік лауазымдарының санын белгілейтін құжат;

32) іссапарға жіберу – мемлекеттік қызметшінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін тәртіппен басқа мемлекеттік орғанда, Қазақстан

Республикасының шет елдегі мекемесінде мемлекеттік лауазымды және өзге де ұйымда лауазымды атқаруы.

2-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінен, осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Осы Заңның күші:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарында немесе өзге де заңдарында өздері үшін өзге құқықтық мәртебе айқындалған жағдайларды қоспағанда, барлық мемлекеттік қызметшілерге;

2) құқық қорғау органдарына және азаматтық қорғау органдарына қызметке кіретін Қазақстан Республикасының азаматтарына тестілеуден өту және жеке қасиеттерін бағалау бөлігінде;

3) құқық қорғау қызметін, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметті, әскери қызметті, азаматтық қорғау органдарындағы қызметті қоса алғанда, мемлекеттік қызметтің ерекше түрлерінде қызмет өткеретін саяси мемлекеттік қызметшілерге Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ерекшеліктермен;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның саяси мемлекеттік қызметшілеріне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ерекшеліктермен;

5) мемлекеттік қызметтің кадр резервінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарына және мемлекеттік қызметке кіруге даярлықтан өтіп жатқан Қазақстан Республикасының азаматтарына осы Заңда реттелген бөлікте;

6) мемлекеттің функциялары мен міндеттерін іске асыруға жәрдемдесуді жүзеге асыратын адамдарға, сондай-ақ еңбек шарты негізінде мемлекеттік органдарда қызметін жүзеге асыратын адамдарға осы Заңда реттелген бөлікте қолданылады.

3-бап. Осы Заңның мақсаты мен міндеттері

1. Осы Заңның мақсаты – мемлекеттік қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ мемлекеттің функциялары мен міндеттерін іске асыруға жәрдемдесуге байланысты қоғамдық қатынастарды реттеу.

2. Осы Заңның міндеттері:

1) мемлекеттік қызметтің мақсатын, оның ерекшеліктерін және мемлекеттік қызмет өткеру негіздерін айқындау;

2) мемлекеттік қызметшілердің, сондай-ақ мемлекеттік қызмет саласындағы өзге де адамдардың мәртебесін, құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін, құқықтық, әлеуметтік және өзге де кепілдіктерін реттеу;

3) мемлекеттік қызметке кірудің, оны өткерудің және тоқтатудың құқықтық негіздерін белгілеу;

4) мемлекеттік қызметтің персоналын басқарудың ұйымдастырушылық негіздерін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу себептерін мониторингтеуді және талдауды жүзеге асыру тәртібін айқындау.

4-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының қағидаттары

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасы мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) заңдылық – мемлекеттік қызметшілердің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне қатаң сәйкестікте, сондай-ақ олар мүлтіксіз сақталған кезде жүзеге асырылады;

2) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы – адамның және Қазақстан Республикасы азаматының Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңдарында кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық деп танылады және олар мемлекеттік қызметшілер тарапынан сақталуға және қорғалуға тиіс;

3) есептілік, бақылауда болу және жауапкершілік – мемлекеттік қызметшілер қоғам алдында есеп береді, жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың бақылауында болады, олардың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қабылдаған шешімдерін орындауға міндетті және өздерінің қызметтік өкілеттігі шегінде өз шешімдері, әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекте жауапты болады;

4) мемлекеттік қызметке қол жеткізуге тең құқық – мемлекеттік қызметке кіру шарттарына сай болғанда Қазақстан Республикасының азаматтарына мемлекеттік қызметке қол жеткізуге тең құқық қамтамасыз етіледі;

5) рәсімдердің ашықтығы – мемлекеттік қызметке іріктеу және мансаптық ілгерілету рәсімдері ашық, объективті болуға және Қазақстан Республикасының барлық азаматы үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге тиіс;

6) меритократия – Қазақстан Республикасының азаматтарын мемлекеттік қызметке іріктеу олардың кәсіптік құзыреттері, лауазымдық міндеттерін тиімді орындауы, біліктілік талаптарына сай болуы негізінде жүзеге асырылады;

7) формальды талаптарды асыра пайдалануға тыйым салу – лауазымды адамға жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын іске асырудан бас тартуға, оларды шектеуге не тоқтатуға, сондай-ақ формальды негіздер мәселені мәні бойынша қарауға кедергі келтірмесе, талаптарды тек қана осындай негіздер бойынша белгілеуге және қоюға бағытталған әрекеттерді жүзеге асыруға тыйым салынады;

8) мемлекеттік қызметшілерді кәсіби тұрғыдан дамыту үздіксіздігі – мемлекеттік қызметшінің құзыреттерін арттыру және өздеріне жүктелген лауазымдық міндеттерді тиімді орындауды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметшілер тұрақты негізде оқытудан өтеді;

9) құқықтық және әлеуметтік қорғалу – мемлекеттік қызметшілер еңбегіне ақы төлеу кепілдіктерімен, әлеуметтік және өтемақы төлемдерімен, зейнетақымен қамсыздандырылуымен, құқықтық қорғалуымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген материалдық, әлеуметтік және құқықтық қамтамасыз етудің өзге де түрлерімен қамтамасыз етіледі;

10) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де қағидаттар.

5-бап. Мемлекеттік қызмет және оның біртұтастығы

1. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, мемлекеттің функциялары мен міндеттерінің тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың келісіп жұмыс істеу мен өзара іс-қимыл жасау тетіктерімен біріктірілген бірыңғай жүйесін құрайды.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі жүйесінің біртұтастығы мыналарға негізделеді:

1) мемлекеттің унитарлық құрылымы;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне негізделген құқықтық реттеудің бірыңғай жүйесі;

3) мемлекеттік органдардың келісіп жұмыс істеуі мен өзара іс-қимыл жасауы, олардың жауапкершілігі мен есеп беруі;

4) мемлекеттік органдардың арасындағы құзыреттер мен мемлекеттік қызметшілердің арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату;

5) лауазымдық орын ауыстыруы кезінде мемлекеттік қызметші мәртебесінің сақталуы;

6) егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көздері белгіленбесе, республикалық немесе жергілікті бюджеттер қаражатының есебінен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және (немесе) Қазақстан Республикасының

заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасында айқындалған Арнаулы мемлекеттік қордың қаражатынан қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

3. Мемлекеттік қызмет мынадай ерекше қызмет түрлерін де қамтиды:

1) Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметі туралы заңнамасына сәйкес құқық қорғау қызметі;

2) Қазақстан Республикасының әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес әскери қызмет;

3) Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдар туралы заңнамасына сәйкес арнаулы мемлекеттік органдардағы қызмет;

4) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасына сәйкес азаматтық қорғау органдарындағы қызмет;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік фельдъегерлік қызмет.

2-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ӨТКЕРУ

6-бап. Мемлекеттік қызметтің мақсаты мен ерекшеліктері

1. Мемлекеттік қызметтің мақсаты және бір уақытта оның миссиясы – Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттің функциялары мен міндеттерін іске асыру, адамның және Қазақстан Республикасы азаматының құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруды, сондай-ақ оларға мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету.

2. Мемлекеттік қызметтің мақсаты мынадай бағыттарды қамтиды:

1) Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек құқықтарының қорғалуын, еңбекті қорғауды, әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру, әлеуметтік сақтандыру, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік осал санаттарын әлеуметтік қолдау жөніндегі шараларды іске асыруды қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығының сақталуына, ауруларының профилактикасына құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету, медициналық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен ұсынылу кепілдіктерін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы азаматтарының тиімді, сапалы және қолжетімді дәрілік заттарға қажеттіліктерін қанағаттандыру;

3) Қазақстан Республикасы азаматтарының кепілдік берілген, өздері ақы төлемейтін орта білім алу құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету, барлық деңгейде сапалы

және қолжетімді білім беру, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, ғылым мен техниканы дамыту;

4) қоршаған ортаны қорғауды, елдің экологиялық қауіпсіздігін, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қалпына келтіруді, ормандарды, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқаруды және жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және пайдалануды қамтамасыз ету;

5) елдің су ресурстарын қорғауды, ұтымды пайдалануды және қалпына келтіруді қамтамасыз ету, халықтың және экономика салаларының суға қажеттіліктерін, су қорының сақталуын және суларды ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғауды қамтамасыз ету;

6) туризмді, бұқаралық және кәсіпқой спортты дамытуды, халықтың барлық тобы үшін спорттық іс-шаралардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

7) мәдениетті қолдауды және дамытуды, мемлекеттік және басқа да тілдерді, ақпараттық саланы, қоғамдық институттарды дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

8) агроөнеркәсіптік кешенді, аквашаруашылықты, тұқым шаруашылығын, дәнді дақылдар мен өсімдіктер карантинін, асыл тұқымды мал шаруашылығын, ветеринария мен ара шаруашылығын дамытуды қамтамасыз ету;

9) жер ресурстарын басқаруды, жерді ұтымды пайдалануды және қорғауды, жер қатынастарын реттеуді, жер кадастрын жүргізуді және жерлердің мониторингін жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

10) көлік саясатын іске асыруды, Қазақстан Республикасының экономикасы мен халқының тасымалдауға қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету, көліктік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын, сондай-ақ көлік инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ету;

11) өнеркәсіпті, тау-кен металлургия кешенін, машина жасауды, құрылыс индустриясын дамытуды, жер қойнауын пайдалануды, сондай-ақ тұрғын үй қатынастары мен коммуналдық шаруашылықты реттеуді қамтамасыз ету;

12) халықтың және экономика салаларының энергия мен энергетикалық ресурстарға қажеттіліктерін қанағаттандыруды, мұнай өнімдері мен газ өндірісін, газбен жабдықтауды, электр энергетикасын, жылумен жабдықтауды дамытуды, атом энергиясын пайдалануды, жаңартылатын энергия көздерін, сондай-ақ уран өндіруді дамытуды қамтамасыз ету;

13) киберқауіпсіздікті, экономиканың тиімді цифрлық трансформациясын, цифрлық инфрақұрылымды дамытуды, сондай-ақ дербес деректерді, электрондық құжатты және электрондық цифрлық қолтаңбаны қорғауды қамтамасыз ету;

14) бюджетті жоспарлау мен атқаруды, салықтық әкімшілендіруді, мемлекеттік борышты басқаруды, кеден ісі, мемлекеттік сатып алу саласындағы реттеуді, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті басқаруды қамтамасыз ету;

15) мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу мен жүргізуді, төлем жүйелерінің жұмыс істеуін, валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

16) қаржы жүйесінің тұрақтылығын, қаржы нарығын реттеу мен дамытуды, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мониторингтеуді, сондай-ақ қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

17) мемлекеттік қызмет саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру мен мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсету сапасының сақталуын бақылауды, сондай-ақ статистикалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жетілдіруді қамтамасыз ету;

18) кәсіпкерлікті, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытуды, табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеуді, бәсекелестікті қорғауды және монополистік қызметті шектеуді қамтамасыз ету;

19) сыртқы сауда қызметін, ішкі сауданы дамыту мен реттеуді, шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын дамыту мен ілгерілетуді, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;

20) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын және сыртқы экономикалық қызметін жүргізу жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру, халықаралық аренада ұлттық мүдделерді қорғауды, сондай-ақ шетелде Қазақстан Республикасы азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

21) конституциялық құрылыс негіздерін, мемлекеттік егемендікті, аумақтық тұтастықты, экономикалық, ғылыми-техникалық әлеует пен қорғаныс әлеуетін қорғауды, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуді қамтамасыз ету, үкіметтік байланысты қолдап отыру және онымен қамтамасыз ету, сондай-ақ терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл жасау;

22) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының жауынгерлік және жұмылдыру дайындығын, елдің аумақтық тұтастығы мен егемендігін қарулы қорғауды қамтамасыз ету;

23) күзетілетін адамдардың және күзетілетін объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

24) қоғамдық тәртіпті қорғауды, қылмысқа қарсы күресті, қоғамдық қауіпсіздікті, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

25) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың және олардың салдарының алдын алу мен жоюды, азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ету;

26) адамның және Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды

мүдделерін қорғауды және қалпына келтіруді, заңдылықтың бұзылуын, оған ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарын анықтау мен жоюды қамтамасыз ету;

27) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыруды және іске асыруды, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді қамтамасыз ету;

28) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимылды қамтамасыз ету;

29) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де бағыттар.

3. Мемлекеттік қызметтің еңбек қызметінің өзге түрлерінен ажыратылатын ерекшеліктері:

1) мемлекеттік қызметшілердің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген қосымша құқықтарды, міндеттерді, жеңілдіктерді, кепілдіктерді және шектеулерді көздейтін ерекше құқықтық мәртебесі;

2) мемлекеттік қызметке кірудің, оны өткерудің және тоқтатудың ерекше шарттары мен тәртібі;

3) мемлекеттің функциялары мен міндеттерін іске асыруға, мемлекет пен қоғамның мүдделерін қорғауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес адамның және Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқаруды қамтитын мемлекеттік қызметшілер қызметінің жария-құқықтық сипаты.

7-бап. Мемлекеттік қызметті өткеру негізі

Мемлекеттік қызметті өткеру мемлекеттік саясатқа бейілділікке, қоғамның мемлекеттік қызметке сеніміне және мемлекеттік қызметшінің өзі берген антқа адал болуына негізделеді.

Мемлекеттік қызметті өткеру мемлекеттік қызметшіге қазақстандық патриотизм, кәсібилік, клиентке бағдарлану, ашықтық, әдептілік және мінсіз бедел, сондай-ақ құқық бұзушылықтарға және мүдделер қақтығысына төзбеушілік талаптарын қояды.

8-бап. Қазақстандық патриотизм

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының азаматтары жүктелген лауазымдық міндеттерді адал орындаудан, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болатын халыққа қызмет етуден, Қазақстан Республикасының

конституциялық құрылысының негіздері мен ұлттық мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуден, сондай-ақ мемлекеттік қызмет мүдделеріне нұқсан келтіретін іс-әрекеттердің жолын кесуден көрінетін қазақстандық патриотизм негізінде жүзеге асырады.

9-бап. Кәсібилік

1. Мемлекеттік қызметшінің кәсібилігі оның білімімен, лауазымдық міндеттерді тиісінше атқару үшін қажетті құзыреттерінің болуымен, біліктілік талаптарында белгіленген жағдайда жұмыс тәжірибесімен, сондай-ақ лауазымдық міндеттерді атқару тиімділігімен айқындалады.

2. Лауазымдық міндеттерді атқару тиімділігі Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мақсаттарға, мемлекеттік органдардың қызметі тиімділігінің көрсеткіштеріне, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген көрсеткіштерге қол жеткізуді, лауазымдық міндеттерді, жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың тапсырмалары мен актілерін уақтылы және тиісінше орындауды қамтиды.

3. Мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткер кандидаттың біліктілігі мен құзыреттері нақты мемлекеттік лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігімен расталады.

4. Лауазымдық міндеттерді атқару тиімділігін бағалау осы Заңға және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

10-бап. Клиентке бағдарлану

1. Клиентке бағдарлану мемлекеттік қызметшінің қызметін ұйымдастыруға және лауазымдық мінез-құлқына қойылатын, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері ескеріле отырып, олармен тиімді өзара іс-қимыл жасау үшін қажетті жағдайлар жасауға бағытталған талаптар жиынтығын қамтиды.

2. Мемлекеттік қызметші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жолданымдарын қарауға және өзінің лауазымдық өкілеттігі шегінде оларға толық әрі жан-жақты жауап ұсынуға міндетті.

3. Мемлекеттік қызметші жеке және (немесе) заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруды, оның ішінде:

1) егер олардың құқықтары туындаған кезді айқындау мүмкін болса және оның келісімі болғанда, олардың жолданымынсыз;

2) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өзара байланысты бірнеше құқығын бір уақытта іске асыруды қамтамасыз ету мүмкін болған жағдайда, бір жолданым негізінде ;

3) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, жеке тұлғалардың тұрғылықты жеріне немесе заңды тұлғалардың орналасқан жеріне қарамастан;

4) өтініш берушіге жолданымда және қоса берілген құжаттарда жол берілген кателерді, дәлсіздіктерді немесе сәйкессіздіктерді жою, сондай-ақ жеткіліксіз құжаттарды не қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсыну Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актісінде көзделген болса, оларды ұсыну мүмкіндігін беру арқылы жолданымды формальды негіздер бойынша қараудан бас тартуға жол бермей қамтамасыз етуге бағытталған, мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

4. Жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік қызметші мемлекеттік органның қызметін үздіксіз жетілдіру, оның ішінде:

1) мемлекеттік функцияларды атқару мерзімдері мен кезеңдерін, сұратылатын құжаттардың көлемін қысқартуды қоса алғанда, оларды оңтайландыру және автоматтандыру бойынша ұсыныстар енгізу;

2) төрешілдік және сөзбұйдалық көріністеріне ықпал ететін себептер мен жағдайларды, оның ішінде мемлекеттік функцияларды тиімді атқаруға және (немесе) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға кедергі келтіретін әкімшілік, цифрлық және құқықтық кедергілерді, артық және қайталанатын талаптарды айқындау және жою шараларын қабылдайды.

5. Мемлекеттік қызметшінің клиентке бағдарлануы оның лауазымдық өкілеттігін жүзеге асыруы кезінде, оның ішінде мемлекеттік қызметтерді көрсету, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, цифрлық жүйелерді қалыптастыру және дамыту кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік қызметші жеке және (немесе) заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасаған кезде өздерінің лауазымдық өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексіне сәйкес клиентке бағдарлануды көрсетеді.

11-бап. Ашықтық

1. Мемлекеттік қызметші қызметінің ашықтығы Қазақстан Республикасының Конституциясында, "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуді қамтиды.

Қол жеткізу шектелген ақпаратты қоспағанда, мемлекеттік қызметші мемлекеттік лауазымға жүктелген лауазымдық өкілеттік шегінде өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қызметшінің өз лауазымдық өкілеттігін жүзеге асыру кезінде формальды негіздер бойынша бас тартуды қоса алғанда, жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ақпарат беруден негізсіз бас тартуға, ақпарат беруді негізсіз кідіртуге, сондай-ақ анық емес және (немесе) толық емес ақпарат берілуіне жол беруге құқығы жоқ.

Жеке және (немесе) заңды тұлғаларға ақпарат беруден бас тарту Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда және негіздерде жүзеге асырылады.

Егер сұрау салулар мемлекеттік қызметшінің лауазымдық өкілеттігін жүзеге асырумен немесе жария сөз сөйлеудің және (немесе) қоғамдық іс-шараның күн тәртібі тақырыбына байланысты болмаса, әдепсіз немесе қорлау сипатындағы мәселелерді қамтыса не оның жеке өмірін қозғаса, осындай сұрау салулар бойынша ақпарат беруден бас тартуға құқылы.

3. Анонимді жолданымдарда дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар не мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке қатер жөнінде мәліметтер қамтылған, құзыретіне сәйкес оларды қарауға уәкілетті мемлекеттік органдарға дереу қайта жіберілуге тиіс жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қызметші оларды қарамауға құқылы.

12-бап. Әдептілік, мінсіз бедел

1. Мемлекеттік қызметші қызметтік әдепті сақтауға, мінсіз беделді ұстануға, жағымсыз қоғамдық резонанс туғызуға немесе мемлекеттік қызметке кір келтіретін әрекеттер мен мінез-құлықтан тартынуға міндетті.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Мемлекеттік қызметшінің қызметтік әдепті бұзуы осы Заңда белгіленген тәртіптік жауаптылыққа, атқаратын мемлекеттік лауазымынан шығаруға дейін алып келеді.

2. Мемлекеттік қызметшінің, мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткер адамның мінсіз беделі мемлекеттік қызметке кіруге және оны өткеруге кедергі келтіретін мән-жайлардың болмауына байланысты жеке, әдептік және кәсіби қасиеттер жиынтығын қамтиды.

Мемлекеттік қызметші немесе мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткер адам мемлекеттік қызметке қабылдаудан бас тартуға негіздер не мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны немесе қызметтік әдепті сақтамағаны үшін алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде мінсіз беделі бар адам болып саналмайды.

13-бап. Құқық бұзушылықтар мен мүдделер қақтығысына төзбеушілік

1. Мемлекеттік қызметші Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін сақтауға, жеке және (немесе) заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеуге, сондай-ақ лауазымдық өкілеттігін атқаруы кезінде өзіне мәлім болған құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлауға міндетті.

Мемлекеттік қызметші сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы іс-қимыл жасауға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауға және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шараларды қабылдауға міндетті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін (көрсеткен) мемлекеттік қызметшіге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекет кепілдік беретін қорғау шаралары ұсынылады.

Анонимдік айыптау жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік қызметшіге сыбайлас жемқорлық жасады деп жариялы түрде айып тағылған жағдайда, ол осындай айыптау анықталған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөніндегі шараларды қабылдауға және (немесе) оны сот тәртібімен даулауға міндетті.

Мемлекеттік орган басшылығы ақпаратты алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, оны осындай бұзушылықтар жасауға итермелеу жағдайлары туралы өтініш бойынша, оның ішінде тексерулер ұйымдастыру және уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен уәкілетті органдарға жолданымдар жіберу арқылы шаралар қабылдауға міндетті.

2. Мемлекеттік қызметшіге "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүдделер қақтығысы болса, лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыруға тыйым салынады.

Мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

14-бап. Мемлекеттік қызметті өткеруге байланысты шектеулер

1. Мемлекеттік қызметшіге, мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқаратын адамға:

1) өкілді органның депутаты болуға;

2) өзі қызмет ететін мемлекеттік органда не осы мемлекеттік органға тікелей бағынысты немесе оның бақылауындағы ұйымда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болуға;

3) өзінің қызмет бабындағы жұмысын материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа мемлекеттік мүлікті және қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;

4) ереуілді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге қатысуға;

5) лауазымдық өкілеттігін атқаруына байланысты жеке және (немесе) заңды тұлғалардың көрсетілетін қызметтерін жеке мақсаттарында пайдалануға;

6) оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен, резервтегі әскери қызметті өткеруден бөлек, ақы төленетін басқа қызметпен айналысуға тыйым салынады.

Сайлауды дайындау және өткізу кезеңінде сайлау комиссияларының мүшелері болатын мемлекеттік қызметшілердің үстеме жұмысына, мереке және демалыс күндеріндегі жұмысына, түнгі уақытындағы еңбегіне ақы төлеу сайлау өткізуге бөлінген қаражат есебінен жүзеге асырылады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдық міндеттері болатын не осы тармақтың 9) тармақшасында көрсетілген акцияларды басқару үшін қажет болатын не саяси партияны, кәсіптік одақты, тұтыну немесе тұрғын үй-құрылыс кооперативін басқаруға өтеусіз негізде қатысу болатын жағдайларды қоспағанда, коммерциялық немесе коммерциялық емес ұйымды басқаруға қатысуға;

8) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;

9) ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, облигацияларды, коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін акциялары жалпы санының бес пайызынан аспайтын көлемдегі жай акцияларды) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сатып алуды және (немесе) өткізуді қоспағанда, бағалы қағаздарды сатып алуға тыйым салынады.

2. Мемлекеттік қызметшіге "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жақын туыстарымен, жұбайларымен (зайыптарымен) немесе жекжаттарымен бірге мемлекеттік қызмет (жұмыс) істеуіне жол берілмейді.

3. Мемлекеттік органдарда саяси партиялардың ұйымдарын құруға жол берілмейді.

Мемлекеттік қызметші лауазымдық өкілеттігін атқару кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын басшылыққа алады және саяси партиялардың, діни және қоғамдық бірлестіктердің және олардың органдарының шешімдеріне байланысты болмайды.

Мемлекеттік қызметші олардың қызметінен бейтарап және тәуелсіз болуға міндетті.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы және оның орынбасарлары, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Төрағасы және оның орынбасарлары:

1) көрсетілген мемлекеттік лауазымдарға тағайындалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде инвестициялық қорлардың өздеріне тиесілі пайларын, облигацияларды, коммерциялық ұйымдардың акцияларын сенімгерлік басқаруға беруге және сенімгерлік басқару шартының нотариат куәландырған көшірмесін жұмыс орны бойынша персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) ұсынуға міндетті;

2) инвестициялық қорлардың пайларын, облигацияларды, коммерциялық ұйымдардың акцияларын сатып алуға құқылы емес.

5. Мемлекеттік қызметші, мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқаратын адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға орналасқан күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, өздеріне заңды түрде тиесілі ақшаны, облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін акциялары жалпы санының бес пайызынан аспайтын көлемдегі жай акцияларды), цифрлық активтерді, сондай-ақ мүліктік жалдауға (жалға) берілген мүлікті қоспағанда, өздеріне меншік құқығымен немесе өзге де заттай құқығымен тиесілі, пайдаланылуы кіріс алуға алып келетін мүлікті мемлекеттік қызметті өткеру уақытында сенімгерлік басқаруға беруге және көрсетілген мерзімде жұмыс орны бойынша персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) мүлікті сенімгерлік басқару шартының нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті.

Мемлекеттік қызметке кірген кезде шаруашылық немесе фермерлік қожалық мүшесі не дара кәсіпкер мемлекеттік лауазымға орналасқан күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімде кәсіпкерлік қызметін тоқтату және (немесе) мүлкін иеліктен шығару шараларын қабылдауға міндетті. Көрсетілген іс-әрекеттер аяқталғанға дейін ол кәсіпкерлік қызметпен айналысуға және өзіне тиесілі мүлкін басқаруға қатысуға құқылы емес. Қызметті тоқтату және (немесе) мүлікті иеліктен шығару персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) ұсынылатын құжаттармен расталады.

Осы тармақта көрсетілген шараларды қабылдамау мемлекеттік лауазымнан шығаруға алып келеді.

6. Мемлекеттік қызметші, мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқаратын адам сенімгерлік басқаруға берілген мүліктен түсетін кірісті алуға құқығы бар.

Мемлекеттік қызметші, мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқаратын адам өздеріне меншік құқығымен тиесілі тұрғынжайды мүліктік жалдауға (жалға) беруге және осындай жалға беруден кіріс алуға, сондай-ақ сенімгерлік басқаруға берілген мүліктен және басқа да заңды көздерден кіріс алуға құқылы.

7. Мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқаратын адамдардың мүлкін сенімгерлік басқаруға беру тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

8. Мемлекеттік қызметші, сондай-ақ мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқаратын адам мемлекеттік лауазымға кіріскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде өзін құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысудан "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен өз бетінше шектеуге міндетті.

9. Мемлекеттік қызметші, мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқаратын адам қабылдайтын, мемлекеттік қызметте болуына байланысты шектеулер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер осы Заңда, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленеді.

3-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

15-бап. Мемлекеттік қызметшінің мәртебесі

1. Мемлекеттік қызметшінің мәртебесі осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген, мемлекеттік қызметте болуына байланысты шектеулері бар Қазақстан Республикасының азаматы ретінде мемлекеттік қызметшінің жалпы құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет ерекшеліктеріне негізделген құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін қамтиды.

Мемлекеттік қызметшінің құқықтары мен бостандықтарын шектеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген қосымша құқықтармен және кепілдіктермен өтеледі.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік лауазымға тағайындалған немесе сайланған кезден бастап мемлекеттік қызметші мәртебесіне ие болады және мемлекеттік қызметі тоқтатқан кезден бастап одан айырылады.

16-бап. Мемлекеттік қызметшінің негізгі құқықтары

Мемлекеттік қызметшінің:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңдарында кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық және әлеуметтік қорғалуға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген кепілдіктер мен өтемақыларға;

4) зейнетақымен қамсыздандырылуға және әлеуметтік қамсыздандырудың өзге де түрлеріне;

5) жеке қадір-қасиетінің құрметтелуіне, өзіне мемлекеттік қызметшілердің және жеке тұлғалардың әділ әрі құрметпен қарауына;

6) еңбегінің қорғалуына, денсаулығының сақталуына, қауіпсіз және тиімді жұмыс істеу үшін қажетті еңбек жағдайларына;

7) өзінің тікелей басшысынан өзі атқарып отырған мемлекеттік лауазымына сәйкес міндеттерді және лауазымдық өкілеттік көлемін дәл айқындап беруді талап етуге;

8) лауазымдық өкілеттігін атқару үшін қажетті ақпарат пен материалдарды белгіленген тәртіппен алуға;

9) өзінің лауазымдық өкілеттігі шегінде мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға қатысуға, тиісті лауазымды адамдардың, жеке және заңды тұлғалардың оларды орындауын талап етуге;

10) өзінің лауазымдық өкілеттігін атқару үшін белгіленген тәртіппен ұйымдарға баруға;

11) өзінің мемлекеттік қызметті өткеруіне қатысты материалдармен кедергісіз танысуға және қажет болған жағдайларда жеке түсініктемелер беруге;

12) мемлекеттік қызметшінің пікірінше негізсіз айып тағылған жағдайда қызметтік тергеп-тексеру жүргізуді талап етуге;

13) жұмыс тиімділігіне, кәсіптік тәжірибесіне және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де негіздерге байланысты ынталандыруға және еңбегіне ақы төлеуге;

14) егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көздері белгіленбесе, тиісті бюджет қаражаты не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражаты есебінен даярлануға, қайта даярлануға және біліктілігін арттыруға;

15) лауазымдық орын ауыстыруға және мемлекеттік қызмет бабында ілгерілеуге;

16) осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қызметтен өз еркімен шығуға;

17) жасанды интеллект технологияларына негізделген цифрлық жүйелерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға құқығы бар.

Мемлекеттік қызметшінің өзге де құқықтары осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленеді.

17-бап. Мемлекеттік қызметшінің негізгі міндеттері

Мемлекеттік қызметші:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен ант қабылдауға және оны сақтауға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар мен шектеулерді сақтауға;

4) қызметтік тәртіпті сақтауға;

5) өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді адал және кәсіби тұрғыдан орындауға;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекте өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге;

- 7) осы Заңда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде белгіленген қызметтік әдепті, мінсіз беделге қойылатын талаптарды сақтауға;
- 8) өз қызметін клиентке бағдарлану негізінде жүзеге асыруға;
- 9) мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға;
- 10) құқық бұзушылықтардың жасалуына жол бермеуге, қарамағындағы мемлекеттік қызметшілер мен қарамағындағы өзге де адамдар тарапынан жасалатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға;
- 11) өздерінің лауазымдық өкілеттігі шегінде шығарған мемлекеттік органдар басшыларының бұйрықтары мен өкімдерін, жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен нұсқамаларын орындауға;
- 12) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз етуге, олардың жолданымдарын қарауға және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімде олар бойынша қажетті шаралар қабылдауға;
- 13) мемлекеттік құпияларды және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны, оның ішінде мемлекеттік қызмет тоқтатылғаннан кейін, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген уақыт ішінде сақтауға;
- 14) лауазымдық өкілеттігін атқару кезінде алатын, адамның және азаматтың жеке өмірін, ар-намысы мен қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді жария етпеуге, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, олардан мұндай ақпарат беруді талап етпеуге;
- 15) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті қызметтік мақсатта ғана пайдалануға;
- 16) мемлекеттік органның цифрлық ресурстарымен жұмыс істеу кезінде киберқауіпсіздікті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамтамасыз етуге;
- 17) мемлекеттік қызметтің имиджі мен мүдделеріне нұқсан келтіретін жария сөз сөйлеуге жол бермеуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің өзге де міндеттері осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тарау 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі - осы Заңның 90-б. қараңыз.

4-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ КІРУГЕ ДАЯРЛАУ

18-бап. Мемлекеттік қызметке кіруге даярлау

1. Қазақстан Республикасының азаматтарын мемлекеттік қызметке кіруге даярлау Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруі мен оны өткеруі

үшін қажетті кәсіптік және жеке құзыреттерін дамытуға бағытталған білім беру және оқу-тәрбие іс-шаралары кешенін қамтиды және:

- 1) ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде төменгі лауазымдарға орналасуға даярлауды;
- 2) басшы лауазымдарға орналасуға даярлауды көздейді.

2. Мемлекеттік қызметке кіруге даярлау үшін Қазақстан Республикасының азаматтарын іріктеу, мемлекеттік қызметке кіруге даярлауды ұйымдастыру және одан өту тәртібі уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік қызметке кіруге даярлау қағидаларында айқындалады.

3. Ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде төменгі лауазымдарға орналасу үшін даярлықтан не басшы лауазымдарға орналасу үшін даярлықтан өтіп жатқан Қазақстан Республикасының азаматымен оқыту шарты жасалады, онда даярлық аяқталғаннан кейін жұмыспен өтеу, сондай-ақ мемлекеттік қызметке қабылдаудан бас тартуға негіз болатын фактілерге жол бермеу жөніндегі міндеттемелер көзделеді.

Оқыту шартының нысаны, оны жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату тәртібі білім беру ұйымдары бекіткен оқуға қабылдау қағидаларында айқындалады.

Он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адамдармен оқыту шарты жасалған жағдайда, ата-аналарының, асырап алушыларының, қорғаншыларының немесе қамқоршыларының келісімі қажет.

4. Ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде төменгі лауазымдарға орналасу үшін даярлықты аяқтаған Қазақстан Республикасының азаматы уәкілетті органмен келісу бойынша ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындайтын және оқыту шартында белгіленген тәртіппен оқу аяқталған күннен бастап үш жыл ішінде мемлекеттік қызметте жұмыспен өтеуге міндетті.

5. Басшы лауазымдарға орналасу үшін даярлықты аяқтаған Қазақстан Республикасының азаматы оқу аяқталған күннен бастап үш жыл ішінде мемлекеттік қызметке кіруге даярлау қағидаларында айқындалатын және оқыту шартында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметте жұмыспен өтеуге міндетті.

6. Ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде төменгі лауазымдарға орналасу үшін даярлықты, басшы лауазымдарға орналасу үшін даярлықты аяқтаған Қазақстан Республикасының азаматы оқуға арналған бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды жұмыспен өтеу міндеттемелерін орындамаған кезде, оның ішінде мемлекеттік қызметке қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылатын фактілердің болуына байланысты нақты жұмыспен өтелген кезеңге мөлшерлес өтеуге міндетті.

Ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде төменгі лауазымдарға орналасу үшін даярлықты аяқтаған адамдар үшін жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттемелерді тоқтата тұру және мерзімінен бұрын тоқтату негіздері, тәртібі Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасында айқындалады.

Басшы лауазымдарға орналасу үшін даярлықты аяқтаған Қазақстан Республикасының азаматтары үшін жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттемелерді тоқтата

тұру және мерзімінен бұрын тоқтату негіздері, тәртібі мемлекеттік қызметке кіруге даярлау қағидаларында айқындалады.

19-бап. Төменгі лауазымдарға орналасу үшін даярлау

1. Ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде төменгі лауазымдарға орналасу үшін даярлау лауазымдық міндеттерді тиімді атқаруға қажетті, мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік құзыреттері мен дағдыларын қалыптастыруға, мемлекеттік қызметте қазақстандық патриотизмді нығайтуға, құқықтық мәдениетті дамытуға және қызметтік әдепті сақтауға бағытталған оқытуды көздейді.

2. Білім беру гранты шеңберінде төменгі лауазымдарға орналасу үшін мамандар даярлаудың басым бағыттарының тізбесін уәкілетті орган ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кадрларға қажеттілікті көздейтін стратегиялық және бағдарламалық құжаттар негізінде жыл сайын қалыптастырады.

Білім беру гранттары Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес даярлаудың өзге де бағыттары бойынша бөлінуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының азаматы ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде төменгі лауазымдарға орналасу үшін даярлыққа қатысатын адам мәртебесіне жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға қабылданған күннен бастап ие болады және оны мемлекеттік қызметке кіруге даярлау қағидаларына сәйкес оқу аяқталған немесе тоқтатылған күннен бастап жоғалтады.

Қазақстан Республикасының азаматы осы Заңның 21-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 1), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18) және 19) тармақшаларында көзделген жағдайларда ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде төменгі лауазымдарға орналасу үшін даярлауға жіберілмейді.

4. Ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде төменгі лауазымдарға орналасу үшін даярлыққа қатысатын адам оқу кезеңінде мемлекеттік қызметке қабылдаудан бас тартуға негіз болатын фактілерге жол бермеу туралы міндеттемелерді қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген міндеттемелерді сақтамау Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен оқуды тоқтатуға және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан шығаруға алып келеді.

5. Ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде төменгі лауазымдарға орналасу үшін даярлықты аяқтаған Қазақстан Республикасының азаматы оқу аяқталған күннен бастап екі жыл ішінде, мемлекеттік қызметке кіруге даярлау қағидаларында айқындалатын тәртіппен уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша конкурс өткізілмей, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарда төменгі лауазымға орналаса алады.

20-бап. Басшы лауазымдарға орналасу үшін даярлау

1. Басшы лауазымдарға орналасу үшін даярлау мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде магистратура бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында оқытуды көздейді.

2. Басшы лауазымдарға орналасу үшін даярлау шеңберінде ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде төменгі лауазымдарға орналасу үшін даярлықты аяқтаған және даярлық аяқталғаннан кейін мемлекеттік қызметте жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындаған Қазақстан Республикасының азаматы оқуға қабылдануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының азаматы осы Заңның 21-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларда басшы лауазымдарға орналасу үшін даярлауға жіберілмейді.

3. Қазақстан Республикасының азаматы басшы лауазымдарға орналасу үшін даярлыққа қатысатын адам мәртебесіне оқуға қабылданған күннен бастап ие болады және оны оқу аяқталған не тоқтатылған күннен бастап мемлекеттік қызметке кіруге даярлау қағидаларында белгіленген тәртіппен жоғалтады.

4. Басшы лауазымдарға орналасу үшін даярлыққа қатысатын адам оқыту кезеңінде қызметтік әдепті сақтау және мемлекеттік қызметке қабылдаудан бас тартуға негіз болатын фактілерге жол бермеу жөніндегі міндеттемелерді қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген міндеттемелерді сақтамау оқуды тоқтатуға және бюджет қаражаты есебінен оқуға жұмсалған шығыстарды өтеуге алып келеді.

5. Осы баптың 2-тармағында аталған, басшы лауазымдарға орналасу үшін даярлықты аяқтаған Қазақстан Республикасының азаматы, сайланатын мемлекеттік лауазымдарды қоспағанда, уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен орталық мемлекеттік органдарда және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарда басшы лауазымға орналаса алады.

5-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ КІРУ

21-бап. Мемлекеттік қызметке кіру шарттары

1. Мемлекеттік қызметке мінсіз беделі бар, біліктілік талаптарына сай болатын, өздерінің жеке және кәсіби қасиеттері, білім деңгейі бойынша өздеріне жүктелген лауазымдық міндеттерді орындауға қабілетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасқа толмаған Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Мемлекеттік қызметке кіретін Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекеттік қызметте болуына байланысты шектеулерді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген, жасына байланысты шектеу лауазымдық өкілеттік мерзімдері Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған саяси мемлекеттік лауазымдарға қолданылмайды.

Осы бапта көзделмеген өзге де жағдайларда Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматын саяси мемлекеттік лауазымға Қазақстан Республикасының Президенті ғана тағайындауы мүмкін.

Әскери лауазымдарға және құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың және азаматтық қорғау органдарының лауазымдарына орналасуға үміткер Қазақстан Республикасының азаматтарына жасына байланысты қойылатын шектеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

2. Мемлекеттік қызметке:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту, одан айырылу не шығу салдарынан Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

2) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында тиісті мемлекеттік лауазымдарға қатысты өзге талаптар белгіленбесе, он сегіз жасқа толмаған;

3) осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес біліктілік талаптарына сай келмейтін;

4) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;

5) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылығы (ауруы) бар адамдарға психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған не лауазымдық өкілеттігін орындауға кедергі келтіретін аурулардың тізбесіне, сондай-ақ мемлекеттік лауазымдарға орналасу үшін денсаулық жағдайына қойылатын, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін талаптарға сәйкес медициналық мекеменің қорытындысы негізінде лауазымдық өкілеттігін орындауға кедергі келтіретін ауруы бар;

6) осы Заңда, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген шектеулерді қабылдаудан бас тартқан;

7) мемлекеттік қызметке кіру уақытына қарай Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар;

8) сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдарға орналасу құқығынан айырған;

9) мемлекеттік қызметке кірер алдындағы екі жыл ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыстан шығарылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметке кірер алдындағы бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді немесе қызметтік әдепті сақтамағаны үшін жұмыстан шығарылған;

10) мемлекеттік қызметке кірер алдындағы екі жыл ішінде құқық қорғау қызметінен, әскери қызметтен, арнаулы мемлекеттік органдардан, азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтен теріс себептермен шығарылған, сондай-ақ теріс себептермен судьяның өкілеттігін тоқтатқан Қазақстан Республикасының азаматы қабылданбайды.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінің күші:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның кәсіптік жарамсыздыққа байланысты атқаратын лауазымына сай келмеуі туралы шешімінің негізінде судья өкілеттігін тоқтатқан;

қатарынан үш және одан да көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметте болмауына байланысты жұмыстан шығарылған адамға қолданылмайды;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11) тармақша 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі - осы Заңның 90-б. қараңыз.

11) мемлекеттік қызметке кірер алдындағы екі жыл ішінде атқаратын лауазымынан шығарылған немесе босатылған, сол сияқты Қазақстан Республикасының азаматы шығыстарының оның кірістеріне сәйкес келмеуіне байланысты "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өкілеттігін тоқтатқан;

12) мемлекеттік қызметке кірер алдындағы екі жыл ішінде сенімнен айырылуына байланысты саяси мемлекеттік лауазымнан шығарылған;

13) активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсынбаған адамды жұмысқа қабылдағаны үшін мемлекеттік қызметші ретінде алғаш рет әкімшілік жауаптылыққа тартылған жағдайды қоспағанда, мемлекеттік қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін оған әкімшілік жаза қолданылған;

14) мемлекеттік қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін өзіне қатысты соттың айыптау үкімі шығарылған немесе мемлекеттік қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

15) мемлекеттік қызметке кірер алдындағы бес жыл ішінде онша ауыр емес қылмыс жасағаны үшін өзіне қатысты соттың айыптау үкімі шығарылған немесе мемлекеттік қызметке кірер алдындағы бес жыл ішінде онша ауыр емес қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

16) мемлекеттік қызметке кірер алдындағы сегіз жыл ішінде ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін өзіне қатысты соттың айыптау үкімі шығарылған немесе

мемлекеттік қызметке кірер алдындағы сегіз жыл ішінде ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған (бұл ретте жеке адамға, отбасына және кәмелетке толмағандарға, бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне, конституциялық құрылыс негіздеріне және мемлекет қауіпсіздігіне, меншікке, коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке, халық денсаулығы мен адамгершілікке, мемлекеттік қызмет мүдделеріне және мемлекеттік басқаруға, басқару тәртібіне, сот төрелігіне және жазаларды орындау тәртібіне, конституциялық іс жүргізуге қарсы ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін, сондай-ақ экономикалық қызмет саласында ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін сотталғандығы бар немесе болған немесе қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған Қазақстан Республикасының азаматы мемлекеттік қызметке қабылданбайды);

17) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;

18) ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бұрын сотталған немесе қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

19) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда, Қазақстан Республикасының азаматы қабылданбайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жағдайлардың кез келгенінің болуы мемлекеттік қызметке қабылдаудан бас тартуға негіз болады.

3. Басшы лауазымға орналасу үшін осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген шектеулердің мерзімі үш жылға ұлғайтылады.

4. Сайланатын мемлекеттік лауазымға орналасу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары осы Заңның, "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сай болуға тиіс.

5. Қазақстан Республикасының азаматтарын құқық қорғау қызметіне, әскери қызметке, азаматтық қорғау органдарындағы қызметке, мемлекеттік фельдъегерлік қызметке, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметке қабылдаудағы шектеулер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

6. Осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтерді ұсынбау немесе қасақана бұрмалау мемлекеттік қызметке қабылдаудан бас тартуға, мемлекеттік қызметті тоқтатуға негіз болады.

7. Мемлекеттік қызметке кіретін Қазақстан Республикасының азаматтары мен олардың жұбайы (зайыбы) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны мемлекеттік кіріс органдарына ұсынады.

Мемлекеттік қызметке кірген Қазақстан Республикасының азаматтары мен олардың жұбайлары (зайыптары) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде жеке тұлғалардың декларацияларын мемлекеттік кірістер органдарына ұсынуға міндетті.

8. Мыналарды:

1) құқық қорғау органдарының және азаматтық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға түсетін;

2) қатардағы және кіші басшы құрамдардың лауазымдарына алғашқы кәсіптік даярлауға түсетін;

3) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 8-тармағында, 7-бабының 3-тармағында және 7-1-бабының 1-тармағында көзделген адамдарды қоспағанда, құқық қорғау органдарындағы және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін Қазақстан Республикасының азаматтары уәкілетті органда тестілеуден, оның ішінде жеке қасиеттерін бағалаудан өтеді.

Құқық қорғау қызметіне және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін Қазақстан Республикасының азаматтарын тестілеу тәртібі мен бағдарламаларын құқық қорғау органдарымен және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган айқындайды.

22-бап. Арнайы тексеру

1. Осы баптың 2 және 5-тармақтарында аталған адамдарды қоспағанда, мемлекеттік қызметке алғаш рет кіретін немесе мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін оған қайтадан кіретін Қазақстан Республикасының азаматтары осы Заңға және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметке кіру шарттарына сәйкестігі тұрғысынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізетін міндетті арнайы тексерудің оң нәтижелерін алуы қажет.

Мемлекеттік орган мемлекеттік қызметке алғаш рет кіретін немесе мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін оған қайтадан кіретін Қазақстан Республикасының

азаматтарын лауазымға қабылдаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде олардың құжаттарын міндетті арнайы тексеру жүргізу үшін Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына жібереді.

2. Мемлекеттік қызметші лауазымдық орын ауыстыруы кезінде басқа мемлекеттік лауазымға орналасқан жағдайда, ол мемлекеттік қызметке қайта кірген болып есептелмейді.

3. Мемлекеттік лауазымдарға кандидаттарды міндетті арнайы тексеру үш ай ішінде жүргізіледі.

Сайланатын мемлекеттік лауазымдарға кандидаттарды арнайы тексеру Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына қажетті құжаттар келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын не Қазақстан Республикасының Құрылтайы сайлайтын саяси мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, осы Заңға сәйкес мемлекеттік қызметке кіретін Қазақстан Республикасының азаматтары, міндетті арнайы тексерудің нәтижелері алынған күнге дейін мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқарады.

Олармен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

Міндетті арнайы тексеру жүргізу кезеңінде Қазақстан Республикасының осындай азаматтарына мемлекеттік қызметшілердің міндеттері мен жауапкершілігі, мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулер бөлігінде осы Заңның ережелері қолданылады. Қазақстан Республикасының осындай азаматтарының құқықтары еңбек шартында айқындалады.

Жұмысқа қабылдау мемлекеттік органның актісімен ресімделеді.

Мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқару кезеңі мемлекеттік қызмет өтіліне қосылады.

Міндетті арнайы тексерудің теріс нәтижесі алынған жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматтарымен еңбек қатынастары тоқтатылады.

5. Мемлекеттік қызмет теріс себептермен, қызметті бағалау не аттестаттау нәтижесі бойынша тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қызметті тоқтатқан және үш ай ішінде мемлекеттік қызметке қайтадан кірген Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты міндетті арнайы тексеруден өту, кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну талаптары, егер көрсетілген үш ай ішінде олар жеке және (немесе) заңды тұлғалармен еңбек қатынастарында тұрмаса, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шықпаса, қолданылмайды.

23-бап. Мемлекеттік лауазымдарды сыныптау және біліктілік талаптары

1. Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік лауазымдары Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және

Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қалыптастырылады.

2. Әкімшілік мемлекеттік қызметшілер үшін әкімшілік мемлекеттік лауазым санаттары белгіленеді. Саяси мемлекеттік қызметшілер үшін мемлекеттік лауазым санаттары белгіленбейді.

Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің басшы құрамы мен атқарушылық құрамының арақатынасын айқындау қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.

3. Саяси, сайланатын және әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімін уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

4. "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары мемлекеттік орган мен оның құрылымдық бөлімшелері қызметінің негізгі бағыттары, әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық өкілеттігі ескеріле отырып әзірленеді.

"Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын мемлекеттік лауазымдарға тағайындау құқығы бар лауазымды адам (орган) әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға қойылатын үлгілік біліктілік талаптары негізінде уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісу бойынша бекітеді.

"Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптарын уәкілетті орган бекітеді.

"Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және келісу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

5. Жекелеген саяси мемлекеттік лауазымдарға Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен біліктілік талаптары белгіленуі мүмкін.

6. "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына қойылатын арнаулы біліктілік талаптарын уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

7. Сайланатын мемлекеттік лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Біліктілік талаптарына сәйкестікті тиісті аумақтық сайлау комиссиясы ұсынған құжаттардың негізінде уәкілетті орган белгілейді.

Сайланатын мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткер Қазақстан Республикасының азаматы біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру үшін тиісті аумақтық сайлау комиссиясына қажетті құжаттарды ұсынады, олардың тізбесін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен бірлесіп белгілейді.

8. Құқық қорғау органдарындағы және азаматтық қорғау органдарындағы мемлекеттік лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

9. Дипломатиялық қызметтің мемлекеттік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

24-бап. Мемлекеттік қызметтің кадр резерві

1. Мемлекеттік қызметтің кадр резервіне Президенттік жастар кадр резервіне, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың өңірлік жастар кадр резервіне алынған Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Қазақстан Республикасының азаматтары кандидаттарды мемлекеттік қызметтің кадр резервіне алу туралы шешім шығарылған күннен бастап резервтегі адам мәртебесіне ие болады және оны Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметтің кадр резервінен шығарылған күннен бастап жоғалтады.

2. Президенттік жастар кадр резервіне, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың өңірлік жастар кадр резервіне алынған Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекеттік лауазымдарға осы Заңда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген тәртіппен конкурс өткізілмей тағайындалуы мүмкін.

Президенттік жастар кадр резервіне алынған Қазақстан Республикасының азаматтарын тағайындау Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы уәкілетті комиссияның шешімімен Президенттік жастар кадр резервіне алынған күннен бастап үш жыл ішінде осы Заңда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың өңірлік жастар кадр резервіне алынған Қазақстан Республикасының азаматтарын тағайындау астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың өңірлік жастар кадр резервіне алынған күннен бастап екі жыл ішінде осы Заңда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

3. Президенттік жастар кадр резервін, астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың өңірлік жастар кадр резервін қалыптастыру, мемлекеттік қызметтің кадр резервінен мемлекеттік лауазымдарға тағайындау Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

25-бап. Саяси мемлекеттік лауазымға орналасу

1. Саяси мемлекеттік лауазымға орналасу тағайындау негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де негіздерде жүзеге асырылады.

Саяси мемлекеттік лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатуды өкілеттігіне сәйкес сондай құқығы бар лауазымды адам (орган) не осы өкілеттік берілген өзге де лауазымды адам (орган) жүзеге асырады.

2. Саяси мемлекеттік лауазымға тағайындау Қазақстан Республикасының заңдарында немесе Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда осы лауазымға орналасу үшін қажетті келісуден өту шартымен жүзеге асырылады.

Саяси мемлекеттік лауазымға кандидаттар осы лауазымға қойылатын біліктілік талаптары болған жағдайда, оларға сай болуға тиіс.

Тағайындау алдындағы бір жыл ішінде өзінің тікелей қарамағындағы мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін орнынан түскен саяси мемлекеттік қызметшіні саяси мемлекеттік лауазымға тағайындауға жол берілмейді.

26-бап. Мемлекеттік лауазымға сайлану

1. Мемлекеттік лауазымға сайлану "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының заңдарында реттелмеген бөлігінде осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Сайланған мемлекеттік қызметшінің өкілеттігі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес оны аумақтық сайлау комиссиясы тіркеген кезден басталады.

27-бап. "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасу

1. "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасу конкурс өткізілмей тағайындау негізінде жүзеге асырылады.

Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдары басшыларының, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелері басшыларының лауазымдарын қоспағанда, "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына тағайындауды және лауазымнан босатуды өкілеттігіне сәйкес сондай құқығы бар лауазымды адам (орган) не осы өкілеттік берілген өзге де лауазымды адам (орган) уәкілетті комиссиямен келісу бойынша жүзеге асырады.

"А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына жататын, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдары басшыларының, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының астанадағы, облыстардағы, республикалық

маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелері басшыларының лауазымдарына тағайындау уәкілетті органмен келісуден өту шартымен уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының азаматтарын "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына келісусіз тағайындайды және оларды лауазымдардан босатады.

2. Қазақстан Республикасының азаматы "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасқан кезде онымен еңбек шарты жасалады.

"А" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшісімен еңбек шартын жасасу, ұзарту және бұзу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

3. Мемлекеттік лауазым "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына өзгертілген, "А" корпусының екі және одан көп әкімшілік мемлекеттік лауазымы "А" корпусының бір әкімшілік мемлекеттік лауазымына өзгертілген жағдайларда осы мемлекеттік лауазымға қабылдау ол өзгертілген күннен бастап үш ай ішінде осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік лауазымы "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына өзгертілген мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік орган оның біліктілігіне сәйкес өзге бос мемлекеттік лауазымды ұсынады.

Бос мемлекеттік лауазым болмаған немесе мемлекеттік қызметші ұсынылған мемлекеттік лауазымнан бас тартқан жағдайда ол жұмыстан шығарылуға тиіс. Бұл ретте кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік орган төрт орташа айлық жалақы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысын төлейді.

Мемлекеттік лауазымы "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына өзгертілген мемлекеттік қызметші "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына өзі немесе өзге де адам қабылданғанға дейін жұмысын жалғастыруға құқылы.

4. "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымы саяси, сайланатын мемлекеттік лауазымға немесе "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына өзгертілген жағдайда, осы лауазымды атқаратын мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік орган ол белгіленген біліктілік талаптарына сай болған жағдайда штат кестесінде көзделген өзге бос мемлекеттік лауазымды ұсынады.

Бос мемлекеттік лауазым болмаған және (немесе) мемлекеттік қызметші ұсынылған мемлекеттік лауазымнан бас тартқан жағдайларда ол жұмыстан шығарылуға тиіс. Бұл ретте кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік орган төрт орташа айлық жалақы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысын төлейді.

28-бап. "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасу

1. Осы Заңда көзделген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жергілікті өкілді органдар тағайындайтын жағдайларды қоспағанда, "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасу конкурстық негізде жүзеге асырылады.

"Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына тағайындауды және лауазымнан шығаруды (босатуды) өкілеттігіне сәйкес сондай құқығы бар лауазымды адам (орган) не осы өкілеттік берілген өзге лауазымды адам (орган) жүзеге асырады.

2. "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға арналған конкурс мемлекеттік цифрлық кадр жүйесі арқылы өткізіледі.

Уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен тестілеу рәсімдерінен алдын ала өткен азаматтар конкурсқа қатысуға жіберіледі.

"Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Қажет болған кезде конкурс уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өзге де тәсілдермен өткізіледі.

Конкурс қорытындысы туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

3. Егер "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымы үш айдан астам бос және (немесе) уақытша бос болса, адамдар осы баптың 4-тармағына сәйкес қабылданатын жағдайды қоспағанда, көрсетілген лауазымға орналасуға арналған конкурс мемлекеттік цифрлық кадр жүйесі арқылы автоматты түрде жариялануға тиіс.

4. "Б" корпусының уақытша бос әкімшілік мемлекеттік лауазымында көзделген міндеттерді уақытша атқару үшін Қазақстан Республикасының азаматтарын конкурс өткізілмей қабылдауға жол беріледі.

Мемлекеттік қызметші емес Қазақстан Республикасының азаматтарымен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі және уәкілетті орган бекітетін үлгілік еңбек шартының негізінде ресімделеді.

Еңбек қатынастары тараптардың келісімі бойынша белгіленетін, бірақ бір жылдан аспайтын кезеңге жүзеге асырылады.

"Б" корпусының уақытша бос әкімшілік мемлекеттік лауазымын атқаратын Қазақстан Республикасының азаматтарына жұмыскерлердің құқықтары, бостандықтары мен кепілдіктері бөлігінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің міндеттері мен жауапкершілігі, мемлекеттік қызмет өткерумен және онда болумен байланысты шектеулер бөлігінде осы Заңның ережелері қолданылады. Осы адамдардың құқықтары еңбек шартында айқындалады.

"Б" корпусының уақытша бос әкімшілік мемлекеттік лауазымында көзделген міндеттерді уақытша атқару кезеңі мемлекеттік қызмет өтіліне қосылады.

5. Уәкілетті комиссияның шешімі бойынша "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына конкурс өткізілмей, мыналар қабылдануы мүмкін:

1) қызметтегі судьялар, Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының судьялары, Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары, тұрақты негізде жұмыс істейтін мәслихат депутаттары;

2) өз өкілеттігін теріс себептермен тоқтатқандарды қоспағанда, өз өкілеттігін кемінде алты ай орындаған және оны тоқтатқан халықаралық қызметшілер, судьялар;

3) уәкілетті комиссия шешім қабылдаған кезде қолданыста болатын саяси, сайланатын және әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне сәйкес лауазымдары саяси мемлекеттік лауазымдарға жатқызылған жағдайда, өз өкілеттігін теріс себептермен тоқтатқандарды қоспағанда, өз өкілеттігін кемінде алты ай орындаған және оны тоқтатқан саяси мемлекеттік қызметшілер;

4) халықаралық, шетелдік немесе трансұлттық ұйымдарда, шетелдік мемлекеттік құрылымдарда кемінде соңғы бес жыл жұмыс өтілі бар адамдар;

5) мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар және шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия айқындайтын озық шетелдік жоғары оқу орындарында докторантура бағдарламалары (PhD, бейіні бойынша доктор) бойынша оқуды аяқтаған адамдар;

6) Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар.

6. Уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісу бойынша "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына конкурс өткізілмей, мыналар қабылдануы мүмкін:

1) өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілері;

2) өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде сайланған мемлекеттік қызметшілер;

3) сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органда және оның аумақтық бөлімшелерінде "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына – оқуды аяқтағаннан кейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясында оқуын аяқтаған және біліктілік емтиханын тапсырған адамдар;

4) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарда, мәслихат аппараттарында, тексеру комиссияларында, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінде (астана мен оның аудандарындағы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардан, астана мәслихаты аппаратынан, тексеру комиссиясынан, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының астана мен оның аудандарындағы аумақтық бөлімшелерінен басқа) "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына – оқуды аяқтағаннан кейін екі жыл ішінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында уәкілетті орган белгілеген мәннен төмен емес оқу нәтижесімен оқуын аяқтаған адамдар;

5) мынадай:

ауданның немесе облыстық маңызы бар қаланың (облыстың әкімшілік орталығы болатын облыстық маңызы бар қаладан басқа) әкімі және мәслихаты аппараттарының төменгі лауазымына;

ауданның және облыстық маңызы бар қаланың (облыстың әкімшілік орталығы болатын облыстық маңызы бар қаладан басқа) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органының басшы емес лауазымына;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының басшы емес лауазымына;

орталық мемлекеттік орган мен оның ведомствосының аудандағы немесе облыстық маңызы бар қаладағы (облыстың әкімшілік орталығы болатын облыстық маңызы бар қаладан басқа) аумақтық бөлімшесінің басшы емес лауазымына – оқуды аяқтағаннан кейін бір жыл ішінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарында уәкілетті орган белгілеген мәннен төмен емес оқу нәтижесімен оқуын бітірген адамдар;

6) астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың өңірлік жастар кадр резервіне алынған адамдар.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) және 6) тармақшаларының ережелері осы Заңның 19-бабының 5-тармағында және 20-бабының 5-тармағында аталған адамдарға қолданылмайды.

7. Уәкілетті органмен келісу бойынша мынадай адамдарды "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына конкурс өткізілмей қабылдауға жол беріледі:

1) орталық мемлекеттік органның дербес құрылымдық бөлімшесінің басшысы;

2) орталық мемлекеттік орган ведомствосы басшысының орынбасары.

8. Мемлекеттік органдардың басшылары көмекшілерінің немесе кеңесшілерінің, баспасөз хатшыларының "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына адамдарды конкурс өткізілмей қабылдауға жол беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тәртіппен әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасқан адамдарды мемлекеттік органның ішінде кейіннен ауыстыруға жол берілмейді.

9. "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы", "Құқық қорғау қызметі туралы", "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен мемлекеттік органдардың бірінші басшыларымен келісу бойынша адамдарды "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына конкурс өткізілмей қабылдауға жол беріледі.

10. Адамдарды "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына конкурс өткізілмей қабылдауды келісу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Ескертпе. Осы бапта халықаралық қызметшілер деп мемлекеттік қызметші емес, қызметін халықаралық ұйымдарда жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес халықаралық қызметшілер болатын Қазақстан Республикасының азаматтары танылады.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 14.07.2026 № 350-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

29-бап. Мемлекеттік органды құру кезеңінде Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмысқа қабылдау

1. Мемлекеттік органды құру кезінде мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқару үшін Қазақстан Республикасының азаматтарын үш айдан аспайтын мерзімге жұмысқа қабылдауға жол беріледі.

Ұзартуға болмайтын осы мерзім ішінде аталған мемлекеттік лауазымдар осы Заңға сәйкес бос болмауға тиіс.

Мемлекеттік қызметші емес Қазақстан Республикасының осындай азаматтарымен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

Мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқару кезеңінде Қазақстан Республикасының осы азаматтарына мемлекеттік қызметшілердің міндеттері мен жауапкершілігі, мемлекеттік қызметте болумен байланысты шектеулер бөлігінде осы Заңның ережелері қолданылады. Қазақстан Республикасының осы азаматтарының құқықтары еңбек шартында айқындалады.

Жұмысқа қабылдау мемлекеттік органның актісімен ресімделеді.

Мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқару кезеңі мемлекеттік қызмет өтіліне қосылады.

2. "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарында көзделген міндеттерді уақытша атқару үшін жұмысқа қабылдау "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына белгіленген арнаулы біліктілік талаптарына және осы Заңда белгіленген өзге де талаптарға сай болатын адамдардың қатарынан жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқару үшін жұмысқа қабылданатын Қазақстан Республикасы азаматтарының саны мемлекеттік органның штат санының жиырма пайызынан аспауға тиіс.

Осы тармақтың ережелері штат саны жиырма бес бірліктен кем мемлекеттік органдарға қолданылмайды.

30-бап. Мемлекеттік қызметке кіруді ресімдеу

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруін ресімдеу кезінде мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттік органда мемлекеттік қызметшілердің жеке істері, олардың дербес деректерін, кәсіптік қызметі туралы мәліметтерді қамтитын есепке алу құжаттары жүргізіледі. Мемлекеттік қызметшінің жеке ісін жүргізу үшін қажетті құжаттардың тізбесін уәкілетті орган айқындайды.

Мемлекеттік қызметшілердің жеке істері мемлекеттік цифрлық кадр жүйесінде электрондық нысанда қалыптастырылады. Қажет болған кезде жеке істер қағаз түрінде қалыптастырылуы мүмкін.

3. Персоналды басқару қызметтері (кадр қызметтері) мемлекеттік қызметшілерге қызметтік тізімді ресімдейді. Қызметтік тізімнің нысанын уәкілетті орган бекітеді.

Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) Қазақстан Республикасының азаматы мемлекеттік қызметке қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген, ол қабылдаған шектеулерді жазбаша түрде тіркейді.

Мемлекеттік қызметтің кадр ісін жүргізу құжаттарының үлгілік нысандарын уәкілетті орган айқындайды.

4. Осы тармақтың үшінші бөлігінде аталған мемлекеттік қызметшіні қоспағанда, әкімшілік мемлекеттік қызметшіге оның мемлекеттік лауазымын және лауазымдық өкілеттігін растайтын құжат болатын сәйкестендіру картасы беріледі.

Сәйкестендіру карталарының сипаттамасын, оларды беру және пайдалану тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

Саяси мемлекеттік қызметшіге, "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшісіне, Қазақстан Республикасының Құрылтайы Аппаратының, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі Аппаратының, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының әкімшілік мемлекеттік қызметшісіне оның мемлекеттік лауазымын және лауазымдық өкілеттігін растайтын құжат болатын қызметтік куәлік беріледі.

Қызметтік куәлікті беру тәртібін, оның сипаттамасын мемлекеттік орган бекітеді.

Қажет болған кезде осы тармақтың үшінші бөлігінде аталған мемлекеттік қызметшілерге сәйкестендіру картасы берілуі мүмкін.

Сайланған мемлекеттік қызметшіге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мемлекеттік лауазымын және лауазымдық өкілеттігін растайтын тиісті қызметтік куәлік беріледі. Қажет болған кезде оған сәйкестендіру картасы берілуі мүмкін.

6-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ӨТКЕРУ

31-бап. Мемлекеттік қызметшінің ант беруі

1. Мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен ант береді.

Мемлекеттік қызметшілер антының мәтіні Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзге де мүшелерінің, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының, Қазақстан Республикасы Президентінің Кеңесі бастығының, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілерінің, кеңесшілерінің, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының, астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің мемлекеттік лауазымдарына алғаш рет тағайындалатын адамдарды, сондай-ақ теріс себептермен мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін осы Заңның 21-бабының 2-тармағы бірінші бөлігінің 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген шектеулердің мерзімдері аяқталған соң оған қайта кіретін Қазақстан Республикасының азаматтарын қоспағанда, мемлекеттік қызметшілер бір рет ант береді.

Ант беруден бас тарту мемлекеттік қызметті тоқтатуға алып келеді.

32-бап. Жұмыс орны

1. Мемлекеттік қызметшіге, мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқаратын адамға еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келетін жұмыс орны, сондай-ақ лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті тиісті ұйымдастырушылық-техникалық жағдайлар қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік қызметшінің, мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқаратын адамның жұмыс орны мемлекеттік органнан тыс жерде белгіленген не қашықтан немесе қашықтан аралас жұмыс істеу режимін қолдану көзделген жағдайларды қоспағанда, осы органның орналасқан жері бойынша айқындалады.

2. Мемлекеттік қызметшіні, елді мекен шегінен тыс ауыстыру жағдайларын қоспағанда, оның келісімінсіз басқа жұмыс орнына ауыстыруға жол беріледі.

Мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметшіні, мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқаратын адамды лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті жабдықпен, байланыс құралдарымен, цифрлық жүйелермен және өзге де құралдармен қамтамасыз етеді.

33-бап. Лауазымдық нұсқаулық

1. Әкімшілік мемлекеттік қызметшінің кәсіптік қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында мемлекеттік қызметшінің лауазымдық өкілеттігі айқындалған жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік лауазымға тағайындауға және атқаратын мемлекеттік лауазымнан босатуға уәкілеттік берілген лауазымды адам (орган) бекітетін лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

Әкімшілік мемлекеттік қызметші лауазымдық нұсқаулықпен танысуға міндетті.

2. Лауазымдық нұсқаулыққа лауазымдық өкілеттік, жауаптылық, орындалуы әкімшілік мемлекеттік лауазымға жүктелетін функциялар тізбесі енгізіледі.

Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлеу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

34-бап. Тәлімгерлік

1. Тәлімгерлік алғаш рет әкімшілік мемлекеттік қызметке кірген мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік бейімделуіне, оларға лауазымдық өкілеттігін тиісінше орындауы үшін қажетті кәсіптік тәжірибе, білім мен дағды беруге бағытталған қызметті, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік даму сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметшілерге кәсіптік тәжірибе, білім мен дағды беру, әдістемелік қолдау көрсету қызметін білдіреді.

2. Тәлімгерлер ретінде кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар, кәсіптік қасиеттері жоғары мемлекеттік қызметшілер бекітіледі.

3. Тәлімгерлікті ұйымдастыру тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

4. Осы баптың ережелері сайланатын мемлекеттік лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілерге қолданылмайды.

35-бап. Лауазымдық орын ауыстыру және мемлекеттік қызметте ілгерілету

1. Мемлекеттік қызметшінің лауазымдық орын ауыстыруы мемлекеттік қызметті тоқтатпай, жоғары тұрған, тең дәрежелі, төмен тұрған мемлекеттік лауазымдарға конкурс бойынша, конкурссыз, ауысу, ротациялау, іссапарға жіберу тәртібімен орналасу арқылы және осы Заңда көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

Жоғары тұрған мемлекеттік лауазымдар деп жоғары тұрған санаттағы лауазымдар не неғұрлым жоғары біліктілік талаптары қойылатын өзге де санаттағы лауазымдар түсініледі.

Тең дәрежелі мемлекеттік лауазымдар деп бір санаттағы лауазымдар не мәні бойынша бірдей немесе ұқсас біліктілік талаптары қойылатын өзге де санаттағы лауазымдар түсініледі.

Төмен тұрған мемлекеттік лауазымдар деп төмен тұрған санаттағы лауазымдар не неғұрлым төмен біліктілік талаптары қойылатын өзге де санаттағы лауазымдар түсініледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармақтың қолданысы, егер осы Заңның 90-бабының 3-тармағында өзгеше көзделмесе, 01.01.2029 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұрған кезеңде қолданыста болатын редакцияны 90-баптың 2-тармағынан қараңыз.

2. Мемлекеттік қызметте ілгерілету мемлекеттік қызметшінің біліктілігі, құзыреті, қабілеті, қызметінің нәтижесі, лауазымдық міндеттерін адал орындауы ескеріле отырып, жоғары тұрған мемлекеттік лауазымдарға орналастыруды және (немесе) лауазымдық деңгейін жоғарылатуды көздейді.

"Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшісіне бір мемлекеттік лауазым шеңберіндегі лауазымдық айлықақының мөлшерін айқындайтын лауазымдық деңгей белгіленеді.

"Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшісінің лауазымдық деңгейін төмендету тәртіптік жаза қолданылған жағдайда немесе бағалау және аттестаттау нәтижесінің негізінде жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақтың қолданысы, егер осы Заңның 90-бабының 3-тармағында өзгеше көзделмесе, 01.01.2029 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұрған кезеңде қолданыста болатын редакцияны 90-баптың 2-тармағынан қараңыз.

3. Мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін, қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған күннен бастап алты ай ішінде оны ауысу, ротациялау тәртібімен, қызметін бағалау нәтижесі бойынша, конкурс өткізілмей қызметте ілгерілетуге, сондай-ақ лауазымдық деңгейін жоғарылатуға жол берілмейді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармақтың қолданысы, егер осы Заңның 90-бабының 3-тармағында өзгеше көзделмесе, 01.01.2029 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұрған кезеңде қолданыста болатын редакцияны 90-баптың 2-тармағынан қараңыз.

4. "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің лауазымдық деңгейін өзгерту қағидаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратымен келісу бойынша уәкілетті органның ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақтың қолданысы, егер осы Заңның 90-бабының 3-тармағында өзгеше көзделмесе, 01.01.2029 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұрған кезеңде қолданыста болатын редакцияны 90-баптың 2-тармағынан қараңыз.

5. "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің лауазымдық деңгейін өзгерту мемлекеттік қызметшінің одан әрі кәсіптік даму мен оқу қажеттілігін анықтау мақсатында жүргізілетін құзыреттерді кешенді бағалау нәтижесі ескеріліп жүзеге асырылады.

"Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің құзыреттерін кешенді бағалауды жүргізу тәртібі, сондай-ақ кешенді бағалауға жататын мемлекеттік лауазымдардың тізбесі "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің лауазымдық деңгейін өзгерту қағидаларында айқындалады.

36-бап. "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына ауысу тәртібімен орналасу

Мемлекеттік қызметшілердің "Б" корпусының бос немесе уақытша бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына ауысу тәртібімен орналасуына уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіпке сәйкес жол беріледі.

37-бап. Мемлекеттік қызметшілерді ротациялау

1. Мемлекеттік қызметшілерді ротациялау мемлекеттік қызметті өткеру кезінде олардың кәсіптік әлеуетін неғұрлым тиімді пайдалану үшін жүзеге асырылады.

Саяси мемлекеттік қызметшілер мен "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерін ротациялау оларды бос немесе уақытша бос саяси мемлекеттік лауазымдар мен "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына не "А" корпусының саяси және әкімшілік мемлекеттік лауазымдары арасындағы лауазымдық орын ауыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің құқықтық негіздерін және оның жұмысын ұйымдастыру тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерін ротациялау оларды "Б" корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына не "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілері арасындағы лауазымдық орын ауыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Ротациялау мерзімі басталған кезде Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасқа толуына екі және одан аз жыл қалған мемлекеттік қызметшінің өтініші негізінде осы қызметшіні ротациядан босату туралы акт қабылданады.

2. Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің құқықтық негіздерін, сондай-ақ жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, ротация жүргізудің тәртібі мен мерзімдерін, ротацияны ұзарту шарттары мен мерзімдерін, сондай-ақ ротациялауға жататын мемлекеттік лауазымдардың тізбесін уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

Мемлекеттік қызметшілер ротациясын жүргізу қағидаларында көзделген жағдайларда ротациядан бас тарту, осы тармақтың сегізінші бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік лауазымын төмендету не жұмыстан шығару

жөнінде шешімдер қабылдауға негіз болуы мүмкін. Мемлекеттік лауазымын төмендету конкурстық рәсімдер өткізілмей жүзеге асырылады.

Бұл ретте, егер Қазақстан Республикасының Президенті өзге шешім қабылдаса, адамды алдыңғы лауазымынан ротациялау жүзеге асырылған, сондай-ақ ротациядан бас тартуына байланысты лауазымы төмендетілген немесе жұмыстан шығарылған лауазымға бір жыл ішінде тағайындауға жол берілмейді.

Мемлекеттік қызметші өз еркімен не өзге лауазымға орналасуына байланысты бұрын атқарған лауазымынан босатылған кезден бастап бір жыл ішінде сол лауазымға тағайындалған жағдайда бұрын жұмыс істеген кезеңі ротация жүргізу мерзімінде ескеріледі.

Басқа елді мекенге ротациялау кезінде мемлекеттік қызметшілерге көтерме жәрдемақы төленеді, жеке мүлкін тасымалдауға арналған шығындар өтеледі, сондай-ақ "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметтік тұрғынжай беріледі. Қызметтік тұрғынжай болмаған жағдайда ротацияланған мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық міндеттерін атқаруы кезеңінде оларға ротациялық төлемдер жүргізіледі.

Басқа елді мекенге ротацияланған мемлекеттік қызметшілерге берілетін ротациялық төлемдердің, көтерме жәрдемақы төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, қайтару, тоқтата тұру және қайта бастау, сондай-ақ жеке мүлкін тасымалдауға арналған шығындарды өтеу қағидаларын уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

"Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің ротациясын үйлестіруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

Егер Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің құқықтық негіздерін, сондай-ақ жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңында өзгеше көзделмесе, мүгедектігі бар адамдар, жүкті әйелдер, он төрт жасқа толмаған баланы тәрбиелеп отырған, мүгедектігі бар балалары, оның ішінде асырап алған балалары бар (қорғаншы болып саналатын) жалғызбасты ата-аналар, көпбалалы ата-аналар (қорғаншылар) болатын немесе асырауында мүгедектігі бар ата-анасы (ата-аналары), жұбайы (зайыбы) не Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген жасына байланысты зейнеткер ата-анасы (зейнеткер ата-аналары) бар мемлекеттік қызметшілерді басқа елді мекенге көшуге байланысты ротациялауға осы мемлекеттік қызметшілердің келісімімен ғана жол беріледі.

Бұл ретте көрсетілген мән-жайлар атқаратын лауазымында болу мерзімі сегіз жылдан аспайтын, мемлекеттік қызметшінің ротациясын жүргізу мерзімін ұзартуға негіз болады.

Көрсетілген мән-жайлар құжат түрінде расталуға тиіс.

3. Осы баптың ережелері лауазымдарға Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын саяси мемлекеттік қызметшілерге, Қазақстан

Республикасының Конституциясында және Қазақстан Республикасының заңдарында олардың өкілеттік мерзімі айқындалған саяси мемлекеттік қызметшілерге және сайланатын мемлекеттік лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілерге қолданылмайды.

38-бап. Мемлекеттік қызметшілерді іссапарға жіберу

1. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік органдардың алдына қойылған міндеттерді орындау мақсатында, осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, шет елдердегі мекемелеріне, халықаралық және өзге де ұйымдарға олардың бірінші басшыларымен келісу бойынша іссапарға жіберілуі мүмкін.

2. Іссапарға жіберілген мемлекеттік қызметшілердің бұрынғы жұмыс орны (мемлекеттік лауазымы), осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген құқықтары, кепілдіктері, жеңілдіктері, өтемақылары, үстемеақылары, төлемдері, зейнетақымен қамсыздандырылуы және әлеуметтік қорғалуы сақталады.

3. Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға іссапарға жіберу "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Ғылым кандидаты, ғылым докторы ғылыми дәрежелері, сондай-ақ философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелері бар мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарына іссапарға жіберілуі мүмкін.

5. Осы баптың ережелері сайланатын мемлекеттік лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілерге қолданылмайды.

6. Мемлекеттік қызметшіні әдеп жөніндегі уәкіл лауазымына іссапарға жіберу уәкілетті органның шешімі негізінде осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

39-бап. Міндеттерді уақытша жүктеу

1. Қызметтік қажеттілікке байланысты мемлекеттік қызметшіге атқаратын (негізгі) лауазымынан босатпай, осы Заңда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, басқа лауазымның міндеттері уақытша жүктелуі мүмкін.

Орталық мемлекеттік органдардың дербес құрылымдық бөлімшелері басшыларының, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының

аумақтық бөлімшелері басшыларының, астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдары, аудандық атқарушы органдар, сондай-ақ облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдары басшыларының міндеттерін үш айдан аспайтын кезеңге уақытша жүктеуге жол беріледі.

Мемлекеттік қызметшіге негізгі лауазымы бойынша міндеттерді орындауымен қатар бір ғана мемлекеттік лауазым бойынша міндеттерді атқару уақытша жүктелуі мүмкін.

2. Басқа лауазымның міндеттерін уақытша атқаратын мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік қызметті өткеруі және оны тоқтату, сондай-ақ жауапкершілігін қарау мәселелері оның негізгі лауазымы бойынша реттеледі.

3. Саяси мемлекеттік қызметшілердің көмекшілері мен кеңесшілеріне басшы лауазымның міндеттері жүктелмейді.

Сайланған мемлекеттік қызметшіге саяси немесе әкімшілік мемлекеттік лауазымның міндеттері жүктелмейді. Сайланатын мемлекеттік лауазымның міндеттері әкімшілік мемлекеттік қызметшіге уақытша жүктелуі мүмкін. Міндеттерді уақытша жүктеу жоғары тұрған әкімнің актісімен жүзеге асырылады.

Сайланған мемлекеттік қызметшінің немесе "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшісінің міндеттері "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшісіне жүктелмейді.

Мемлекеттік органдар басшыларының көмекшілері мен кеңесшілеріне басшы лауазымның міндеттері жүктелмейді.

4. Мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер болған кезде оған басқа лауазымның міндеттері уақытша жүктелмейді.

5. Басқа лауазымның міндеттерін уақытша атқару кезеңінде мемлекеттік қызметшіге уақытша атқаратын лауазымы бойынша көзделген лауазымдық айлықақы негізге алынып, өзге де төлемдер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қосымша ақы белгіленеді.

Бос және (немесе) уақытша бос мемлекеттік лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқару кезеңін қоспағанда, басқа лауазымның міндеттерін уақытша атқару мемлекеттік қызметшінің лауазымдық міндеттеріне кіретін жағдайда мемлекеттік қызметшілерге басқа лауазымның міндеттерін уақытша атқару кезеңінде қосымша ақы жүргізілмейді.

40-бап. Мемлекеттік қызметшілерді оқыту

1. Мемлекеттік қызметшілерді оқыту олардың лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауы үшін қажетті біліктілігін сақтауға және арттыруға бағытталады және мемлекеттік қызметшілерді даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтиды.

Мемлекеттік қызметшілерді даярлау жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша академиялық және ғылыми дәреже алуға арналған оқыту процесін қамтиды.

Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау лауазымдық міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті жаңа және қосымша кәсіптік білім алуына бағытталған оқыту курстарын қамтиды.

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру мемлекеттік қызметшінің құзыреттерін сақтауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге арналған оқыту семинарларын қамтиды.

Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Мемлекеттік қызметші қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілген кезде оның жұмыс орны (мемлекеттік лауазымы) мен жалақысы сақталады.

2. Мемлекеттік қызметшілерді даярлау мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде мемлекеттік органның жолдамасы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында және Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясында жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту мерзімі және оқуға түсу тәртібі көрсетілген білім беру ұйымдары бекітетін оқуға қабылдау қағидаларында айқындалады.

Саяси, сайланатын және әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде көзделген, мемлекеттік орғандағы тұрақты штаттық мемлекеттік лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер олардың оқу және кейіннен жұмыспен өтеу мерзімдері құжаттарды тапсыру кезінде Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жастан аспаған жағдайда, мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқытуға арналған конкурсқа қатысуға жіберіледі.

3. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымына магистратураға және (немесе) докторантураға қабылданған мемлекеттік қызметшіге жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқу уақытында оның оқуға түскен кездегі лауазымдық айлықақысы мөлшерінде, бірақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын магистранттар мен докторанттар үшін белгіленген мемлекеттік стипендия мөлшерінен кем емес стипендия белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымына және Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясына оқуға түсетін мемлекеттік қызметшімен оқыту шарты жасалады, онда оқуды аяқтағаннан кейін жұмыспен өтеу жөніндегі талап көзделеді. Оқыту шартының нысаны, оны жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымы және Қазақстан Республикасының Жоғары

Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы бекітетін оқуға қабылдау қағидаларында айқындалады.

4. Мемлекеттік қызметші мемлекеттік органның жолдамасымен мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен жағдайда оқуды аяқтауға, оның ішінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті бағдарламасы бойынша дәреже алуға міндетті.

Оқуды аяқтағаннан кейін мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік қызметте жұмыспен өтеуге міндетті. Осы міндеттемелерді орындамау адамның өзін оқытуға бөлінген бюджет қаражатын және оқуға байланысты шығындарды мемлекетке өтеуіне алып келеді. Шығыстарды өтеу нақты жұмыспен өтелген кезеңге мөлшерлес жүзеге асырылады.

Жұмыспен өтеу жөніндегі міндетті тоқтата тұру және тоқтату, жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттен босату мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларында және оқыту шартында айқындалады.

Жұмыспен өтеу жөніндегі міндеттің орындалуын мониторингтеуді уәкілетті орган және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымы жүзеге асырады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде оқуды аяқтаған мемлекеттік қызметшілердің жұмыспен өтеуін мониторингтеуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік қызметші мемлекеттік органның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес біліктілігін арттыруға жіберіледі.

Әкімшілік мемлекеттік қызметші үш жылда кемінде бір рет біліктілігін арттырудан өтеді.

Саяси мемлекеттік қызметшілер, сайланған мемлекеттік қызметшілер және "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілері мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларында көзделген тәртіппен оқу сабақтарын өткізуді жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында және олардың филиалдарында жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың құнын есептеу әдістемесін уәкілетті орган айқындайды.

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру мемлекеттік орган қызметінің бейіні бойынша өзге білім беру ұйымдарында да жүзеге асырылуы мүмкін.

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында және мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілікті арттыру қағидаларында айқындалады.

41-бап. Мемлекеттік қызметшілердің тағылымдамасы

1. Мемлекеттік қызметшілердің тағылымдамасы кәсіптік білім алуы мен тәжірибе жинақтауы, оларды мемлекеттік қызметте ілгерілету мақсатында мемлекеттік органдардың жолдамасы бойынша өткізіледі.

Уәкілетті орган айқындаған жағдайларды қоспағанда, әкімшілік мемлекеттік қызметшілер үш жылда кемінде бір рет тағылымдамадан өтеді.

2. Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің тағылымдамасын өткізу қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.

42-бап. Мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау

1. Мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау олардың жұмысының тиімділігі мен сапасын айқындау мақсатында жүргізіледі. Бағалауды жүргізу кезінде қоғамдық маңызы бар көрсетілетін қызметтердің сапасын қоғамдық мониторингтеу нәтижесі туралы мәліметтер ескеріледі.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалауды жүргізу тәртібі мен мерзімдерін уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау әдістемесін уәкілетті орган бекітеді.

2. "А" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің қызметін бағалау нәтижесі бонус төлеу, көтермелеу, оқыту, ротациялау не олармен еңбек шартын ұзарту жөнінде шешімдер қабылдауға негіз болады.

Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдары басшыларының, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелері басшыларының лауазымдарын қоспағанда, "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшісі қызметінің қанағаттанарлықсыз бағалануы уәкілетті комиссиямен келісу бойынша онымен еңбек шартын бұзуға негіз болады.

"А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына жататын, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарының басшылары, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелерінің басшылары қызметінің қанағаттанарлықсыз бағалануы уәкілетті органмен келісу бойынша олармен еңбек шартын бұзуға негіз болады.

"А" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшісінің нақты мемлекеттік лауазымда болу мерзімі үш айдан аз болған жағдайда, оның қызметін бағалау жүргізілмейді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақтың қолданысы, егер осы Заңның 90-бабының 3-тармағында өзгеше көзделмесе, 01.01.2029 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұрған кезеңде қолданыста болатын редакцияны 90-б 2-тармағынан қараңыз.

3. "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің қызметін бағалау нәтижесі бонус төлеу, көтермелеу, оқыту, ротациялау, лауазымдық деңгейін жоғарылату немесе төмендету, мемлекеттік лауазымын жоғарылату немесе төмендету не жұмыстан шығару жөнінде шешімдер қабылдауға негіз болады.

"Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшісінің қызметін бағалау бойынша қанағаттанарлықсыз бағалар алуы әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалауды жүргізу қағидаларына сәйкес:

1) келесі төмен тұрған лауазымдық деңгей болған кезде – лауазымдық деңгейін төмендетуге;

2) келесі төмен тұрған лауазымдық деңгей болмаған кезде, уақытша бос мемлекеттік лауазымдарды қоспағанда, мемлекеттік органда келесі төмен тұрған бос мемлекеттік лауазым болған және мемлекеттік қызметші біліктілік талаптарына сай болғанда – мемлекеттік лауазымын төмендетуге (мемлекеттік лауазымын төмендету конкурс өткізілмей жүзеге асырылады) алып келеді.

Әкімшілік мемлекеттік қызметші ұсынылған лауазымнан бас тартқан жағдайда жұмыстан шығарылуға тиіс.

4. Мемлекеттік қызметшілер қызметін бағалау нәтижесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

43-бап. Әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді аттестаттау

1. Әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді аттестаттау Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен өткізіледі, шешімде оның тәртібі, мерзімдері және аттестатталатын әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің санаттары айқындалады.

2. Әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді аттестаттауды өткізу үшін аттестаттау комиссиясы құрылады, оның құрамына кемінде бес адам кіруге тиіс. Аттестаттау комиссиясын төраға басқарады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақтың қолданысы, егер осы Заңның 90-бабының 3-тармағында өзгеше көзделмесе, 01.01.2029 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұрған кезеңде қолданыста болатын редакцияны 90-б 2-тармағынан қараңыз.

3. Аттестаттау комиссиясы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді аттестаттау қорытындысы бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) атқаратын мемлекеттік лауазымына сай келеді және лауазымын жоғарылату ұсынылады;

2) атқаратын мемлекеттік лауазымына сай келеді және лауазымдық деңгейін жоғарылату ұсынылады;

3) лауазымдық деңгейіне сай емес және келесі төмен тұрған лауазымдық деңгей болған кезде төмендету ұсынылады;

4) атқаратын мемлекеттік лауазымына сай емес және мемлекеттік лауазымын төмендету ұсынылады;

5) атқаратын мемлекеттік лауазымына сай емес және жұмыстан шығару ұсынылады

4. Аттестаттау комиссиясының отырысына дәлелді себепсіз екі рет келмеген әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді жұмыстан шығару ұсынылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақтың қолданысы, егер осы Заңның 90-бабының 3-тармағында өзгеше көзделмесе, 01.01.2029 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұрған кезеңде қолданыста болатын редакцияны 90-б 2-тармағынан қараңыз.

5. Аттестаттаудан өтпеген және (немесе) мемлекеттік органдарда, оның ішінде төмен тұрған мемлекеттік лауазымда немесе төмен тұрған лауазымдық деңгейде мемлекеттік қызметті жалғастырудан бас тартқан әкімшілік мемлекеттік қызметшілер жұмыстан шығарылуға тиіс.

6. Аттестаттау қорытындысы бойынша әкімшілік мемлекеттік лауазымын жоғарылату жоғары тұрған бос әкімшілік мемлекеттік лауазым болған және мемлекеттік қызметші осы лауазымға белгіленген біліктілік талаптарына сай болғанда, конкурстық рәсімдер өткізілмей жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-тармақтың қолданысы, егер осы Заңның 90-бабының 3-тармағында өзгеше көзделмесе, 01.01.2029 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұрған кезеңде қолданыста болатын редакцияны 90-б 2-тармағынан қараңыз.

7. Аттестаттау комиссиясының аттестаттау қорытындысы бойынша қабылдаған шешімі мемлекеттік қызметшіні жоғары тұрған әкімшілік мемлекеттік лауазымға тағайындауға немесе лауазымдық деңгейін жоғарылатуға, мемлекеттік қызметшінің әкімшілік мемлекеттік лауазымын төмендетуге немесе лауазымдық деңгейін төмендетуге не жұмыстан шығаруға негіз болады.

8. Мемлекеттік қызметші аттестаттау комиссиясының шешіміне мемлекеттік органның басшысына, уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне, сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

44-бап. Мемлекеттік қызметті өткерудің өзге де мәселелері

1. Мемлекеттік қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық уәкілетті органның мемлекеттік қызметті одан әрі дамыту мен жетілдіруге бағытталған, шетелдік

және халықаралық ұйымдар қатысатын бастамаларға, бағдарламалар мен жобаларға қатысуы арқылы жүзеге асырылады.

2. Халықаралық ынтымақтастық мынадай бағыттарды қамтиды:

1) мемлекеттік қызмет саласындағы халықаралық ұйымдарды құру және олардың қызметіне қатысу;

2) мемлекеттік қызметшілерді шет елдерде оқыту;

3) шетелдік мемлекеттік қызметшілерді және өзге де адамдарды Қазақстан Республикасында оқыту;

4) мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша бірлескен зерттеулерді жүзеге асыру.

3. Соғыс жағдайы кезеңінде мемлекеттік қызметке қабылдау, оны өткеру және тоқтату мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері қолданылады.

4. Мемлекеттік қызметті өткерудің осы Заңда реттелмеген өзге де мәселелері Қазақстан Республикасының заңдарында, уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде регламенттеледі.

7-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КЕПІЛДІКТЕРІ

45-бап. Құқыққа сыйымсыз әрекеттерден қорғау

1. Мемлекеттік қызметшілерге олардың қызметіне заңсыз араласудан, негізсіз айыптау мен қудалаудан, өзге де құқыққа сыйымсыз әрекеттерден қорғауға кепілдік беріледі.

Мемлекеттік қызметшілерді қорлау, күш қолданумен қорқыту немесе олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне, мүлкіне қол сұғу, оларға жүктелген лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін басқа да әрекеттер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

2. Мемлекеттік қызметші өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органның құқық бұзушылық профилактикасы қызметі мемлекеттік қызметшінің мүддесінде заң көмегін көрсету туралы өтінішхат арқылы осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен жүгіне алады.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметшіге заң көмегін өзге де адамдар өтеусіз көрсете алады.

46-бап. Жұмыс уақытының режимі

1. Мемлекеттік қызметшілер үшін екі демалыс күні бар бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді.

Осы бапта көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметшілер үшін толық емес жұмыс аптасы белгіленуі мүмкін.

2. Осы бапта және осы Заңның 47-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, күнделікті жұмыстың ұзақтығы сегіз сағатқа дейін белгіленеді.

Осы бапта және осы Заңның 47-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына қырық сағаттан аспауға тиіс.

3. Мемлекеттік қызметшінің немесе мемлекеттік органның бастамасы бойынша тараптардың келісімімен мемлекеттік қызметші үшін лауазымдық айлық мөлшері пропорционалды қысқартыла отырып, толық емес жұмыс уақыты белгіленуі мүмкін.

Осы бапта белгіленген жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығынан аз уақыт толық емес жұмыс уақыты деп есептеледі, оның ішінде:

- 1) толық емес жұмыс күні, яғни күнделікті жұмыстың ұзақтығын қысқарту;
- 2) толық емес жұмыс аптасы, яғни жұмыс аптасындағы жұмыс күндерінің санын азайту;
- 3) бір уақытта күнделікті жұмыстың ұзақтығын қысқарту мен жұмыс аптасындағы жұмыс күндерінің санын азайту.

Толық емес жұмыс уақыты жағдайында жұмыс істеу мемлекеттік қызметші үшін ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысының, ақы төленетін қосымша демалыс күндерінің ұзақтығын шектеуге, мемлекеттік қызмет өтілін есептеуді және осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген басқа да құқықтарды шектеуге алып келмейді.

4. Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар мемлекеттік қызметшілерге ұзақтығы аптасына отыз алты сағаттан аспайтын қысқартылған жұмыс уақыты белгіленеді. Бұл ретте жалақы мемлекеттік лауазымның белгіленген мөлшерлемесі негізге алынып, толық жұмыс аптасы үшін толық көлемде төленеді.

5. Мемлекеттік орган жүкті әйелдің, үш жасқа толмаған баласы (балалары) бар ата-ананың (асырап алушының) біреуінің, сондай-ақ медициналық қорытындыға сәйкес отбасының науқас мүшесіне күтімді жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшінің жазбаша өтініші бойынша оларға толық емес жұмыс уақыты режимін белгілейді.

6. Мемлекеттік қызметшіге күнделікті жұмыс барысында тынығу және тамақтану үшін ұзақтығы бір сағаттан кем емес бір үзіліс берілуге тиіс. Үзіліс уақыты жұмыс уақытына қосылмайды.

Үзіліс беру уақыты, оның ұзақтығы мемлекеттік органның актісінде белгіленеді.

Жұмыстың аяқталуы мен оның келесі жұмыс күні басталуы арасында мемлекеттік қызметшінің күнделікті демалу ұзақтығы он екі сағаттан кем болмауға тиіс.

7. Мемлекеттік қызметшінің немесе мемлекеттік органның бастамасы бойынша тараптардың келісімімен мемлекеттік қызметші үшін икемді жұмыс уақыты режиміндегі жұмыс белгіленуі мүмкін.

8. Төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген, төтенше жағдай жарияланған кезеңде не өзге де шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезде, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің өміріне немесе денсаулығына қатер төндіретін басқа да

айрықша жағдайларда мемлекеттік орган жоғарыда көрсетілген жағдайлар жойылғанға дейін өз актісімен қашықтан жұмыс істеуді немесе қашықтан аралас жұмыс істеуді уақытша белгілеуге құқылы.

Мемлекеттік қызметші лауазымдық міндеттерін орындау үшін өз жабдығын, Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес цифрлық объектілерді және өзге де құралдарды пайдаланған, сондай-ақ көрсетілетін байланыс қызметтеріне ақы төлеу шығыстарын көтерген жағдайда, мемлекеттік орган өтемақы төлейді, оның мөлшері, төлеу тәртібі мен мерзімі мемлекеттік қызметшімен келісу бойынша белгіленеді.

Қашықтан жұмыс істеу кезінде жұмыс уақытының күнделікті ұзақтығының шектеулері сақтала отырып, жұмыс уақытының тіркелген есебі белгіленеді.

9. Мемлекеттік қызметшілер еңбек тәртіптемесінің үлгілік қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.

Мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметшілер еңбек тәртіптемесінің үлгілік қағидалары негізінде еңбек тәртіптемесінің қағидаларын бекітеді.

10. Уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері осы Заңда көзделген тәртіппен жұмыс уақыты режимінің сақталуын мониторингтейді.

47-бап. Жұмыс уақыты режимімен байланысты кепілдіктер

1. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа мемлекеттік қызметшінің жазбаша келісімімен мемлекеттік органның актісі негізінде жол беріледі.

Мемлекеттік қызметшіге демалыс және мереке күндеріндегі жұмысы үшін мемлекеттік қызметшінің күндік мөлшерлемесі негізге алынып, бір жарым еседен төмен емес жоғарылатылған мөлшерде ақы төленеді.

Демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа ақы төлеуге арналған шығыстарды жоспарлау кезінде олардың мөлшері тиісті қаржы жылына бекітілген, мемлекеттік органның штат бірліктері жалпы санының бір пайызы шегінде белгіленеді.

Демалыс және мереке күндерінде жұмысқа тартылған мемлекеттік қызметшінің қалауы бойынша оған тиісті демалу күндері (сағаттары) беріледі.

Жұмыс берушіге жүктілігі туралы анықтаманы ұсынған жүкті әйелдер, мүгедектігі бар адамдар демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа жіберілмейді.

2. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органның бастамасы бойынша мемлекеттік қызметшіні белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығынан тыс жұмысқа (үстеме жұмысқа) тартуға мемлекеттік қызметшінің жазбаша келісімімен мемлекеттік органның актісі негізінде жол беріледі.

Үстеме жұмыс бір жұмыс күні ішінде екі сағаттан аспауға тиіс. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, үстеме жұмыстардың жалпы ұзақтығы айына он екі сағаттан аспауға тиіс.

Үстеме жұмыс кезінде мемлекеттік қызметшіге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес үстеме жұмыс уақыты үшін демалу күндері (сағаттары) беріледі не үстеме жұмыс үшін қосымша ақы төленеді.

Жұмыс берушіге жүктілігі туралы анықтаманы ұсынған жүкті әйелдер, мүгедектігі бар адамдар үстеме жұмысқа жіберілмейді.

3. Мемлекеттік қызметшінің келісімінсіз үстеме жұмыс пен демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа тартуға мынадай жағдайларда:

1) төтенше жағдайларды, дүлей зілзаланы немесе өндірістік аварияны болғызбау не олардың салдарын дереу жою үшін;

2) адамның еңбек қызметімен, қаза табуымен немесе мүліктің бүлінуімен байланысты жазатайым оқиғаларды болғызбау және тергеп-тексеру үшін;

3) жалпы мемлекеттік органның немесе оның жекелеген құрылымдық бөлімшелерінің бұдан әрі қалыпты жұмыс істеуі жедел орындалуына байланысты болатын кезек күттірмейтін, алдын ала болжанбаған жұмыстарды орындау үшін;

4) төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген не өзге де шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезде, сондай-ақ адамның өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін басқа да айрықша жағдайларда;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда жол беріледі.

48-бап. Мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік қызметшілерін қоспағанда, мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын барлық органдарға арналған жұмыскерлерге еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көздері белгіленбесе, мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және (немесе) Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасында айқындалған Арнаулы мемлекеттік қордың қаражаты есебінен жүргізіледі.

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының жұмыскерлеріне бонус төлеу, сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық айлықақыларына үстемеақылар белгілеу тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу мемлекеттік қызметшілер орындайтын жұмыстың сипатына, көлеміне және нәтижесіне байланысты белгіленеді.

3. Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен үш жылда кемінде бір рет индекстелуге тиіс.

4. Мемлекеттік қызметшілердің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасының органдарын қаржыландыру және жұмыскерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленетін лауазымдық айлықақы белгілеуге құқық беретін жұмыс өтіліне мемлекеттік қызметте болған барлық уақыт және Қазақстан Республикасының тиісті заңнамасы қолданылатын мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақысын белгілеуге құқық беретін жұмыс өтілін есептеу қағидаларында айқындалатын өзге уақыт қосылады.

Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақысын белгілеуге құқық беретін жұмыс өтілін есептеу қағидаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратымен келісу бойынша уәкілетті орган бекітеді.

5. Мемлекеттік қызметшінің жалақысынан ұстап қалулар сот шешімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында және осы бапта көзделген жағдайларда жүргізіледі.

6. Мемлекеттік қызметшінің өзі жұмыс істейтін мемлекеттік орган алдындағы берешегін өтеу үшін оның жалақысынан ұстап қалулар мемлекеттік қызметшіні хабардар ете отырып:

1) іссапарға байланысты берілген, жұмсалмаған және уақтылы қайтарылмаған ақшаны өтеу үшін;

2) мемлекеттік қызметшіге жалақы есебінен берілген жұмыс істелмеген авансты өтеу үшін;

3) ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы және (немесе) ақы төленетін қосымша демалыс күндері ауыстырылған немесе мемлекеттік қызметші олардан кері шақыртып алынған жағдайда;

4) мемлекеттік қызметшінің жазбаша келісуі болған кезде өзге де жағдайларда жұмыс берушінің актісі негізінде жүргізілуі мүмкін.

7. Мемлекеттік қызметшінің оқуды аяқтамауына байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымы алдындағы берешегін өтеу үшін оның жалақысынан ұстап қалулар мемлекеттік қызметшіні хабардар ете отырып, жұмыс берушінің актісі негізінде жүргізілуі мүмкін.

8. Бірнеше атқарушылық парақ бойынша жалақыдан ұстап қалу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында және осы бапта көзделген жағдайларда, ай

сайынғы ұстап қалудың мөлшері мемлекеттік қызметшіге тиесілі жалақының елу пайызынан аспауға тиіс.

9. Арнайы тексерудің нәтижесі алынғанға дейін мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді уақытша атқару үшін еңбек шарты бойынша қабылданған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ мемлекеттік органды құру кезінде осындай лауазымдық өкілеттікті атқаруға немесе "Б" корпусының уақытша бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына уақытша тағайындалған Қазақстан Республикасы азаматтарының лауазымдық айлықақысының мөлшері тиісті мемлекеттік лауазым үшін көзделген ең төмен мөлшерде белгіленеді.

49-бап. Мемлекеттік қызметшілердің демалыстары

1. Мемлекеттік қызметшіге осы Заңда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген демалыс беріледі.

2. Демалыс, ақы төленетін қосымша демалыс күндерін беру, ауыстыру не ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысынан және (немесе) ақы төленетін қосымша демалыс күндерінен кері шақыртып алу мемлекеттік қызметшіні лауазымға тағайындау және оны лауазымнан босату құқығы бар лауазымды адамның (органның) не ол уәкілеттік берген лауазымды адамның (органның) шешімімен жүзеге асырылады.

Сайланған мемлекеттік қызметші жоғары тұрған лауазымды адаммен келісу бойынша өз актісін шығару арқылы демалысқа кетеді немесе ақы төленетін қосымша демалыс күндерін пайдаланады. Сайланған мемлекеттік қызметшіні ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысынан және (немесе) ақы төленетін қосымша демалыс күндерінен кері шақыртып алу жоғары тұрған лауазымды адамның шешімімен жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызметшіге бірінші жұмыс күнінен бастап есептелген күнтізбелік он екі айды құрайтын жұмыс жылы ішінде екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлене отырып, ұзақтығы күнтізбелік отыз күн ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы беріледі.

Сауықтыруға арналған жәрдемақы мемлекеттік қызметшіге күнтізбелік жылда бір рет толық көлемде бір уақытта төленеді және бір жұмыс жылында бір реттен артық берілмейді. Ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы бөліктерге бөлініп пайдаланылған жағдайда сауықтыруға арналған жәрдемақы демалыстың бір бөлігімен бірге төленеді.

Бір жыл ішінде басқа мемлекеттік лауазымға лауазымдық орын ауыстыру кезінде сауықтыруға арналған жәрдемақы, егер ол бұрынғы мемлекеттік лауазымда сол күнтізбелік жыл ішінде берілген болса, төленбейді.

4. Мемлекеттік қызмет өтіліне байланысты мемлекеттік қызметшіге ақы төленетін қосымша демалыс күндері беріледі:

1) жұмыс өтілі он және одан көп жыл болса – ұзақтығы күнтізбелік үш күн;

- 2) жұмыс өтілі он бес және одан көп жыл болса – ұзақтығы күнтізбелік бес күн;
- 3) жұмыс өтілі жиырма және одан көп жыл болса – ұзақтығы күнтізбелік он күн.

Мемлекеттік қызметшілерге саламатты өмір салтын қалыптастыру және бұқаралық спортты насихаттау мақсатында ұзақтығы күнтізбелік үш күн қосымша демалыс күндері беріледі.

Ақы төленетін қосымша демалыс күндері ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысына қосылады және мемлекеттік қызметшінің қалауы бойынша онымен бір уақытта немесе бөлек берілуі мүмкін.

5. Ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысын және ақы төленетін қосымша демалыс күндерін беру кезектілігі мемлекеттік қызметшілердің пікірін ескере отырып, уәкілетті лауазымды адам бекітетін демалыс кестесіне сәйкес жыл сайын айқындалады не тараптардың келісімі бойынша демалыс кестесінен тыс белгіленеді.

Демалыс кестесіне өзгерістер енгізуге тараптардың өзара келісімі бойынша жол беріледі.

6. Ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы мемлекеттік қызметшіге нақты жұмыс істеген уақыты үшін толық көлемде жұмыс жылы ішінде беріледі.

Ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы және (немесе) ақы төленетін қосымша демалыс күндері мемлекеттік қызметшіге демалыс кестесіне сәйкес міндетті түрде беріледі.

Мемлекеттік қызметшінің қалауы бойынша ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы, ақы төленетін қосымша демалыс күндері бөліктерге бөлініп берілуі мүмкін. Бұл ретте ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысының бір бөлігінің ұзақтығы кемінде күнтізбелік екі аптаны құрауға тиіс.

Мемлекеттік қызметшінің пайдаланылмаған ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысын, ақы төленетін қосымша демалыс күндерін немесе көрсетілген демалыстардың бір бөлігін келесі жұмыс жылына күнтізбелік отыз күннен аспайтын кезеңге ауыстыруына жол беріледі.

7. Жыл сайынғы еңбек демалысына ақы төлеу, сауықтыруға арналған жәрдемақыны төлеу, ақы төленетін қосымша демалыс күндеріне ақы төлеу демалыс басталғанға дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жүргізіледі, ал демалыс кестесінен тыс демалыс берілген жағдайда ақы төлеу демалыс берілген күнінен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

8. Мемлекеттік қызметшіге күнтізбелік жыл ішінде күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімге толық көлемде немесе бөліктерге бөлініп ақы төленетін қысқа мерзімді демалыс:

1) оның отбасы мүшелері, жақын туыстары (ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері

мен апа-сіңділері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жекжаттары (зайыбының (жұбайының) аға-інілері, апа-сіңділері (қарындастары) мен балалары) қайтыс болған;

2) некеге тұрған;

3) бала туған, бала асырап алған;

4) тараптардың өзара келісуі бойынша өзге де жағдайларда берілуі мүмкін.

Ақы төленетін қысқа мерзімді демалыс тиісті оқиға болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей берілген, мемлекеттік қызметшінің өтініші бойынша беріледі.

9. "Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберінде шетелде оқуға, тағылымдамадан өтуге жіберілген мемлекеттік қызметшіге жұмыс орны (мемлекеттік лауазымы) сақтала отырып, оқу демалысы беріледі.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қызметшіге оқу демалысы, оның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алған жағдайда оқу демалысы мемлекеттік органның келісімі бойынша беріледі.

Қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілген кезде мемлекеттік қызметшіге жұмыс орны (мемлекеттік лауазымы) мен жалақысы сақтала отырып, оқу демалысы беріледі.

Оқу демалысындағы мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасаған, қызметтік әдеп нормаларын бұзған жағдайларда, оны тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені қарау үшін оның келісімінсіз оқу демалысынан кері шақыртылуы мүмкін.

Мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару жағдайларын қоспағанда, оны тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы шешім қабылданғаннан кейін оқу демалысы қайта басталады.

10. Әкімшілік мемлекеттік қызметші өзінің жазбаша келісімімен қызметтік қажеттілік жағдайында ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысынан және (немесе) ақы төленетін қосымша демалыс күндерінен кері шақыртылуы мүмкін.

Мемлекеттік қызметшіні оның келісімінсіз ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысынан және (немесе) ақы төленетін қосымша демалыс күндерінен кері шақыртып алуға мынадай жағдайларда:

1) төтенше жағдайларды, дүлей зілзаланы немесе өндірістік аварияны болғызбау не олардың салдарын дереу жою үшін;

2) адамның еңбек қызметімен, қаза табуымен немесе мүліктің бүлінуімен байланысты жазатайым оқиғаларды болғызбау және тергеп-тексеру үшін;

3) төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген не өзге де шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезде, сондай-ақ адамның өміріне немесе денсаулығына қатер төндіретін басқа да айрықша жағдайларда жол беріледі.

Пайдаланылмаған ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысының және (немесе) ақы төленетін қосымша демалыс күндерінің қалған бөлігі мемлекеттік қызметшіге күнтізбелік жылдың кез келген басқа уақытында беріледі не мемлекеттік қызметшінің келісімімен оған ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысының және (немесе) ақы төленетін қосымша демалыс күндерінің пайдаланылмаған бөлігінің күндері үшін өтемақы төлемі жүргізіледі.

11. Мемлекеттік қызмет тоқтатылған не өзге мемлекеттік органда басқа мемлекеттік лауазымға тағайындалуына байланысты мемлекеттік лауазымнан босатылған кезде ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысын, оның бір бөлігін және (немесе) ақы төленетін қосымша демалыс күндерін пайдаланбаған мемлекеттік қызметшіге пайдаланылмаған демалыс күндері үшін өтемақы төлемі жүргізіледі. Өтемақы төлемі мемлекеттік қызметшінің орташа жалақысы есебінен есептеледі.

12. Мемлекеттік қызметшіге оның өтініші бойынша Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен жалақысы сақталмайтын демалыс берілуі мүмкін. Жалақысы сақталмайтын демалыс кезеңінде мемлекеттік қызметшінің жұмыс орны (мемлекеттік лауазымы) сақталады.

50-бап. Еңбек жағдайларының өзгеруіне байланысты кепілдіктер

1. Еңбек жағдайларының өзгеруіне алып келмейтін, әкімшілік мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік лауазымы атауының не ол жұмыс істейтін мемлекеттік орган (құрылымдық бөлімше) атауының өзгертілуі оны жұмыстан шығаруға немесе басқа мемлекеттік лауазымға тағайындауға негіз болмайды.

Бұл жағдайда мемлекеттік лауазымға тағайындау құқығы бар лауазымды адам (орган) мемлекеттік лауазымға қайта тағайындау туралы тиісті акт шығарады.

2. Уақытша бос әкімшілік мемлекеттік лауазым бойынша негізгі әкімшілік мемлекеттік қызметші жұмысқа шықпай мемлекеттік лауазымнан босатылған жағдайда, осы Заңның 28-бабының 4-тармағында аталған адамдарды қоспағанда, осы мемлекеттік лауазымды уақытша атқаратын адам конкурс өткізілмей, осы мемлекеттік лауазымда жұмысын тұрақты негізде жалғастыруға құқылы.

Бұл жағдайда мемлекеттік лауазымға тағайындау құқығы бар лауазымды адам (орган) мемлекеттік лауазымға қайта тағайындау туралы акт шығарады.

3. Мемлекеттік органның ішінде басқару құрылымы өзгерген кезде әкімшілік мемлекеттік қызметші бұрын атқарған мемлекеттік лауазымына тең дәрежелі, бұрын атқарған лауазымдық өкілеттігіне сәйкес келетін мемлекеттік лауазымға тағайындалады.

Тең дәрежелі мемлекеттік лауазым болмаған жағдайда, әкімшілік мемлекеттік қызметші белгіленген біліктілік талаптарына сай болғанда оған өзге мемлекеттік лауазым ұсынылады. Өзге мемлекеттік лауазым болмаған кезде әкімшілік мемлекеттік қызметші жұмыстан шығарылуға тиіс.

Өзге бос мемлекеттік лауазым болған кезде әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді уақытша бос мемлекеттік лауазымдарға тағайындауға жол берілмейді, бұған уақытша болмаған мемлекеттік қызметшіні алмастыру не әкімшілік мемлекеттік қызметшінің өзінің келісім беру жағдайлары кірмейді.

Ұсынылатын мемлекеттік лауазым туралы хабарламаны алған әкімшілік мемлекеттік қызметші қабылданған шешім туралы бес жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті. Көрсетілген мерзімде шешім болмаған немесе ұсынылған мемлекеттік лауазымнан бас тартылған жағдайда ол жұмыстан шығарылуға тиіс.

Кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар әкімшілік мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығарылған кезде төрт орташа айлық жалақы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді.

Мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан аз болған кезде әкімшілік мемлекеттік қызметшіге бір орташа айлық жалақы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді.

4. Мемлекеттік органға басқа мемлекеттік органның, оның ішінде жойылған (таратылған) не қайта ұйымдастырылған мемлекеттік органның функцияларын, өкілеттіктерін және (немесе) штат бірліктерін беру кезінде берілген функцияларды, өкілеттіктерді орындаған және (немесе) мұндай штат бірліктерінде тұрған әкімшілік мемлекеттік қызметшілерге басқа мемлекеттік органның, оның ішінде жойылған (таратылған) не қайта ұйымдастырылған мемлекеттік органның функциялары, өкілеттіктері және (немесе) штат бірліктері берілген мемлекеттік органда тең дәрежелі мемлекеттік лауазымдар ұсынылады.

Тең дәрежелі мемлекеттік лауазым болмаған жағдайда, әкімшілік мемлекеттік қызметші белгіленген біліктілік талаптарына сай болғанда оған сол мемлекеттік органда өзге мемлекеттік лауазым ұсынылады. Өзге мемлекеттік лауазым болмаған кезде әкімшілік мемлекеттік қызметші жұмыстан шығарылуға тиіс.

Өзге бос мемлекеттік лауазым болған кезде әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді уақытша бос мемлекеттік лауазымдарға тағайындауға жол берілмейді, бұған уақытша болмаған мемлекеттік қызметшіні алмастыру не әкімшілік мемлекеттік қызметшінің өзінің келісім беру жағдайлары кірмейді.

Ұсынылатын мемлекеттік лауазым туралы хабарламаны алған әкімшілік мемлекеттік қызметші қабылданған шешім туралы бес жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті. Көрсетілген мерзімде шешім болмаған немесе ұсынылған мемлекеттік лауазымнан бас тартылған жағдайда ол жұмыстан шығарылуға тиіс.

Кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар әкімшілік мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығарылған кезде басқа мемлекеттік органның, оның ішінде жойылған (таратылған) не қайта ұйымдастырылған мемлекеттік органның функциялары, өкілеттіктері және (немесе) штат бірліктері берілген мемлекеттік орган төрт орташа айлық жалақы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысын төлейді. Мемлекеттік

қызмет өтілі үш жылдан аз болған кезде әкімшілік мемлекеттік қызметшіге бір орташа айлық жалақы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді.

Жұмыстан шығу жәрдемақысын алған әкімшілік мемлекеттік қызметші жұмыстан шығарылғаннан кейін үш ай ішінде осы тармаққа сәйкес өзіне мемлекеттік лауазым ұсынылған мемлекеттік органға қабылданған жағдайда, жұмыстан шығу жәрдемақысын қайтаруға міндетті.

Ескертпе. Осы тармақтың мақсаттары үшін дербес заңды тұлға ретінде тіркелген мемлекеттік орган басқа мемлекеттік орган деп түсініледі.

5. Мемлекеттік органның штат кестесі немесе мемлекеттік лауазымдар қысқартылған кезде қысқартылатын мемлекеттік лауазымды атқаратын мемлекеттік қызметшіге кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі болған кезде төрт орташа айлық жалақы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді. Мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан аз болған кезде мемлекеттік қызметшіге бір орташа айлық жалақы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді.

6. Мемлекеттік орган таратылған (жойылған) жағдайда әкімшілік мемлекеттік қызметшіге кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі болған кезде төрт орташа айлық жалақы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді. Мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан аз болған кезде әкімшілік мемлекеттік қызметшіге бір орташа айлық жалақы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді.

51-бап. Мемлекеттік органды көшіру

1. Мемлекеттік органды көшіру оның орналасқан жерін белгіленген елді мекен шегінде не одан тыс жерге ауыстыруды білдіреді.

Мемлекеттік органды көшіру Қазақстан Республикасы Президентінің актісі негізінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік органды көшіру кезінде мынадай талаптар сақталуға тиіс:

1) мемлекеттік функциялардың үздіксіз орындалуын және мемлекеттік қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен мүдделерін, оның ішінде олардың еңбек ету және әлеуметтік кепілдіктерге құқықтарын сақтау;

3) мемлекеттік органды көшіруге бөлінген бюджет қаражатын ұтымды пайдалану.

3. Мемлекеттік орган кемінде бір ай бұрын көшіру және мемлекеттік қызметшілердің басқа жұмыс орындарына ауыстырылуы туралы оларды хабардар етеді. Хабарламаны алған мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік органды көшіруге байланысты басқа жұмыс орындарына ауысу жөнінде қабылданған шешім туралы бес жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті. Мемлекеттік қызметшілер орын ауыстырудан бас тартқан кезде жұмыстан шығарылуға тиіс.

4. Мемлекеттік органды басқа елді мекенге көшіру кезінде мемлекеттік қызметшілерге "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қызметтік тұрғынжай не тұрғын үй төлемдері ұсынылуға тиіс.

Мемлекеттік органды көшіруге байланысты басқа елді мекенге ауыстырылған мемлекеттік қызметшілерге берілетін тұрғын үй төлемдерінің, көтерме жәрдемақы төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, қайтару, тоқтата тұру және қайта бастау, сондай-ақ олардың жеке мүлкін тасымалдауға арналған шығындарды өтеу қағидаларын уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

52-бап. Мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қорғау шаралары

1. Мемлекеттік қызметшілер "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында айқындалатын тәртіппен тұрғынжаймен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік қызметшілердің оларды тұрғынжаймен қамтамасыз ету үшін әзірленген жеңілдікті тұрғын үй бағдарламаларына қатысуға құқығы бар. Мұндай бағдарламаларға қатысу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

2. Мемлекеттік қызметшілер және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық қызмет көрсетуді белгіленген тәртіппен пайдаланады.

3. Басқа елді мекенге ротацияланған, көшірілген немесе ауыстырылған мемлекеттік қызметшілердің (конкурс бойынша лауазымға тағайындалған мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда) мектепке дейінгі жастағы балаларының тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі балалар мекемелеріне кезектен тыс қабылдануға құқығы бар.

4. Мемлекеттік қызметшілерге, конкурс бойынша мемлекеттік лауазымға орналасуды қоспағанда, бір елді мекеннен екіншісіне көшуге байланысты қызмет бабындағы лауазымдық орын ауыстыру кезінде тұрғын үй төлемдері, көтерме жәрдемақы беріледі, сондай-ақ олардың жеке мүлкін тасымалдауға жұмсалған шығындары өтеледі.

Басқа елді мекенге тағайындалған мемлекеттік қызметшілерге берілетін тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, қайтару, тоқтата тұру және қайта бастау, сондай-ақ олардың жеке мүлкін тасымалдауға арналған шығындарды өтеу қағидаларын уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Басқа елді мекенге тағайындалған кезде тұрғын үй төлемдеріне, көтерме жәрдемақыға, сондай-ақ жеке мүлкін тасымалдауға арналған шығындардың өтелуіне құқығы бар мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізбесі басқа елді мекенге

тағайындалған мемлекеттік қызметшілерге берілетін тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, қайтару, тоқтата тұру және қайта бастау, сондай-ақ олардың жеке мүлкін тасымалдауға арналған шығындарды өтеу қағидаларында айқындалады.

5. Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылады.

6. Мемлекеттік қызметші қайтыс болған жағдайда оның отбасы мүшелеріне мемлекеттік органдағы соңғы қызмет орны бойынша үш орташа айлық жалақы мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді, бұл ретте жәрдемақы мөлшері Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген мөлшерден төмен болмауға тиіс.

7. Мемлекеттік қызметші міндетті медициналық қарап-тексеруден өтуге жіберілген кезде не мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау үшін уақытша босатылған кезде оның жұмыс орны (мемлекеттік лауазымы) және жалақысы сақталады.

53-бап. Еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңінде мемлекеттік қызметті өткеру ерекшеліктері

1. Мемлекеттік орган мемлекеттік қызметшілерге еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша төлемдерді көзделген қаражат есебінен төлеуге міндетті.

Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша төлемдер:

1) мемлекеттік қызметшінің кінәлі екені соттың заңды күшіне енген айыптау үкімімен белгіленген жағдайда, ол еңбекке уақытша жарамсыздықты қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде лауазымдық міндеттерін орындағанда алса;

2) жұмыскер алкогольді, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды тұтынудан туындаған аурулардың салдарынан немесе өндірістік жарақаттардан еңбекке уақытша жарамсыз болған кезде;

3) жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына, қосымша демалыс күндеріне, қысқа мерзімді демалысқа, жалақы сақталмайтын демалысқа тура келетін еңбекке уақытша жарамсыздық күндері үшін;

4) бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалысқа тура келетін еңбекке уақытша жарамсыздық күндері үшін;

5) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда төленбейді.

2. Мемлекеттік қызметшінің еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңі, ауру денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін еңбекке жарамсыздықтың неғұрлым ұзақ мерзімі белгіленген аурулар тізбесіне енгізілген жағдайларды қоспағанда, қатарынан екі айдан не жұмыс жылы ішінде әртүрлі ауру бойынша жиынтығы алты айдан аспауға тиіс.

Еңбекке уақытша жарамсыздықтың белгіленген мерзімінің аяқталуы мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығаруға негіз болады.

Осы тармақтың күші мемлекеттік қызметшінің жүктілікке, босануға немесе жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыста болу жағдайларына қолданылмайды.

Мемлекеттік қызметшінің лауазымдық өкілеттіктерін атқару кезінде алған өндірістік жарақаттарға не мертігулерге (жаралануларға, контузияларға, жарақаттарға) байланысты емделуде болу уақыты мерзіммен шектелмейді.

54-бап. Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру

Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

55-бап. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік іссапарлар кезіндегі кепілдіктері мен өтемақылары

1. Мемлекеттік қызметшілерге қызметтік, оның ішінде шет мемлекеттерге іссапарларға баруға арналған шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеледі.

Мемлекеттік қызметшілерге қызметтік іссапарда болған уақыты үшін тәулікақы алуға, межелі жерге баруға және кері қайтуға жол жүру шығыстарын, тұрғын үй-жайды жалдау шығыстарын өтеуге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кепілдіктер мен құқық қолданылады.

2. Іссапарға жіберілген мемлекеттік қызметшілердің жұмыс орны (мемлекеттік лауазымы) және жалақысы сақталады.

56-бап. Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі персоналының кепілдіктері мен өтемақылары

Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі персоналының кепілдіктері мен өтемақылары "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

57-бап. Мемлекеттік қызметшілерді әскери қызметке шақыру кезіндегі кепілдіктер

Мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызметке (жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскерге шақыруды қоспағанда), әскери жиындардан өтуге шақырылған жағдайда оларға әскери қызмет (әскери жиындар) кезеңінде жалақысы сақталмайтын демалыс беріледі және олардың жұмыс орны (мемлекеттік лауазымы) сақталады, ал резервтегі әскери қызметті

өткеру туралы келісімшарт жасалған жағдайда жауынгерлік даярлық бойынша сабақтарда немесе жиындарда, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарда болған кезеңде жұмыс орны (мемлекеттік лауазымы) сақталады.

8-тарау. ҚЫЗМЕТТІК ТӘРТІП

58-бап. Қызметтік тәртіп

1. Мемлекеттік қызметшінің Қазақстан Республикасының заңнамасын, мемлекеттік органдардың актілерін және өзінің лауазымдық міндеттерін міндетті түрде сақтауы мемлекеттік қызметтегі қызметтік тәртіп болып саналады.

2. Мемлекеттік органдардың және мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары бағынысты мемлекеттік қызметшілер арасындағы қызметтік тәртіптің жай-күйіне жауапты болады.

3. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасауды қоспағанда, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдар орналасқан жерден тыс жерде қызметтен тыс уақытта жасаған және қызмет бабымен немесе мемлекеттік қызмет мүдделерімен байланысты емес қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін тиісті басшы жауапты болмайды.

4. Қызметтік тәртіпті қамтамасыз ету және нығайту мақсатында мемлекеттік қызметшілерге қатысты көтермелеу шаралары, тәртіптік жазалар, сондай-ақ осы Заңда көзделген, тәртіптік жазамен байланысты емес құқықтық ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

59-бап. Көтермелеу

1. Мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, аса маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны, жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың қызметін бағалау нәтижелері бойынша қолданылады.

2. Мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік органның актісінде нақты сіңірген еңбегі көрсетіле отырып, мынадай көтермелеу қолданылуы мүмкін:

- 1) біржолғы ақшалай сыйақы түріндегі сыйлықақы беру;
- 2) алғыс жариялау;
- 3) бағалы сыйлықпен марапаттау;
- 4) грамотамен марапаттау;
- 5) құрметті атақ беру;
- 6) тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алу;

7) көтермелеудің өзге де нысандары, оның ішінде ведомстволық наградалармен марапаттау.

Тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алған кезде онымен бір уақытта бір ай ішінде көтермелеудің басқа да нысандары қолданылмайды.

Бір реттік ақшалай сыйақы түріндегі сыйлықақы беруді, тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алуды қоспағанда, мемлекеттік қызметшілерге қатысты көтермелеуді қолданудың үлгілік қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.

3. Мемлекеттік қызметшілер ерекше еңбек сіңіргені үшін "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік наградалармен марапаттауға ұсынылуы мүмкін.

4. Ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және өзге де мерекелерді атап өтуге орай Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінің ардагерлері Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен ведомстволық наградалармен марапаттауға ұсынылуы мүмкін.

5. Мемлекеттік наградамен немесе уәкілетті органның ведомстволық наградасымен марапатталған, мемлекеттік қызмет өтілі жиырма бес жылдан кем емес мемлекеттік қызметші зейнеткерлікке шыққан кезде оған төрт лауазымдық айлықақы мөлшерінде біржолғы ақшалай сыйақы төленеді.

60-бап. Мемлекеттік қызметшілердің жауаптылығы

1. Мемлекеттік қызметшілер өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны, Қазақстан Республикасы заңнамасының және мемлекеттік органдар актілерінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңдық жауаптылықта болады.

Заңдық жауаптылық қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауаптылықты қамтиды.

2. Саяси жауаптылық мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен міндеттерін тиісінше орындамағаны және (немесе) оларға қол жеткізбегені үшін туындайды.

Саяси жауаптылық саяси мемлекеттік қызметшілердің орнынан түсуіне, сенімнен айырылуына не мемлекеттік лауазымға тағайындауға және атқаратын мемлекеттік лауазымнан босатуға уәкілеттік берілген лауазымды адамның (органның) өкілеттікті тоқтату туралы шешім қабылдауына байланысты олардың өкілеттігін тоқтатуға алып келеді.

Саяси мемлекеттік қызметшілер саяси және заңдық жауаптылықта болады.

3. Сайланбалы мемлекеттік қызметшілер заңдық жауаптылықта болады.

Сайланбалы мемлекеттік қызметшілер сайлауалды бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізбегені және (немесе) өздерінің лауазымдық өкілеттігі шеңберінде қабылдайтын не іске асыратын шешімдері үшін де халық алдында

жауаптылықта болады, ол орнынан түсуге байланысты немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де жағдайларда олардың өкілеттігін тоқтатуды қамтиды.

4. Әкімшілік мемлекеттік қызметшілер заңдық жауаптылықта болады.

5. Лауазымды адамдардың лауазымдық міндеттерді орындауға қатысы жоқ және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға бағытталған бұйрықтар, өкімдер беруіне тыйым салынады.

Мемлекеттік қызметшінің көрінеу құқыққа қайшы бұйрықты, өкімді орындауы оны жауаптылықтан босатпайды.

Мемлекеттік қызметші орындау үшін алынған бұйрықтың, өкімнің құқыққа сыйымды екеніне күмәнданған кезде бұл туралы өзінің тікелей басшысына және бұйрықты, өкімді берген басшыға жазбаша түрде дереу хабарлауға тиіс. Мемлекеттік қызметшінің тікелей басшысы және басшысы бұйрықты, өкімді жазбаша растаған жағдайда, егер оларды орындау қылмыстық құқық бұзушылықтарға немесе әкімшілік құқық бұзушылықтарға жататын әрекеттерге алып келмесе, мемлекеттік қызметші оларды орындауға міндетті.

Мемлекеттік қызметшінің құқыққа сыйымсыз бұйрықты, өкімді орындауының салдарлары үшін бұйрықты, өкімді растаған тікелей басшы немесе басшы жауапты болады.

6. Мемлекеттік қызметшілердің өздеріне қатысты қабылданатын мемлекеттік органның шешімдеріне, оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік органға және (немесе) уәкілетті органға не сотқа шағым жасауға құқығы бар.

7. Мемлекеттік органдардың басшылары мен олардың орынбасарлары, әкімдер мен олардың орынбасарлары, мемлекеттік органдар аппараттарының басшылары, құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, өздеріне тікелей бағынысты не өздері жетекшілік ететін адамдардың сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін мынадай жағдайлар жиынтығы болса:

1) сыбайлас жемқорлық қылмыс пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерді орындамаудағы немесе тиісінше орындамаудағы кінәсінің арасында байланыс анықталған;

2) аталған адамдарға қатысты сыбайлас жемқорлық қылмыс үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы заңды күшіне енген сот актісі болған не сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін қылмыстық істі қылмыстық қудалау органы немесе сот Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде тоқтатқан жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

8. Мемлекеттік органға келтірілген залал үшін мемлекеттік қызметшінің материалдық жауаптылығы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және мөлшерлерде туындайды.

9. Мемлекеттік қызметші мемлекеттік органға келтірілген тікелей нақты залалды өтеуге міндетті.

10. Егер нұқсан еңсерілмейтін күш не аса қажеттілік, қажетті қорғаныс, сондай-ақ мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшіге берілген мемлекеттік мүліктің сақталуы үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін орындамауы салдарынан туындаса, мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік органға келтірілген залал үшін материалдық жауаптылығы болмайды.

61-бап. Мемлекеттік қызметшінің тәртіптік теріс қылықтары және тәртіптік жазалар

1. Мемлекеттік қызметшінің тәртіптік теріс қылығы (бұдан әрі – тәртіптік теріс қылық) – мемлекеттік қызметшінің өзіне жүктелген міндеттерді құқыққа қайшы түрде, кінәлі болатындай орындамауы немесе тиісінше орындамауы, лауазымдық өкілеттігін асыра пайдалануы, қызметтік тәртіп пен қызметтік әдепті бұзуы, сондай-ақ бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдамауы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармақтың қолданысы, егер осы Заңның 90-бабының 3-тармағында өзгеше көзделмесе, 01.01.2029 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұрған кезеңде қолданыста болатын редакцияны 90-б 2-тармағынан қараңыз.

2. Тәртіптік жазалар тәртіптік жауаптылық шарасы болып саналады.

Тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін мемлекеттік қызметшілерге мынадай тәртіптік жаза түрлері қолданылады:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) қызметке толық сай еместігі туралы ескерту;
- 5) мемлекеттік қызметшінің лауазымдық деңгейін төмендету;

6) сайланған мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, мемлекеттік лауазымын төмендету;

7) сайланған мемлекеттік қызметшіні атқаратын лауазымына сай емес деп тану;

8) сайланған мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, атқаратын мемлекеттік лауазымынан шығару.

Қазақстан Республикасының заңдарында өзге де жаза түрлері белгіленуі мүмкін.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақтың қолданысы, егер осы Заңның 90-бабының 3-тармағында өзгеше көзделмесе, 01.01.2029 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұрған кезеңде қолданыста болатын редакцияны 90-б 2-тармағынан қараңыз.

3. Мемлекеттік лауазымын төмендету түріндегі тәртіптік жаза, уақытша бос мемлекеттік лауазымдарды қоспағанда, мемлекеттік органда келесі төмен тұрған бос мемлекеттік лауазым болғанда және мемлекеттік қызметші осы мемлекеттік лауазымға белгіленген біліктілік талаптарына сай келген кезде қолданылады. Төмен тұрған мемлекеттік лауазымға тағайындау конкурс өткізілмей жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметшінің лауазымдық деңгейін төмендету түріндегі тәртіптік жаза келесі төмен тұрған лауазымдық деңгей болған кезде қолданылады. Ол болмаған кезде осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес мемлекеттік лауазымын төмендету түріндегі тәртіптік жаза қолданылады.

Атқаратын мемлекеттік лауазымынан шығару және сайланған мемлекеттік қызметшіні атқаратын лауазымына сай емес деп тану түріндегі тәртіптік жаза осы Заңда көзделген негіздер бойынша қолданылады.

4. Басқа саяси немесе әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасқан мемлекеттік қызметші бұрынғы мемлекеттік лауазымда тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану мерзімдері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

5. Тәртіптік жаза:

1) мұндай өкілеттігі бар лауазымды адам (орган) не осындай өкілеттік берілген өзге де лауазымды адам (орган) (бұдан әрі – тәртіптік жаза қолдануға уәкілеттік берілген адам) тарапынан қолданылады;

2) бірінші тәртіптік жазаны қолдану заңды болса және тәртіптік жаза теріс қылықтың ауырлығына сәйкес келсе, сол бір теріс қылық үшін қайта қолданылмайды;

3) осы Заңға және Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану тәртібіне сәйкес қолданылады.

6. Мыналар тәртіптік жаза қолдануға уәкілеттік берілген адамдар деп танылады:

1) саяси мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза қолдану кезінде – саяси мемлекеттік қызметшіні лауазымға тағайындау және оны лауазымнан босату құқығы бар лауазымды адам (орган) не ол уәкілеттік берген лауазымды адам (орган);

2) сайланған мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза қолдану кезінде – жоғары тұрған лауазымды адам;

3) жергілікті өкілді орган тағайындайтын әкімшілік мемлекеттік қызметшіні қоспағанда, әкімшілік мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза қолдану кезінде – әкімшілік мемлекеттік қызметшіні лауазымға тағайындау және оны лауазымнан босату құқығы бар лауазымды адам (орган) не ол уәкілеттік берген лауазымды адам (орган);

4) жергілікті өкілді орган тағайындайтын әкімшілік мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза қолдану кезінде – жергілікті өкілді орган не ол уәкілеттік берген лауазымды адам (уәкілетті орган).

7. Мемлекеттік қызметшінің тәртіптік жауаптылығы мәселелері бойынша шешімді тәртіптік жаза қолдануға уәкілеттік берілген адам қабылдайды.

Мемлекеттік қызметшінің тәртіптік жауаптылығын алқалы орган Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану тәртібіне сәйкес қарайды.

8. Сайланған мемлекеттік қызметшіге оны атқаратын лауазымына сай емес деп тану түрінде тәртіптік жаза қолданылған кезде тиісті актінің көшірмесі жергілікті өкілді органға жіберіледі, ол сайланған мемлекеттік қызметшінің өкілеттігін тоқтату туралы не оның өз міндеттерін жүзеге асыруын жалғастыруы туралы мәселені бір ай мерзімде қарайды.

Сайланған мемлекеттік қызметшінің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда жергілікті өкілді орган шешімінің көшірмесі тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жіберіледі.

Жергілікті өкілді органның шешімі негізінде аумақтық сайлау комиссиясы сайланған мемлекеттік қызметшінің өкілеттігін жоғалту фактісін назарға алады.

62-бап. Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар

1. Осы Заңда мемлекеттік қызметшілердің мынадай іс-әрекеттері мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар деп танылады:

1) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне құқыққа сыйымсыз араласуы;

2) өзінің лауазымдық өкілеттіліктерін өзінің не жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандырумен байланысты мәселелерді шешу кезінде пайдалануы;

3) мемлекеттік қызметке кіру және мемлекеттік қызметте ілгерілету кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген артықшылықтар беруі (тамыр-таныстық, отбасылық жақындық);

4) шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға құқыққа сыйымсыз қолдау көрсетуі;

5) кәсіпкерлік және кіріс алумен байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруда кімге болмасын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген кез келген жәрдем көрсетуі;

6) мемлекеттік функцияларды орындау кезінде алынған ақпаратты, егер мұндай ақпарат ресми таратылуға жатпайтын болса, жеке немесе топтық мүдде үшін пайдалануы;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында жеке және (немесе) заңды тұлғаларға берілуі көзделген ақпаратты беруден негізсіз бас тартуы не оны кешіктіріп беруі, анық емес немесе толық емес ақпарат беруі;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында жеке және (немесе) заңды тұлғалардың беруі көзделмеген ақпаратты мұндай тұлғалардан талап етуі;

9) мемлекеттік қаржылық және материалдық ресурстарды жекелеген кандидаттардың сайлау қорларына беруі;

10) адамдардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін аталған адамдарға сыйлықтарды тарту етуі және қызметтік емес қызметтер көрсетуі;

11) жеке және (немесе) заңды тұлғаларға құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына ашық кедергі жасауы;

12) кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 151-бабының 1), 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында, 156-бабы 2-тармағының 2), 6) және 8) тармақшаларында белгіленген мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын талаптарды өрескел бұзуы;

13) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаларға осындай қызметті мемлекеттік реттеу, сондай-ақ оны бақылау мен қадағалау өкілеттіктерін беруі;

14) мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларын мемлекеттік орган мәртебесі жоқ ұйымдарға беруі;

15) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, өздерінің мемлекеттік немесе соған теңестірілген функцияларын атқарғаны үшін өзі оларда тиісті функциялар орындамайтын ұйымдардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан ақша, көрсетілетін қызметтер түрінде және өзге де нысандарда кез келген сыйақыны қабылдауы.

Мемлекеттік қызметшінің шотына аталған адам хабардар етілмей келіп түскен ақша , сондай-ақ ол тиісті функцияларын орындауына байланысты осы тармақшаның бірінші бөлігін бұза отырып алған қаражат олар анықталғаннан кейін екі аптадан аспайтын мерзімде тиісті мемлекеттік кіріс органына мұндай қаражаттың келіп түсу мән-жайлары туралы түсініктеме ұсыныла отырып, республикалық бюджетке аударылуға тиіс;

16) өздерінің мемлекеттік немесе соған теңестірілген функцияларын атқаруға байланысты қызмет бабында өздеріне тәуелді мемлекеттік қызметшілерден және өзге адамдардан жалпы қамқорлығы немесе қызмет бабындағы салғырттығы үшін сыйлықтарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қабылдауы.

Мемлекеттік қызметшіге хабардар етілмей келіп түскен, сондай-ақ ол тиісті функцияларын атқаруына байланысты осы тармақшаның бірінші бөлігін бұза отырып алған сыйлықтар сыйлық алынған күннен бастап не мемлекеттік қызметшіге сыйлықтың келіп түскені туралы мәлім болған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз берілуге жатады, ал мемлекеттік қызметшіге нақ сондай мән-жайларда көрсетілген қызметтер үшін қызмет

көрсетілген күннен бастап не мемлекеттік қызметшіге қызметтің көрсетілгені туралы мәлім болған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде республикалық бюджетке ақша аудару арқылы ақы төленуге тиіс.

Өзіне сыйлықтар келіп түскен мемлекеттік қызметші оларды "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен сатып алуға құқылы. Сыйлықтарды сатудан түскен ақша республикалық бюджетке аударылады;

17) шетелдік те, Қазақстан Республикасының да жеке және заңды тұлғалары есебінен мемлекетішілік және шетелдік туристік, емдеу-сауықтыру және өзге де сапарларға шақыруларды қабылдауы, оған мыналар:

жұбайының (зайыбының), туыстарының өз есебінен шақыруы бойынша;

өзге де жеке тұлғалардың шақыруы бойынша (жоғары тұрған лауазымды адамның және (немесе) органның келісімімен), егер олармен арадағы қарым-қатынастар шақырылатындардың қызмет бабындағы мәселелерді қозғамаса;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен шет мемлекеттердің мемлекеттік органдары арасындағы өзара уағдаластық бойынша тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) халықаралық ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын;

жоғары тұрған лауазымды адамның немесе органның келісімімен ғылыми, спорттық, шығармашылық, кәсіби, гуманитарлық іс-шараларға қатысу үшін ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын сапарлар, оның ішінде осындай ұйымдардың жарғылық қызметі шеңберінде жүзеге асырылатын сапарлар қосылмайды;

18) кредиттер, несиелер алуда, бағалы қағаздарды, жылжымайтын және өзге де мүлікті сатып алуда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген артықшылықтарды пайдалануы.

2. Лауазымдық өкілеттіктерді атқарумен байланысты емес, бірақ мемлекеттік қызметтің қадірі мен беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер де, атап айтқанда:

1) есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, прекурсорларды медициналық емес мақсатта тұтыну;

2) көлік құралын алкогольдік және (немесе) есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқару мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар болады.

3. Мемлекеттік қызметшінің отбасы мүшелері мемлекеттік қызметші қызмет бабында байланысты болатын шетелдік те, Қазақстан Республикасының да жеке және заңды тұлғаларының есебінен сыйлықтарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді, туристік, емдеу-сауықтыру және өзге де сапарларға шақыруларды қабылдауға құқылы емес.

Мемлекеттік қызметші өзінің отбасы мүшелері заңсыз алған сыйлықтарды сыйлық алынғаны туралы өзіне мәлім болған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз беруге және өзінің

отбасы мүшелері құқыққа сыйымсыз пайдаланған көрсетілген қызметтердің құнын қызмет көрсетілгені туралы мемлекеттік қызметшіге мәлім болған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде республикалық бюджетке ақша аудару арқылы өтеуге міндетті.

4. Мемлекеттік қызметшінің осы баптың 1-тармағының 1), 6), 7), 8), 10), 11) және 12) тармақшаларында көрсетілген, мемлекеттік қызметке кір келтіретін қандай да бір тәртіптік теріс қылықтар жасауы, егер оларда қылмыстық құқық бұзушылық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаса, мемлекеттік лауазымын төмендетуге, ал төмен тұрған бос мемлекеттік лауазым болмаған жағдайда – қызметке толық сай еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жазаны қолдануға алып келеді.

Бірінші тәртіптік теріс қылығы үшін тәртіптік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тәртіптік теріс қылықтарды қайталап жасау атқаратын мемлекеттік лауазымынан шығаруға, сайланған мемлекеттік қызметшіні атқаратын лауазымына сай емес деп тануға алып келеді.

5. Мемлекеттік қызметшінің осы баптың 1-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген, мемлекеттік қызметке кір келтіретін қандай да бір тәртіптік теріс қылықтар жасауы, егер оларда қылмыстық құқық бұзушылық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаса, қызметке толық сай еместігі туралы ескерту, сайланған мемлекеттік қызметшіні атқаратын лауазымына сай емес деп тану, атқаратын мемлекеттік лауазымынан шығару түріндегі тәртіптік жазаны қолдануға алып келеді.

Бірінші тәртіптік теріс қылығы үшін тәртіптік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тәртіптік теріс қылықтарды қайталап жасау атқаратын мемлекеттік лауазымынан шығаруға, сайланған мемлекеттік қызметшіні атқаратын лауазымына сай емес деп тануға алып келеді.

6. Мемлекеттік қызметшінің осы баптың 1-тармағының 9), 13), 14), 15), 16), 17) және 18) тармақшалары мен 2-тармағында көрсетілген, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтың қайсыбірін жасауы атқаратын мемлекеттік лауазымынан шығаруға, сайланған мемлекеттік қызметшіні атқаратын лауазымына сай емес деп тануға алып келеді.

63-бап. Тәртіптік жаза қолданудың негіздері мен шарттары, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауаптылыққа тарту кезінде олардың құқықтарына берілетін кепілдіктер

1. Мемлекеттік қызметшінің тәртіптік теріс қылық жасауы тәртіптік жаза қолдануға негіз болады.

Мемлекеттік қызметшінің тәртіптік жауаптылығын болғызбайтын мән-жайлардың болмауы тәртіптік жаза қолданудың шарты болады.

2. Мыналар тәртіптік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайлар деп танылады:

1) тәртіптік жаза қолдану мерзімінің аяқталуы;

2) тікелей басшы және басшы растаған құқыққа сыйымсыз бұйрықты, өкімді орындау;

3) егер жеке және заңды тұлғалардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті өзге де тәсілдермен жою мүмкін болмаса, бұл қауіпті жою үшін мәжбүрлі шаралар;

4) бұзылуы тәртіптік жауаптылыққа алып келетін, бұрын шығарылған актінің немесе оның жекелеген ережелерінің күші жойылды деп тану, олардың күшін жою;

5) мемлекеттік қызметшіні лауазымды адам ретінде әкімшілік жауаптылыққа тарту;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар.

3. Тәртіптік жаза қолдану және оның түрін айқындау кезінде мынадай өлшемшарттар ескеріледі:

1) жасалған тәртіптік теріс қылықтың мазмұны мен сипаты;

2) жасалған теріс қылықтың ауырлығы мен мән-жайлары;

3) мемлекеттік қызметшінің жеке басын және оның қызметке көзқарасын сипаттайтын деректер;

4) мемлекеттік қызметші кінәсінің дәрежесі;

5) тәртіптік жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар;

6) тәртіптік жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар.

4. Мыналар тәртіптік жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар деп танылады:

1) мемлекеттік қызметшінің өзінің тәртіптік теріс қылық жасағаны туралы тікелей басшысына немесе мемлекеттік органның басшылығына ерікті түрде хабарлауы;

2) тәртіптік жаза болмаған кезде тәртіптік теріс қылық жасау және теріс қылық жасау фактісімен келісудің болуы;

3) тәртіптік теріс қылықты жеке немесе отбасылық ауыр мән-жайлар қалыптасқан кезде жасау;

4) тәртіптік теріс қылықты тәндік, психикалық не өзге де мәжбүрлеу салдарынан жасау;

5) теріс салдардың болмауы.

5. Мыналар тәртіптік жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар деп танылады:

1) егер мемлекеттік қызметшіге бірінші теріс қылығы үшін тәртіптік жаза қолданылған және ол белгіленген тәртіппен алынбаған болса, сондай тәртіптік теріс қылықты қайталап жасау;

2) қарамағындағы мемлекеттік қызметшіні тәртіптік теріс қылық жасауға тарту;

3) тәртіптік теріс қылықты төтенше жағдай немесе өзге де шектеу шаралары енгізілген кезеңде жасау;

4) лауазымдық міндеттерді өрескел сақтамау;

5) тәртіптік теріс қылықты профилактикалық есепте болған кезеңде жасау;

6) тәртіптік теріс қылықты алкогольдік және (немесе) есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде немесе психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну салдарынан жасау.

6. Мемлекеттік қызметшінің міндеттерін тиісінше орындамауы немесе орындамауы лауазымдық міндеттерді өрескел сақтамауға жатады, олар:

1) адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруді;

2) қоғамдық резонанс тудырған, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуі мен міндеттерін орындауына кедергі келтіретін әрекеттер жасауды, қызметтік әдепті сақтамауды;

3) жұмыста алкогольдік және (немесе) есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде болуды, оның ішінде жұмыс күні ішінде осындай масаңдықты тудыратын заттарды тұтынуды;

4) мемлекеттік органның мүдделеріне зиян келтірген қызметтік ақпаратты жария етуді;

5) адамның және азаматтың жеке өмірін, ар-намысы мен қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді жария етуді;

6) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етпеуді, сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті қызметтік емес мақсаттарда пайдалануды;

7) теріс салдарға алып келген, мемлекеттік қызметтің имиджіне анық нұқсан келтіретін өзге де әрекеттер жасауды;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де әрекеттер жасауды қамтиды.

7. Тәртіптік жазаны қолдану тәртіптік теріс қылық жасаған мемлекеттік қызметшіні міндетін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жаза қолданылған міндетін орындаудан босатпайды.

8. Мемлекеттік қызметші өзін тәртіптік жауаптылыққа тартумен байланысты барлық материалмен таныстырылуға тиіс, оған қызметтік тергеп-тексеру рәсіміне жеке өзінің қатысуына құқық беріледі.

9. Жауаптылыққа тартылатын мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

64-бап. Тәртіптік жаза қолдану және оның мерзімдері

1. Тәртіптік жаза тәртіптік теріс қылық анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады және оны теріс қылық жасалған күннен бастап алты айдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін осы Заңда көзделген тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан

кешіктірілмей қолданылады және оны теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Қылмыстық қудалау органы немесе сот қылмыстық істі тоқтатқан, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған және мемлекеттік қызметшінің іс-әрекеттерінде тәртіптік теріс қылық белгілері болған жағдайларда тәртіптік жаза қылмыстық іс, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей, бірақ осы теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей қолданылады.

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және оны теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Мемлекеттік қызметшінің тәртіптік жауаптылығын қарайтын алқалы орган тәртіптік жаза қолдану туралы ұсынымды тәртіптік жаза қолдануға уәкілеттік берілген адамға енгізген күн не аталған адамға мемлекеттік қызметшінің осы теріс қылықты өзінің жасау фактісімен келісетіні туралы жазбаша түсініктеме берілген күн мерзімнің өтуі басталатын, тәртіптік теріс қылық анықталған күн деп есептеледі.

Белгілі бір теріс қылықтың бірыңғай құрамының үздіксіз жүзеге асырылуымен сипатталатын және ол анықталған кезде аяқталмаған тәртіптік теріс қылық ұзаққа созылған тәртіптік теріс қылық деп танылады.

2. Мынадай:

- 1) мемлекеттік қызметшінің еңбекке уақытша жарамсыздығы;
- 2) мемлекеттік қызметші демалыста немесе іссапарда болған;
- 3) мемлекеттік қызметші даярлауда, қайта даярлауда, біліктілігін арттыру курстарында және тағылымдамада болған;
- 4) мемлекеттік қызметші мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау уақытына өз міндеттерін атқарудан босатылған;
- 5) мемлекеттік қызметші өзін тәртіптік жауаптылыққа тартумен байланысты мемлекеттік органдардың актілері мен материалдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасаған;
- 6) қылмыстық іс бойынша іс жүргізілген, сондай-ақ мемлекеттік қызметшінің өз лауазымдық өкілеттіктерін атқаруымен байланысты тиісті сот актісі заңды күшіне енгенге дейінгі;
- 7) сыбайлас жемқорлық қылмыс бойынша қылмыстық іс жүргізілген, сондай-ақ қарамағындағы мемлекеттік қызметшіге қатысты тиісті сот актісі заңды күшіне енгенге дейінгі;
- 8) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізілген, сондай-ақ мемлекеттік қызметшінің өз лауазымдық өкілеттіктерін атқаруымен байланысты тиісті сот актісі немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген лауазымды адамның актісі заңды күшіне енгенге дейінгі;

9) мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшінің әрекетімен (әрекетсіздігімен) байланысты шешімі сотта қаралған жағдайларда тәртіптік жаза қолдану мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.

Тәртіптік жаза қолдану мерзімінің өтуі прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін қарау кезеңінде де тоқтатыла тұрады және осы акт бойынша шешім қабылданған күннен бастап қайта басталады.

3. Мемлекеттік қызметшіні іссапарға жіберу және (немесе) демалыстан кері шақыртып алу оны тәртіптік жауаптылыққа тартумен байланысты жағдайларды қоспағанда, осы баптың 2-тармағында көрсетілген жағдайларда тәртіптік жауаптылық туралы мәселені қарау тоқтатыла тұрады, сондай-ақ тәртіптік жаза қолданылмайды.

Егер мемлекеттік қызметшіге оның тәртіптік жауаптылығына байланысты материалдардың қаралатыны туралы оның еңбекке уақытша жарамсыздығы басталғанға дейін тиісті түрде хабарланса, тәртіптік жауаптылық туралы мәселені қарау тоқтатыла тұрмайды.

4. Тәртіптік жазаны қолдану мерзімі:

- 1) ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап екі айдан;
- 2) сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап үш айдан;
- 3) қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап төрт айдан;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4) тармақшаның қолданысы, егер осы Заңның 90-бабының 3-тармағында өзгеше көзделмесе, 01.01.2029 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұрған кезеңде қолданыста болатын редакцияны 90-б 2-тармағынан қараңыз.

4) қызметке толық сай еместігі туралы ескерту, мемлекеттік қызметшінің лауазымдық деңгейін төмендету, сайланған мемлекеттік қызметшіні атқаратын лауазымына сай емес деп тану түріндегі тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап алты айдан аспауға тиіс.

Мемлекеттік лауазымды төмендету түріндегі тәртіптік жаза бойынша қолданылу мерзімі белгіленбейді.

5. Алдыңғы тәртіптік теріс қылық үшін тәртіптік жаза қолданылғаннан кейін алты ай ішінде тәртіптік теріс қылықты қайталап жасау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен атқаратын мемлекеттік лауазымынан шығаруға дейінгі неғұрлым қатаң тәртіптік жазаға алып келеді.

6. Тәртіптік жаза қолдануға уәкілеттік берілген адам, егер бұрын қолданылған тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі аяқталмаса, тәртіптік жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар болса, тәртіптік жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар болмаса, тәртіптік жаза қолданбастан, тәртіптік жазамен байланысты емес құқықтық ықпал ету шараларымен, бұрын қолданылған тәртіптік жазамен шектелуге құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға қолданылмайды.

7. Тәртіптік жаза қолдануға уәкілеттік берілген адам тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын алуы мүмкін.

65-бап. Мемлекеттік қызметшіні лауазымдық өкілеттіктерін атқарудан уақытша шеттету

Мемлекеттік қызметші:

1) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес лауазымдық өкілеттіктерін атқарудан уақытша шеттетілуі мүмкін;

2) оның тәртіптік жауаптылығы қаралған жағдайда – тәртіптік жаза қолдануға уәкілеттік берілген адам тәртіптік жауаптылық туралы мәселе шешілгенге дейін жалақысын сақтай отырып, бір айдан аспайтын мерзімге лауазымдық өкілеттіктерін атқарудан уақытша шеттетуі мүмкін.

Тәртіптік жаза қолдануға уәкілеттік берілген адам мемлекеттік қызметшіні лауазымдық өкілеттіктерін атқарудан уақытша шеттету туралы акт шығарады.

66-бап. Тәртіптік жазамен байланысты емес құқықтық ықпал ету шаралары

1. Тәртіптік жазамен байланысты емес құқықтық ықпал ету шаралары мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік теріс қылық жасауының алдын алу, оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мақсатында мемлекеттік қызметшілерге қатысты қолданылады.

2. Тәртіптік жазамен байланысты емес құқықтық ықпал ету шараларын қабылдау туралы мәселені қарау үшін мынадай мән-жайлардың:

1) тәртіптік теріс қылық жасаудың;

2) әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың;

3) жеке және (немесе) заңды тұлғалар жолданымдарының, бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпараттың;

4) құқық қорғау органдары мен өзге де мемлекеттік органдар жолданымдарының болуы негіз болады.

3. Тәртіптік жазамен байланысты емес құқықтық ықпал ету шаралары:

1) профилактикалық әңгімелесу;

2) жазбаша ескерту;

3) мемлекеттік қызметшінің өз лауазымдық міндеттерін тиімді орындауы үшін қажетті мемлекеттік қызметшінің құзыреттерін тексеру;

4) мемлекеттік қызметшінің мінез-құлқына қатысты жеке ұсынымдар;

5) профилактикалық есепке алу және мониторингтеу.

4. Тәртіптік жазамен байланысты емес құқықтық ықпал ету шаралары тәртіптік жазалармен бірге не тәртіптік жауаптылықты болғызбайтын немесе жеңілдететін мән-жайлар болған жағдайларда бөлек қолданылуы мүмкін.

Тәртіптік жазамен байланысты емес құқықтық ықпал ету шаралары тәртіптік жаза қолдануға уәкілеттік берілген адамның шешімі бойынша қолданылады.

Тәртіптік жазамен байланысты емес құқықтық ықпал ету шараларын қолдану туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

5. Мемлекеттік органдардың тәртіптік жазамен байланысты емес құқықтық ықпал ету шаралары жөніндегі қызметін үйлестіруді және оларды есепке алуды әдеп жөніндегі уәкілдер жүзеге асырады.

Тәртіптік жазамен байланысты емес құқықтық ықпал ету шараларын мемлекеттік қызметшіге қатысты қолдану туралы мәліметтер мемлекеттік қызметшінің қызметін бағалауды жүргізу, көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану кезінде ескерілуі мүмкін.

6. Тәртіптік теріс қылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталған кезде уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшесі, әдеп жөніндегі уәкіл тәртіптік жаза қолдануға уәкілеттік берілген адамның қарауына міндетті осы себептер мен жағдайларды жою туралы ұсынымдар енгізеді. Ұсынымдарды қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы ақпарат бір ай мерзімде беріледі.

7. Тәртіптік жазамен байланысты емес құқықтық ықпал ету шараларын мемлекеттік қызметшілерге қатысты қолдану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

9-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ТОҚТАТУ

67-бап. Мемлекеттік қызметті тоқтату негіздері

1. Мемлекеттік қызметті тоқтату негіздері:

1) мемлекеттік қызметшіні осы Заңда белгіленген тәртіппен жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату);

2) мемлекеттік қызметшінің қайтыс болуы немесе заңды күшіне енген сот шешіміне сәйкес оның қайтыс болды деп жариялануы;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметшінің хабарсыз кеткен немесе әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі деп танылуы;

4) Қазақстан Республикасы азаматының бұрын өзі атқарған лауазымға қайта орналасуы;

5) мемлекеттік лауазымды атқаратын негізгі мемлекеттік қызметшінің жұмысқа шығуы (уақытша бос мемлекеттік лауазымды атқарған жағдайда);

6) мемлекеттік қызметті тоқтатуға алып келетін сайланбалы және өзге де жұмысқа (лауазымға) ауысуы;

7) мемлекеттік органның жойылуы (таратылуы);

8) мемлекеттік органның штат санының немесе мемлекеттік лауазымдардың қысқартылуы.

2. Ауыстырылған, ротацияланған, конкурс қорытындысы бойынша, конкурс өткізілмей, саяси мемлекеттік лауазымға, сайланбалы мемлекеттік лауазымға орналасқан жағдайларда және осы Заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де жағдайларда басқа мемлекеттік лауазымға орналасу мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік қызметті тоқтатуына негіз болмайды. Бұл жағдайда мемлекеттік лауазымнан босату туралы акт шығарылады.

3. Мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) негіздері:

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық не мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жауаптылығын қарау жағдайларын қоспағанда, өз еркімен жұмыстан шығу (өкілеттігін тоқтату) туралы өтініш беруі;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген лауазымдық өкілеттігі мерзімінің аяқталуы;

3) егер Қазақстан Республикасының Конституциясында және Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасқа толуы.

Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын саяси мемлекеттік қызметшілер зейнеткерлік жасқа толған кезде не олардың лауазымдық өкілеттіктерінің мерзімі аяқталған жағдайда, егер Қазақстан Республикасының Президенті оларды босату туралы шешім қабылдаса, әдетте, бес жылға дейінгі мерзімге өз өкілеттіктерін жүзеге асыруды жалғастыра алады.

Сайланған мемлекеттік қызметшінің Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасқа толуы өз өкілеттігін тоқтатуға негіз болмайды.

Әкімшілік мемлекеттік қызметші тараптардың өзара келісуімен мемлекеттік қызметте болу мерзімін бір рет бір жылға ұзартуға құқылы.

Бұл ретте тәлімгерлікті жүзеге асыру үшін әкімшілік мемлекеттік қызметші тараптардың өзара келісуімен мемлекеттік қызметте болу мерзімін бір рет екі жылға ұзартуға құқылы.

Егер "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшісі бір жұмыс жылы ішінде қызметін бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тиімді бағаны екі рет алмаса не жұмыс жылы ішінде оған қызметтік әдепті бұзғаны үшін тәртіптік жаза не мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық үшін тәртіптік жаза қолданылса, оның мемлекеттік қызметте болу мерзімін ұзартуға жол берілмейді;

4) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту, одан айыру не шығу салдарынан Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуы.

Мемлекеттік қызметші басқа мемлекеттің азаматтығын алған жағдайда ол осы Заңның 68-бабы 9-тармағының екінші бөлігінде белгіленген тәртіппен жұмыстан шығарылуға тиіс;

5) өзі атқаратын мемлекеттік лауазымның басқа мемлекеттік лауазымға (саяси лауазымның әкімшілік не сайланбалы лауазымға, әкімшілік лауазымның саяси не сайланбалы лауазымға, сайланбалы лауазымның саяси не әкімшілік лауазымға) өзгертілуі;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстан шығаруға алып келетін, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға берілген рұқсаттың тоқтатылуы;

7) мемлекеттік қызметшінің лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияларды және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуі;

8) осы Заңға сәйкес мемлекеттік қызметшінің қызметін бағалау нәтижелерінің қанағаттанарлықсыз болуы;

9) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында көзделген талаптардың сақталуы ескеріле отырып, ротациялаудан бас тартуы;

10) мемлекеттік қызметшінің осы Заңға сәйкес жұмыстан шығаруға алып келетін, еңбекке уақытша жарамсыздығы салдарынан жұмысқа келмеуі;

11) мемлекеттік лауазымды атқару кезінде осы Заңда белгіленген талаптарға сай келмеуі;

12) бір жұмыс күнінде дәлелді себепсіз қатарынан үш және одан көп сағат бойы жұмыста болмауы;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өзіне әкімшілік қамаққа алу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту шараларын қолдануға байланысты жұмыста болмауы;

14) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі;

15) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық істің тоқтатылуы;

16) мемлекеттік қызметші активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсынбаған адамды жұмысқа қабылдағаны үшін алғаш рет әкімшілік жауаптылыққа тартылған жағдайды қоспағанда, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауы;

17) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстан шығаруға алып келетін, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасауы;

18) осы Заңның 21-бабының 2-тармағы бірінші бөлігінің 7, 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17) және 18) тармақшаларында, 3-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтарын мемлекеттік лауазымға қабылдау;

19) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстан шығаруға алып келетін, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сақтамауы;

20) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген міндеттерді сақтамағаны үшін жұмыстан шығару түріндегі тәртіптік жазаның қолданылуы;

21) мемлекеттік қызметке қабылдаудан бас тартуға негіз болуы мүмкін мәліметтерді мемлекеттік қызметке кірген кезде ұсынбауы немесе қасақана бұрмалауы;

22) кірістері мен меншік құқығында өзіне тиесілі мүлкі туралы көрінеу жалған мәліметтер ұсынуы;

23) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, пайдаланылуы кіріс алуға алып келетін мүлікті сенімгерлік басқаруға бермеуі;

24) кәсіпкерлік қызметті тоқтату және (немесе) мүлікті иеліктен шығару бойынша осы Заңның 14-бабы 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген шараларды қабылдамауы;

25) жұмыста алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масаң күйде болуы, оның ішінде жұмыс күні ішінде алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масаң күйді тудыратын заттарды (сол тектестерді) тұтынған жағдайларда;

26) алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масаң күйді тудыратын заттарды тұтыну фактісін анықтау үшін медициналық куәландырудан өтуден бас тартуы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

27) тармақша 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі - осы Заңның 90-б. қараңыз.

27) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыстан шығаруға алып келетін, мемлекеттік қызметші шығыстарының кірістеріне сәйкес келмеуі;

28) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де негіздер.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайлардан басқа, мыналар да саяси мемлекеттік қызметшінің өкілеттігін тоқтатуға негіз болады:

1) саяси мемлекеттік қызметшінің өкілеттігін доғару туралы жеке жазбаша өтініші негізінде орнынан түсуінің қабылдануы;

2) саяси мемлекеттік қызметшіні лауазымға тағайындау және оны лауазымнан босату құқығы берілген лауазымды адамның (органның) тиісті шешім қабылдауы;

3) басқа жұмысқа ауысуы;

4) сенімді жоғалтуы.

Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын саяси мемлекеттік қызметшілер өз лауазымдық өкілеттіктерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін сенімді жоғалтуына байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен жұмыстан шығарылуы мүмкін.

5. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайлардан басқа, мыналар да сайланған мемлекеттік қызметшінің өкілеттігін тоқтатуға негіз болады:

1) сайланған мемлекеттік қызметшінің өкілеттігін доғару туралы жеке жазбаша өтініші негізінде орнынан түсуінің қабылдануы;

2) аумақтық сайлау комиссиясының жаңадан сайланған мемлекеттік қызметшіні тіркеуі;

3) әлеуметтік демалыста, оқуда болуы және сайланған мемлекеттік қызметшінің қатарынан үш айдан астам жұмыста болмайтынын куәландыратын өзге де мән-жайлар;

4) ауданның және облыстық маңызы бар қаланың жергілікті өкілді органының сайланған мемлекеттік қызметшіге атқаратын лауазымына сай емес деп тану түріндегі тәртіптік жаза қолданылуға байланысты оның өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауы;

5) ауданның және облыстық маңызы бар қаланың жергілікті өкілді органының сайланған мемлекеттік қызметшіге қатысты білдірген сенімсіздік вотумын жоғары тұрған лауазымды адамның қабылдауы.

Сайланған мемлекеттік қызметшінің өкілеттігі тоқтатылған кезде тиісті аумақтық сайлау комиссиясы тиісті адамның сайланған мемлекеттік қызметші өкілеттігін жоғалту фактісін растайтын шешім қабылдайды.

6. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайлардан басқа, мыналар да әкімшілік мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығаруға негіз болады:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында көзделген еңбек шарты мерзімінің аяқталуы;

2) конкурс қорытындыларының немесе әкімшілік мемлекеттік лауазымға тағайындау туралы акт күшінің жойылуы;

3) аттестаттаудың теріс нәтижелері.

"А" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшісін лауазымға тағайындауға және оны лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды адамның (органның) уәкілетті комиссияның ұсынымдары негізінде қабылданатын шешімі де "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшісін жұмыстан шығаруға негіз болады.

Арнаулы мемлекеттік органдардың, құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері, сондай-ақ әскери лауазымдарды атқаратын әскери қызметшілер іссапарға жіберу мерзімі аяқталған жағдайда, оларды жіберген мемлекеттік орган кері шақыртып алуға не Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстан шығарылуға тиіс.

7. Саяси мемлекеттік қызметшілердің, әкімшілік мемлекеттік қызметшілер болып саналатын мемлекеттік органдар басшыларының ауысуы аталған адамдардың бастамасы бойынша "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің мемлекеттік қызметті тоқтатуына негіз болмайды.

8. Осы баптың 3-тармағының 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26) және 27) тармақшаларына, 4-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасына, 5-тармағы бірінші бөлігінің 4) және 5) тармақшаларына сәйкес жұмыстан шығарылған

мемлекеттік қызметшілер теріс себептермен жұмыстан шығарылған (өкілеттігі тоқтатылған) деп танылады.

68-бап. Мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) тәртібі мен шарттары

1. Мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік қызметін тоқтату, оны жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы шешімді мемлекеттік қызметшіні лауазымға тағайындау және оны лауазымнан босату құқығы бар лауазымды адам (орган) не ол уәкілеттік берген лауазымды адам (орган) жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызметті тоқтату осы Заңның 67-бабы 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда тараптардың еркінен тыс мән-жайлар бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметші қайтыс болған, хабарсыз кеткен немесе әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі, бұрын мемлекеттік лауазымды атқарған Қазақстан Республикасының азаматын мемлекеттік қызметке қайта орналастыру туралы шешім шығарылған күн көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті тоқтату күні болады.

3. Осы Заңның 67-бабы 1-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметті тоқтату мемлекеттік лауазымды атқаратын негізгі мемлекеттік қызметшінің жұмысқа шығуы туралы хабарлама (өтініш) негізінде жүзеге асырылады. Хабарлама (өтініш) осы баптың 1-тармағында аталған адамға жіберіледі.

Негізгі мемлекеттік қызметші болмаған кезеңде уақытша бос мемлекеттік лауазымды атқарған мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік қызметті тоқтату туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

4. Осы Заңның 67-бабы 1-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметті тоқтату мемлекеттік қызметшінің хабарламасы (өтініші) немесе басқа лауазымға сайлау (тағайындау) актісі негізінде жүзеге асырылады.

Хабарлама осы баптың 1-тармағында аталған адамға жіберіледі.

Хабарламаны және басқа лауазымға сайлау немесе тағайындау актісін ұсынбау жұмыстан шығарудан (өкілеттігін тоқтатудан) бас тартуға негіз болмайды.

5. Осы Заңның 67-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда мемлекеттік қызметті тоқтату мемлекеттік органды тарату (жою), мемлекеттік органның штат санын қысқарту туралы шешім негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметші мемлекеттік органның таратылатыны (жойылатыны), мемлекеттік органның штат санының қысқартылатыны туралы мемлекеттік қызметті тоқтату күнінен кемінде бір ай бұрын хабардар етіледі. Хабарламаны осы баптың 1-тармағында аталған адам жібереді.

Мемлекеттік қызметшінің жазбаша келісімімен мемлекеттік қызметті тоқтату хабардар ету мерзімі аяқталғанға дейін жүргізілуі мүмкін.

Осы Заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметші ұсынылған мемлекеттік лауазымнан бас тартқан кезде мемлекеттік қызметті тоқтату хабардар ету мерзімі аяқталғанға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметші жазбаша түрде бас тартқан не мемлекеттік қызметшінің жазбаша бас тартуды ұсынудан бас тартқанын куәландыратын акт болған кезде мемлекеттік қызметті тоқтатуға жол беріледі.

6. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) мемлекеттік қызметшінің хабарламасы (өтініші) негізінде өз еркімен жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) күнінен кемінде бір ай бұрын жүргізіледі. Хабарлама (өтініш) осы баптың 1-тармағында аталған адамға жіберіледі.

Тараптардың өзара келісуімен жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) хабарламаның (өтініштің) мерзімі аяқталғанға дейін жүргізілуі мүмкін.

Хабарламаны (өтінішті) мемлекеттік қызметші хабарлама (өтініш) мерзімі ішінде кері қайтарып алуына болады.

Мемлекеттік қызметшінің тәртіптік жауаптылығы қаралған, материалдық жауапты адам болатын мемлекеттік қызметші мемлекеттік мүлікті (құжаттаманы) қабылдау-тапсыруды аяқтамаған жағдайлардан басқа, мемлекеттік қызметші хабарлама (өтініш) мерзімі аяқталғаннан кейін жұмысын тоқтатуға құқылы.

Мемлекеттік қызметші мемлекеттік мүлікті (құжаттаманы) қабылдау-тапсыруды аяқтаған, оның тәртіптік жауаптылығы туралы шешім шыққан күн жұмыстан шығару күні болып саналады. Жұмыстан шығару күні мемлекеттік қызметші өз еркімен жұмыстан шығу (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама (өтініш) берген күннен бастап екі айдан кеш болмауға тиіс.

7. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) лауазымдық өкілеттік мерзімі аяқталған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

8. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасқа толған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару күнінен кемінде бір ай бұрын хабарлама жіберіледі. Хабарламаны осы баптың 1-тармағында аталған адам жібереді.

Осы тармақтың ережелері саяси мемлекеттік қызметшілерге қолданылмайды.

9. Осы Заңның 67-бабының 3-тармағы 4) тармақшасының бірінші бөлігінде көрсетілген жағдайларда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқанын, одан айырылғанын не шыққанын растайтын мәліметтер және осы ақпаратты қарау қорытындысы бойынша осы баптың 1-тармағында аталған адамға мемлекеттік органның тиісті лауазымды адамы енгізген қызметтік жазба негізінде жүргізіледі.

Осы Заңның 67-бабының 3-тармағы 4) тармақшасының екінші бөлігінде көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) оның шет мемлекеттің азаматтығын тоқтату туралы өтінішхат бергенін растайтын мәліметтер болған жағдайды қоспағанда, оның шетел азаматтығы бар екенін растайтын мәліметтер және осы ақпаратты қарау қорытындысы бойынша осы баптың 1-тармағында аталған адамға мемлекеттік органның тиісті лауазымды адамы енгізген қызметтік жазба негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

10. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) мемлекеттік лауазымды басқа мемлекеттік лауазымға өзгерту туралы шешім негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметші жұмыстан шығару күнінен кемінде бір ай бұрын хабардар етіледі. Хабарламаны осы баптың 1-тармағында аталған адам жібереді.

Жұмыстан шығару мемлекеттік қызметшінің жазбаша келісімімен хабардар ету мерзімі аяқталғанға дейін жүргізілуі мүмкін.

Осы Заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметші ұсынылған лауазымнан бас тартқан кезде жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) хабардар ету мерзімі аяқталғанға дейін жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметші жазбаша түрде бас тартуды ұсынған не мемлекеттік қызметшінің жазбаша түрде бас тартуды ұсынуудан бас тартқанын куәландыратын акт болған кезде жұмыстан шығаруға (өкілеттігін тоқтатуға) жол беріледі.

11. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес мемлекеттік құпияларға берілген рұқсатты тоқтату туралы шешім негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

12. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) мәліметтерді жария еткені туралы ақпарат және осы ақпаратты қарау қорытындысы бойынша осы баптың 1-тармағында аталған адамға мемлекеттік органның тиісті лауазымды адамы енгізген қызметтік жазба негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

13. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) мемлекеттік қызметшінің қызметін бағалау нәтижелерінің қанағаттанарлықсыз болғаны туралы шешім негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

14. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) мемлекеттік қызметшінің ротациялаудан бас тартуы негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

Мемлекеттік қызметші жазбаша түрде бас тартқан не мемлекеттік қызметшінің жазбаша түрде бас тартуды ұсынудан бас тартқанын куәландыратын акт болған кезде жұмыстан шығаруға (өкілеттігін тоқтатуға) жол беріледі.

15. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы ақпарат және осы ақпаратты қарау қорытындысы бойынша осы баптың 1-тармағында аталған адамға мемлекеттік органның тиісті лауазымды адамы енгізген қызметтік жазба негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

Мемлекеттік қызметші еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы парақты не мемлекеттік қызметшіге жұмыста болмағаны туралы акт табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жұмыста болмау себептері туралы ақпаратты бермеген кезде не осы Заңның 53-бабында көзделген еңбекке уақытша жарамсыздық жағдайлары салдарынан мемлекеттік лауазымнан босатылған кезде жұмыстан шығаруға (өкілеттігін тоқтатуға) жол беріледі.

16. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 11) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) мемлекеттік лауазымға орналасу кезіндегі талаптарға сай еместігі туралы ақпарат және осы ақпаратты қарау қорытындысы бойынша осы баптың 1-тармағында аталған адамға мемлекеттік органның тиісті лауазымды адамы енгізген қызметтік жазба негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

17. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 12) тармақшасында көрсетілген жағдайларда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) тәртіптік жаза қолдану тәртібі сақтала отырып жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыста болмағаны туралы акт табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде мемлекеттік қызметші жұмыста болмау себептері туралы ақпаратты бермеген кезде жұмыстан шығаруға (өкілеттігін тоқтатуға) жол беріледі.

18. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) сот қаулысы немесе үкімі шыққаны, қылмыстық істің тоқтатылғаны, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың жасалғаны туралы ақпараттың және осы ақпаратты қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік органның тиісті лауазымды адамы осы баптың 1-тармағында аталған адамға енгізген қызметтік жазбаның негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

19. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 17) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) тәртіптік жаза қолдану тәртібі сақтала отырып жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

20. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 18) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) адамның мемлекеттік лауазымға қабылданғаны туралы ақпараттың және осы ақпаратты қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік органның тиісті лауазымды адамы осы баптың 1-тармағында аталған адамға енгізген қызметтік жазбаның негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

21. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 19) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) шектеулердің сақталмағаны туралы ақпараттың және осы ақпаратты қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік органның тиісті лауазымды адамы осы баптың 1-тармағында аталған адамға енгізген қызметтік жазбаның негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

22. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 20) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) тәртіптік жаза қолдану тәртібі сақтала отырып жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

23. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 21) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) ақпараттың берілмегені немесе қасақана бұрмаланғаны туралы мәліметтердің және осындай мәліметтерді қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік органның тиісті лауазымды адамы осы баптың 1-тармағында аталған адамға енгізген қызметтік жазбаның негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

24. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 22) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) кірістер мен мүлік туралы көрінеу жалған мәліметтер ұсынылғаны туралы ақпараттың және осы ақпаратты қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік органның тиісті лауазымды адамы осы баптың 1-тармағында аталған адамға енгізген қызметтік жазбаның негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

25. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 23) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) мүліктің сенімгерлік басқаруға берілмегені туралы ақпараттың және осы ақпаратты қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік органның тиісті лауазымды адамы осы баптың 1-тармағында аталған адамға енгізген қызметтік жазбаның негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

26. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 24) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) осы Заңның 14-бабы 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген кәсіпкерлік қызметті тоқтату және (немесе) мүлікті иеліктен шығару бойынша шаралардың қабылданбағаны туралы ақпараттың және осы ақпаратты қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік органның тиісті лауазымды адамы осы баптың 1-тармағында аталған адамға енгізген қызметтік жазбаның негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

27. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 25) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) тәртіптік жаза қолдану тәртібі сақтала отырып жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

28. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 26) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) тәртіптік жазаны қолдану тәртібі сақтала отырып жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

29-тармақ 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі - осы Заңның 90-б. қараңыз.

29. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 27) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) мемлекеттік қызметші шығыстарының оның кірістеріне сәйкес келмейтіні туралы ақпараттың және осы ақпаратты қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік органның тиісті лауазымды адамы осы баптың 1-тармағында аталған адамға енгізген қызметтік жазбаның негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

30. Осы Заңның 67-бабының 6-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) еңбек шартының мерзімі аяқталған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

31. Осы Заңның 67-бабының 6-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) конкурс қорытындыларының, әкімшілік мемлекеттік лауазымға тағайындау туралы актінің күші жойылғаны туралы шешімнің негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

32. Осы Заңның 67-бабының 6-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) аттестаттау комиссиясы шешімінің негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшіге жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) туралы хабарлама жіберу талап етілмейді.

33. Осы Заңның 67-бабы 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 14), 15) және 16) тармақшаларында, 4, 5 және 6-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қызметші еңбекке уақытша жарамсыз болған (оның ішінде жүктілікке және босануға байланысты), демалыста болған кезеңде оны жұмыстан шығаруға (өкілеттігін тоқтатуға) жол берілмейді.

69-бап. Саяси мемлекеттік қызметшілердің орнынан түсуі

1. Саяси мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында белгіленген негіздерде және тәртіппен орнынан түсуге өтініш береді және орнынан түседі.

Саяси мемлекеттік қызметші өзіне жүктелген функцияларды одан әрі жүзеге асыру мүмкін емес деп санаса, мемлекеттік органға немесе өзін саяси мемлекеттік лауазымға тағайындаған лауазымды адамға өзінің орнынан түсуі туралы мәлімдеуге құқылы.

Орнынан түсуді қабылдау саяси мемлекеттік қызметшілер өкілеттіктерінің тоқтатылғанын білдіреді.

Егер орнынан түсу негіздері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмесе, саяси мемлекеттік қызметшілер осы Заңда немесе Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген жалпы негіздерде жұмыстан шығарылады.

2. Орнынан түсуді мемлекеттік орган немесе саяси мемлекеттік қызметшіні осы мемлекеттік лауазымға тағайындаған лауазымды адам қабылдайды не орнынан түсуді қабылдаудан уәжді түрде бас тартады.

Орнынан түсуді қабылдау туралы немесе орнынан түсуді қабылдаудан бас тарту туралы шешім жазбаша өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қабылданады.

Орнынан түсуді қабылдаудан бас тартылған жағдайда саяси мемлекеттік қызметші лауазымдық өкілеттігін орындауды жалғастыруға тиіс және оның жұмыстан шығуға құқығы бар.

Орнынан түсуді қабылдаудан бас тартылған жағдайда саяси мемлекеттік қызметші орнынан түсуден бас тарту туралы шешімді қабылдаған лауазымды адамның (органның) шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

3. Осы тармақта көрсетілген саяси мемлекеттік қызметшілер тағайындалған күнінен бастап үш ай өткен соң сыбайлас жемқорлық қылмыс жасалған жағдайда:

1) орталық мемлекеттік органның басшысы – оның орынбасары, тікелей қарамағындағы саяси мемлекеттік қызметші, орталық мемлекеттік орган (астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы) аппаратының басшысы, аумақтық бөлімшесінің басшысы сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін;

2) орталық мемлекеттік орган басшысының орынбасары – егер ол қызметтеріне жетекшілік ететін болса, ведомство басшысы, дербес құрылымдық бөлімшенің басшысы, ведомстволық бағынысты ұйымның басшысы сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін;

3) астана, облыс немесе республикалық маңызы бар қала әкімі – оның орынбасары, тікелей қарамағындағы саяси мемлекеттік қызметші, аппарат басшысы, аудан (облыстық маңызы бар қала), қаладағы аудан әкімі сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін;

4) астана, облыс немесе республикалық маңызы бар қала әкімінің орынбасары – егер ол қызметтеріне жетекшілік ететін болса, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның басшысы, ведомстволық бағынысты ұйымның басшысы сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін;

5) аудан (облыстық маңызы бар қала), қаладағы аудан әкімі – оның орынбасары, әкім аппаратының басшысы, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның басшысы, ведомстволық бағынысты ұйымның басшысы сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін орнынан түсуге өтініш береді.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген саяси мемлекеттік қызметшілер бұрын соңғы үш жылда басқа мемлекеттік органда немесе ұйымда өздерінің қарамағында болған, өздері тағайындалғаннан кейін жұмысқа қабылданған қарамағындағы адамдар сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін де орнынан түсуге өтініш береді.

5. Саяси мемлекеттік қызметшілер соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгеннен не қылмыстық қудалау органы немесе сот Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық істі тоқтатқаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен орнынан түсуге өтініш береді.

6. Орнынан түсуді қабылдаудан бас тартылған жағдайда саяси мемлекеттік қызметші өзі қызмет атқарған кезеңде мынадай негіздердің кез келгені болғанда:

1) қарамағындағы мемлекеттік қызметші, өзі жетекшілік ететін ведомстволық бағынысты ұйымның басшысы ірі немесе аса ірі мөлшерде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны;

2) қарамағындағы мемлекеттік қызметші, өзі жетекшілік ететін ведомстволық бағынысты ұйымның басшысы бірнеше рет сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны;

3) қарамағындағы екі немесе одан көп мемлекеттік қызметші, өзі жетекшілік ететін ведомстволық бағынысты ұйымның басшылары сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

7. Саяси мемлекеттік қызметшіні басқа саяси мемлекеттік лауазымға тағайындау осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларда саяси мемлекеттік қызметшінің бұрынғы жұмыс орнындағы тікелей қарамағындағы қызметшілердің ол қызмет атқарған кезеңде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін оны орнынан түсуге өтініш беру міндетінен босатпайды.

70-бап. Сайланған мемлекеттік қызметшілердің орнынан түсуі

1. Сайланған мемлекеттік қызметшінің тиісті мемлекеттік лауазымдағы міндеттерін атқаруды тоқтатуы орнынан түсу деп танылады, ол оның жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады.

2. Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті өкілді органы сайланған мемлекеттік қызметшінің орнынан түсуін қабылдау немесе орнынан түсуін қабылдаудан уәжді бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Орнынан түсуді қабылдау немесе орнынан түсуді қабылдаудан бас тарту туралы шешім сайланған мемлекеттік қызметші жазбаша өтініш берген күннен бастап бір ай мерзімде қабылданады.

Орнынан түсу қабылданған жағдайда ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті өкілді органының тиісті шешімінің көшірмесі аумақтық сайлау комиссиясына жіберіледі.

Орнынан түсуді қабылдаудан бас тартылған жағдайда сайланған мемлекеттік қызметші өз міндеттерін атқаруды жалғастырады және оның осы Заңда белгіленген тәртіппен өз еркімен лауазымдық өкілеттігін тоқтатуға құқығы бар.

3. Сайланған мемлекеттік қызметші сайланған күнінен бастап үш ай өткен соң өзінің орынбасары, әкім аппаратының басшысы, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның басшысы, өзі жетекшілік ететін ведомстволық бағынысты ұйымның басшысы сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда орнынан түсуге өтініш береді.

4. Сайланған мемлекеттік қызметші бұрын соңғы үш жылда басқа мемлекеттік органда немесе ұйымда өзінің қарамағында болған, өзі тағайындалғаннан кейін жұмысқа қабылданған қарамағындағы адамдар сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін де орнынан түсуге өтініш береді.

5. Сайланған мемлекеттік қызметші соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгеннен не қылмыстық қудалау органы немесе сот Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық істі тоқтатқаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен орнынан түсуге өтініш береді.

6. Орнынан түсуді қабылдаудан бас тартылған жағдайда сайланған мемлекеттік қызметші өзі қызмет атқарған кезеңде мынадай негіздердің кез келгені болғанда:

1) қарамағындағы мемлекеттік қызметші, өзі жетекшілік ететін ведомстволық бағынысты ұйымның басшысы ірі немесе аса ірі мөлшерде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны;

2) қарамағындағы мемлекеттік қызметші, өзі жетекшілік ететін ведомстволық бағынысты ұйымның басшысы бірнеше рет сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны;

3) қарамағындағы екі немесе одан көп мемлекеттік қызметші, өзі жетекшілік ететін ведомстволық бағынысты ұйымның басшылары сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

7. Сайланған мемлекеттік қызметшіні саяси мемлекеттік лауазымға тағайындау осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларда қарамағындағы адамдардың сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін оны орнынан түсуге өтініш беру міндетінен босатпайды.

71-бап. Мемлекеттік қызметке және (немесе) лауазымға қайта орналасу

1. Мемлекеттік қызметке және (немесе) лауазымға қайта орналасу мемлекеттік қызметшіні лауазымға тағайындау құқығы бар лауазымды адамның (органның) шешімі бойынша, уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің мемлекеттік қызметшіні атқарып отырған мемлекеттік лауазымынан шығару немесе мемлекеттік лауазымын төмендету туралы тиісті актінің күшін жою туралы ұсынуы негізінде не Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметке қайта орналасқан мемлекеттік қызметшіге бос жүруге мәжбүр болған бүкіл уақыты үшін жалақысы немесе мемлекеттік лауазымы заңсыз төмендетілген кезде төмен ақы төленетін жұмысты орындаған уақыт үшін жалақысындағы айырма, бірақ алты айдан аспайтын уақытқа төленеді.

Заңсыз жұмыстан шығарылған немесе мемлекеттік лауазымы заңсыз төмендетілген мемлекеттік қызметшілер біліктілік талаптарына сай болғанда мемлекеттік қызметке бұрынғы лауазымына, ал олардың келісімімен – заңсыз жұмыстан шығару немесе төмендету салдарынан айырылған барлық құқықтары қамтамасыз етіліп, соған тең лауазымға қайта орналастырылады. Осы кезең мемлекеттік қызмет өтіліне қосылады.

2. Адамның мемлекеттік қызметке қайта орналасуы, егер оның өтініші соттың ақтау үкімі күшіне енген не ақтайтын негіздер бойынша қылмыстық істің тоқтатылуы туралы қаулы шығарылған кезден бастап үш ай ішінде берілген болса, ол жүгінген күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей жүргізіледі.

Мемлекеттік органның, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін сотталуына байланысты жұмыстан шығарылған, сосын ақталған және мемлекеттік лауазымға қайта орналасқан мемлекеттік қызметшілерге жұмыста мәжбүрлі түрде болмаған уақыты үшін қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиян Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеледі.

10-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ПЕРСОНАЛЫН БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

72-бап. Мемлекеттік қызмет персоналын басқаруды ұйымдастыру

1. Мемлекеттік қызмет персоналын басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттің функциялары мен міндеттерін тиімді орындауды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдардың кадрмен қамтамасыз етілуінің

тұрақтылығын сақтауға, кадрлық жоспарлау, мемлекеттік қызметке кандидаттарды іріктеу, мемлекеттік қызметшілерді кәсіптік дамыту тетіктерін ендіруге және жетілдіруге, құқық бұзушылықтың алдын алуға және оның профилактикасына бағытталған қызметті қамтиды.

2. Мемлекеттік қызмет персоналын басқаруды ұйымдастыру мынадай бағыттарды қамтиды:

1) мемлекеттік органдардың кадрларға қажеттілігін болжау және жоспарлау, Қазақстан Республикасының азаматтарын мемлекеттік қызметке іріктеу және тарту;

2) мемлекеттік қызметшілерді кәсіби даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

3) мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау;

4) мемлекеттік қызметшілерді осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген кепілдіктермен қамтамасыз ету;

5) мемлекеттік қызмет саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және оның профилактикасы;

6) осы Заңда көзделген өзге де бағыттар.

3. Мемлекеттік қызмет персоналын басқару субъектілеріне мыналар жатады:

1) уәкілетті комиссия, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген, қызметі кадр саясатын іске асыруға байланысты өзге де комиссиялар;

2) уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері;

3) мемлекеттік қызметшілерді даярлауды, қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдары;

4) мемлекеттік органдардың басшылары, әкімдер, мемлекеттік органдар аппараттарының басшылары;

5) персоналды басқару қызметтері (кадр қызметтері);

6) құқық бұзушылық профилактикасы қызметтері, әдеп жөніндегі уәкілдер.

Мемлекеттік қызмет персоналын басқару субъектілері мемлекеттік кадр саясатының бірлігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік қызмет персоналын үйлестіруге, қалыптастыруға және оның тиімді жұмыс істеуіне бағытталған жүйені құрайды.

73-бап. Кадрлық жоспарлау

Кадрлық жоспарлау мемлекеттік органдардың кадрларға қажеттілігін жүйелі түрде талдауды, болжауды, оларды лауазымдық міндеттерін тиімді жүзеге асыруға қабілетті мемлекеттік қызметшілердің қажетті санымен уақтылы және толық жасақтауды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жиынтығын қамтиды.

Кадрлық жоспарлауды персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) жүзеге асырады.

Уәкілетті орган кадрлық жоспарлау мәселелері бойынша әдістемелік қолдауды жүзеге асырады.

74-бап. Уәкілетті комиссия және өзге де комиссиялар

1. Уәкілетті комиссия Қазақстан Республикасы азаматтарының әкімшілік мемлекеттік қызметке кіруі, оны өткеруі және тоқтатуы, сондай-ақ мемлекеттік органдарға шетелдік жұмыскерлерді тарту мәселелерін қарау үшін құрылады.

Уәкілетті комиссияның ережесі мен құрамын Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

2. Жастар кадр резерві жөніндегі ұлттық комиссия Президенттік жастар кадр резервін қалыптастыру мақсатында құрылады, оның ережесі мен құрамын Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

3. Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың кадр комиссиялары уәкілетті комиссияның шешімдерін іске асыру, кадр саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, өңірлік жастар кадр резервін қалыптастыру жөніндегі жұмысты үйлестіру үшін құрылады.

Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың кадр комиссиясының үлгілік ережесі мен үлгілік құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша кадр саясатын іске асыруға байланысты қызметті жүзеге асыру үшін өзге де комиссиялар құрылуы мүмкін.

75-бап. Уәкілетті орган

1. Уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшелері, уәкілетті органға ведомстволық бағынысты ұйымдар мемлекеттік қызмет істері жөніндегі органдардың бірыңғай жүйесін құрайды.

Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган белгілеген құзырет шегінде жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган:

1) осы Заңның мақсаты мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

3) персоналды басқару қызметтерінің (кадр қызметтерінің) жұмысын үйлестіреді және әдіснамалық басшылық жасауды жүзеге асырады;

- 4) әдеп жөніндегі уәкілдің және құқық бұзушылық профилактикасы қызметтерінің жұмысын үйлестіреді және әдіснамалық басшылық жасауды жүзеге асырады;
- 5) мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілерді, оның ішінде шетелде даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді;
- 6) мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыруды және орналастыруды үйлестіреді;
- 7) мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілерді тағылымдамадан өткізу мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді;
- 8) әкімшілік және саяси мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеуге, мемлекеттік органдардың, олардың аумақтық органдарының және оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штат саны лимиттеріне байланысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі;
- 9) мемлекеттік цифрлық кадр жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуді қоса алғанда, саяси, сайланған және әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің, саяси, сайланатын және әкімшілік мемлекеттік лауазымдардың, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдар жұмыскерлерінің кадр құрамының жай-күйін мониторингтеуді жүргізеді;
- 10) мемлекеттік заңды тұлғалар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінде кадр ісін жүргізуді мониторингтеуді жүзеге асырады;
- 11) мемлекеттік органдардағы келісімшарттық қызметшілердің кадр құрамының жай-күйін мониторингтеуді жүргізеді;
- 12) мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша халықаралық шарттардың жобаларын дайындауға қатысады;
- 13) мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу, сондай-ақ қызметтік әдепті сақтау мәселелері бойынша әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарайды;
- 14) мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын сақтауын, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 15) мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауын мониторингтеуді жүзеге асырады;
- 16) лауазымды адамдар мен мемлекеттік органдарға олардың осы Заңды және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін бұзып қабылданған шешімдерінің күшін жою туралы ұсыныстар енгізеді;
- 17) мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет мәселелері жөніндегі

тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы қаралуға міндетті ұсынулар енгізеді;

18) мемлекеттік органдардың, мемлекеттік заңды тұлғалардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін бюрократиядан арылту мәселелері бойынша мониторингтеуді және талдауды жүргізеді;

19) Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен және мерзімде Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жай-күйі туралы ұлттық баяндаманы қалыптастырады;

20) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша білім беру гранты шеңберінде төменгі лауазымдарға орналасу үшін мамандар даярлаудың басым бағыттарының тізбесін қалыптастырады;

21) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Уәкілетті орган жанында уәкілетті органның әдеп жөніндегі комиссиясы, астанада, облыстарда және республикалық маңызы бар қалаларда әдеп жөніндегі кеңестер жұмыс істейді, олар туралы ережелерді уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

4. Уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің шешімдері бұйрықтар нысанында ресімделеді.

76-бап. Мемлекеттік органдардың басшылары, әкімдер, аппарат басшылары

1. Мемлекеттік органдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын басшылар басқарады.

Мемлекеттік органдар басшыларының өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, мемлекеттік органдар туралы ережелерде айқындалады.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, орталық мемлекеттік органдардың басшылары:

1) орталық мемлекеттік органдар басшыларының орынбасарларын, аппараттарының басшыларын;

2) орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының басшыларын;

3) орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің (астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы) басшыларын;

4) орталық мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшыларын лауазымдарға тағайындайды және лауазымдарынан босатады.

3. Орталық мемлекеттік органдардың аппараттарын аппарат басшылары басқарады.

Орталық мемлекеттік органдардың аппарат басшылары еңбек қатынастары мәселелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жоғары тұрған лауазымды адамдардың (органдардың) құзыретіне жатқызылған мемлекеттік қызметшілерді

қоспағанда, орталық мемлекеттік орган аппаратының мемлекеттік қызметшілерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымдарға тағайындайды және лауазымдарынан босатады.

Орталық мемлекеттік органдардың аппарат басшыларының өзге де өкілеттіктерін орталық мемлекеттік органдардың басшылары айқындайды, орталық мемлекеттік органдар туралы ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді орындау үшін аппарат басшысы жеке қолданылатын құқықтық актілерді қабылдауға құқылы.

4. Орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының басшылары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) орталық мемлекеттік органдар ведомстволары басшыларының орынбасарларын;
- 2) орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының мемлекеттік қызметшілерін;
- 3) орталық мемлекеттік органдар ведомстволары аумақтық бөлімшелерінің (астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы) басшыларын;
- 4) орталық мемлекеттік органдардың ведомстволарына ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын лауазымдарға тағайындайды және лауазымдарынан босатады.

5. Орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінің (астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы) басшылары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелері басшыларының орынбасарларын;
- 2) орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінің (астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы) мемлекеттік қызметшілерін;
- 3) аумақтық бөлімшелердің (аудандардағы, облыстық маңызы бар қалалардағы) басшыларын лауазымдарға тағайындайды және лауазымдарынан босатады.

6. Әкімдіктерді "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әкімдер басқарады.

Әкімдердің өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Әкімдер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) сайланған мемлекеттік қызметшіні қоспағанда, әкімдердің орынбасарларын, төмен тұрған әкімдерді, аппарат басшыларын;
- 2) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшыларын;
- 3) ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын лауазымдарға тағайындайды және лауазымдарынан босатады.

7. Әкімдер аппараттары басшыларының өкілеттіктері "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

8. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшылары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар басшыларының орынбасарларын;

2) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерін;

3) ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын лауазымдарға тағайындайды және лауазымдарынан босатады.

9. Мемлекеттік органдар болып саналатын аппараттардың басшылары, еңбек қатынастары мәселелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жоғары тұрған лауазымды адамдардың (органдардың) құзыретіне жатқызылған мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, аппараттардың мемлекеттік қызметшілерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымдарға тағайындайды және лауазымдарынан босатады.

Мемлекеттік органдар болып саналатын аппараттар басшыларының өзге де өкілеттіктері мемлекеттік органдар туралы ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Өздеріне жүктелген лауазымдық міндеттерді орындау үшін мемлекеттік органдар болып табылатын аппараттардың басшылары жеке қолданылатын құқықтық актілер қабылдауға құқылы.

10. Саяси мемлекеттік лауазымдарға жатпайтын аппарат басшыларына саяси мемлекеттік қызметшілердің міндеттерін, сондай-ақ саяси мемлекеттік қызметшілерге аппарат басшыларының міндеттерін жүктеуге жол берілмейді.

11. Мемлекеттік органдардың басшылары, әкімдер, аппарат басшылары мемлекеттік қызмет персоналын басқаруды ұйымдастыруға дербес жауаптылықта болады.

77-бап. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі)

1. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) өз құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын орындауы жөніндегі қызметін үйлестіреді;

2) кадр мәселелері жөніндегі комиссиялардың қызметін ұйымдастырады;

3) мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалауды жүргізу, мемлекеттік қызметшілерді конкурстық іріктеу, қызметте ілгерілету, мемлекеттік қызметшілерді жұмыстан шығару (өкілеттігін тоқтату) рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

4) кандидаттарды іріктеуді ұйымдастырады, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметті өткеруімен байланысты құжаттарды ресімдейді, мемлекеттік қызметшілердің дербес деректерін, мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау және оқудан өту нәтижелері туралы мәліметтерді, оның ішінде мемлекеттік цифрлық кадр жүйесінде есепке алуды жүзеге асырады;

5) келісімшарттық қызметшілерді іріктеуді және олармен келісімшарт жасасу, бұзу, оған өзгерістер енгізу процесін ұйымдастырады;

6) мемлекеттік қызметте болумен байланысты шектеулердің сақталуын қамтамасыз етеді;

7) мемлекеттік қызметшінің тағылымдамасын, тәлімгерлігін, ротациясын, қызметін бағалауды, мемлекеттік қызметшілерді даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды белгіленген мерзімдерге сәйкес ұйымдастырады, мемлекеттік қызметшілерді көтермелеуді қолдану тәртібін әзірлейді;

8) кадрлық жоспарлауды жүзеге асырады, сондай-ақ уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен персоналды ерте кәсіптік бағдарлау және даярлау мәселелері бойынша оқу орындарымен өзара іс-қимыл жасайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) мемлекеттік органның басқа құрылымдық бөлімшелерінен ұйымдық жағынан дербес болады, аппарат басшысына, ал сыртқы саяси қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын немесе аппарат басшысының лауазымы енгізілмеген мемлекеттік органда мемлекеттік органның басшысына тікелей бағынады.

3. Персоналды басқару қызметін (кадр қызметін) осы Заңға, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қызмет жұмысын ұйымдастыруда және персоналмен жұмыс істеуге қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін жауапты болатын персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) басшысы басқарады.

Персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) басшысы үшін персоналды басқару жөніндегі сертификаттың не персоналды басқару саласындағы білімі туралы құжаттың болуы талап етіледі.

4. Астанада, облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, аудандарда, облыстық маңызы бар қалаларда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдар үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес бірыңғай персоналды басқару қызметін (кадр қызметін) құруға жол беріледі.

Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын

атқарушы органдарының бірыңғай персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) осы атқарушы органдардың басшыларын тағайындауға құқығы бар лауазымды адамның (органның) шешімі бойынша құрылады.

5. Орталық мемлекеттік орган басшысының шешімі бойынша орталық мемлекеттік орган, оның ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері үшін бірыңғай персоналды басқару қызметін (кадр қызметін) құруға жол беріледі.

Орталық мемлекеттік орган ведомствосы басшысының шешімі бойынша орталық мемлекеттік органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелері үшін бірыңғай персоналды басқару қызметін (кадр қызметін) құруға жол беріледі.

Орталық мемлекеттік орган мен оның ведомствосының, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың аумақтық бөлімшелері үшін орталық мемлекеттік орган мен оның ведомствосының өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшесінде бірыңғай персоналды басқару қызметін (кадр қызметін) құруға жол беріледі. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың аумақтық бөлімшелерінің бірыңғай персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) орталық мемлекеттік орган мен оның ведомствосының өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшесі немесе жоғары тұрған орган басшысының шешімі бойынша құрылады.

6. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) туралы үлгілік ережені және персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) жұмысын ұйымдастыру қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.

78-бап. Құқық бұзушылық профилактикасы қызметі.

Әдеп жөніндегі уәкіл

1. Құқық бұзушылық профилактикасы қызметі мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтау жөніндегі қызметін үйлестіру мақсатында кемінде бір жүз жиырма штат бірлігі саны бар мемлекеттік органдарда құрылады.

2. Құқық бұзушылық профилактикасы қызметі:

1) тәртіптік комиссияның қызметін ұйымдастырады;

2) қызметтік тергеп-тексерулер жүргізу, мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауаптылыққа тарту рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

3) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті, оның ішінде әлеуметтік желілерде сақтауын бақылау мен мониторингтеуді жүзеге асырады;

4) мемлекеттік қызметшілердің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйым салуларды сақтауына жәрдемдеседі;

5) мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметіне заңсыз араласу, лауазымдық міндеттерін атқаруымен байланысты оларға тағылған негізсіз айыптаулар, қудалау мен

өзге де құқыққа қайшы әрекеттер мәселелері бойынша соттарда олардың мүдделерін білдіруді және қорғауды жүзеге асырады;

6) мемлекеттік қызметшілердің жауаптылығын қарау практикасына талдау жүргізеді;

7) мемлекеттік қызметшілерді жауаптылыққа тарту туралы ұсыныстар енгізеді;

8) тәртіптік жазамен байланысты емес құқықтық ықпал ету шараларын қабылдауды қамтамасыз етеді;

9) мемлекеттік органда жұмыс уақыты режимінің сақталуын мониторингтеуді жүзеге асырады;

10) жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу және қызметтік әдепті сақтау мәселелері бойынша лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарын қарайды;

11) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді;

12) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын ішкі бақылауды жүзеге асырады ;

13) мемлекеттік органның ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін бақылауды, комплаенс-қызметтердің жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады;

14) мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін арттыру, мемлекеттік органда корпоративтік мәдениетті қалыптастыру, қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды дамыту жөнінде шаралар қабылдайды;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Құқық бұзушылық профилактикасы қызметінің өз функцияларын орындау үшін қажетті ақпарат пен материалдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде қол жеткізуге құқығы бар.

4. Құқық бұзушылық профилактикасы қызметі мемлекеттік органның басқа құрылымдық бөлімшелерінен ұйымдық жағынан дербес болады және мемлекеттік органның басшысына тікелей бағынады.

5. Ведомстволары, аумақтық бөлімшелері, шет елдерде мекемелері бар орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдері аппараттарының құқық бұзушылық профилактикасы қызметін әдеп жөніндегі уәкіл басқарады.

Ведомстволары, ведомстволарының аумақтық бөлімшелері жоқ мемлекеттік органдарда, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде, орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінде, шет елдердегі мекемелерде, тексеру комиссияларында, облыстық маңызы бар қалалар, аудандар,

қалалардағы аудандар әкімдерінің аппараттарында, мәслихаттардың аппараттарында құқық бұзушылық профилактикасы қызметін құқық бұзушылық профилактикасы қызметінің басшысы басқарады.

Құқық бұзушылық профилактикасы қызметі туралы үлгілік ережені және құқық бұзушылық профилактикасы қызметінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

6. Орталық мемлекеттік орган басшысының шешімі бойынша орталық мемлекеттік органда, оның ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінде құқық бұзушылық профилактикасының бірыңғай қызметін құруға жол беріледі.

Орталық мемлекеттік орган ведомствосы басшысының шешімі бойынша орталық мемлекеттік орган ведомствосында және оның аумақтық бөлімшелерінде құқық бұзушылық профилактикасының бірыңғай қызметін құруға жол беріледі.

Орталық мемлекеттік орган мен оның ведомствосының аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың аумақтық бөлімшелері үшін орталық мемлекеттік орган мен оның ведомствосының өңіраралық не облыстық аумақтық бөлімшесінде құқық бұзушылық профилактикасының бірыңғай қызметін құруға жол беріледі. Аудандардың , облыстық маңызы бар қалалардың аумақтық бөлімшелерінің құқық бұзушылық профилактикасының бірыңғай қызметі орталық мемлекеттік орган мен оның ведомствосының өңіраралық немесе облыстық аумақтық бөлімшесі немесе жоғары тұрған орган басшысының шешімімен құрылады.

Астанада, облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, аудандарда және облыстық маңызы бар қалаларда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдар үшін осы атқарушы органдардың басшыларын тағайындауға уәкілеттік берілген лауазымды адамның (органның) шешімімен Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық бұзушылық профилактикасының бірыңғай қызметі құрылады.

7. Әдеп жөніндегі уәкіл қызметтік әдептің сақталуын қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылық профилактикасын Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Әдеп жөніндегі уәкілдің ұсынымдары мен ұсыныстары жіберіліп отырған мемлекеттік қызметшілердің қарауы үшін міндетті.

8. Әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін үйлестіруді, әдіснамалық қамтамасыз етуді және бағалауды уәкілетті орган жүзеге асырады. Қажет болған кезде уәкілетті орган мемлекеттік органға әдеп жөніндегі уәкілді атқаратын лауазымынан босату туралы ұсыну енгізе алады.

9. Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ережені уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

10. Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымына мемлекеттік органның бірінші басшысымен келісу бойынша уәкілетті органның іссапарға жіберілген мемлекеттік қызметшісі тағайындалады.

Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымына тағайындалған, іссапарға жіберілген мемлекеттік қызметшінің уәкілетті орган өкілі мәртебесі сақталады.

Мемлекеттік қызметшіні іссапарға жіберу мүмкін болмаған кезде уәкілетті органмен келісу бойынша әдеп жөніндегі уәкіл лауазымына тиісті мемлекеттік органның өзге де мемлекеттік қызметшілері тағайындалуы мүмкін.

Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымына орналасу конкурс өткізілмей жүзеге асырылады.

11. Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымын атқаратын, іссапарға жіберілген мемлекеттік қызметші үшін жалақы мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында көзделген өзге төлемдер ол іссапарға жіберілген тиісті мемлекеттік органның қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Әдеп жөніндегі уәкілдің тәртіптік жауаптылығын тиісті шешім қабылдау үшін тиісті мемлекеттік орган жіберген оның тәртіптік теріс қылық жасағаны туралы мәліметтер негізінде уәкілетті орган қарайды.

13. Уәкілетті орган әдеп жөніндегі уәкіл лауазымына іссапарға жіберілген мемлекеттік қызметшіні кейіннен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздерде және тәртіппен ол атқарған лауазымынан төмен емес лауазымға тағайындай отырып, кері шақыртып алуы мүмкін.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген, тиісті біліктілікке және кәсіби даярлыққа сәйкес келетін лауазым болмаған жағдайда, кері шақыртылған мемлекеттік қызметші уәкілетті органдағы өзге бос лауазымға тағайындалады.

Мемлекеттік қызметші лауазымға тағайындалудан бас тартқан жағдайда, ол жұмыстан шығарылуға жатады.

14. Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымына орналасу үшін мемлекеттік органға іссапарға жіберілген мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығару осы Заңда белгіленген тәртіппен уәкілетті орган оны лауазымынан босатқаннан (жұмыстан шығарғаннан) және кері шақыртып алғаннан кейін жүзеге асырылады.

Әдеп жөніндегі уәкілді жұмыстан шығару уәкілетті органмен келісу бойынша немесе оның ұсынуы негізінде, сондай-ақ уәкілетті орган іссапарға жіберілген мемлекеттік қызметшіні осы Заңда белгіленген тәртіппен кері шақыртып алған жағдайларда жүзеге асырылады.

15. Осы баптың ережесі Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасы Құрылтайының Аппаратына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Аппаратына, уәкілетті органға қолданылмайды.

11-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗУ СЕБЕПТЕРІН МОНИТОРИНГТЕУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

79-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау

1. Уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау болып саналады.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау тексеру нысанында жүзеге асырылады.

80-бап. Тексерудің жалпы мәселелері

1. Уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері тексеруді:

1) тексерілетін мемлекеттік органға бару арқылы;

2) тексерілетін мемлекеттік органға бармай, лауазымды адамдарды шақырту және материалдарды сұрату, сондай-ақ мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелері арқылы жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының сақталуы тексеру нысаны болып саналады.

3. Мемлекеттік органдар тексеру нысанындағы мемлекеттік бақылау субъектісі деп танылады.

4. Орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының қызметін тексеруді уәкілетті органның лауазымды адамдары жүргізеді.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, мәслихаттар аппараттарының, тексеру комиссияларының, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінің қызметін тексеруді өз құзыреті шегінде уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары, ал қажет болған жағдайда уәкілетті органның лауазымды адамдары жүргізеді.

5. Тексерулер жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер болып бөлінеді.

6. Уәкілетті органның бірінші басшысы жоспарлы тексерулер жүргізу жылының алдындағы жылдың 20 желтоқсанына дейін және ағымдағы күнтізбелік жылдың 20 маусымына дейін бекіткен мемлекеттік бақылау субъектілерін тексерудің жартыжылдық жоспары жоспарлы тексеру тағайындауға негіз болады.

Жиынтығында жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты мен атқарушы органдары,

сондай-ақ орталық мемлекеттік орган, оның ведомстволары және олардың аумақтық бөлімшелері жоспарлы тексеруге жатады.

Мемлекеттік бақылау субъектілерін тексерудің жартыжылдық жоспары уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Мемлекеттік бақылау субъектілерін тексерудің жартыжылдық жоспарына уәкілетті органның бірінші басшысының шешімімен өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Мемлекеттік бақылау субъектісіне қатысты жоспарлы тексеру жылына бір реттен артық жүргізілмейді.

7. Мемлекеттік бақылау субъектілерін тексерудің жартыжылдық жоспарына енгізу үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) уәкілетті органның және (немесе) оның аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің алдыңғы тексерулерінің нәтижелері;

2) уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері жүргізетін, мемлекеттік бақылау субъектілері ұсынатын есептілік пен мәліметтерді, оның ішінде цифрлық жүйелер арқылы мониторингтеу нәтижелері;

3) қоғамдық резонанс тудырған оқиғалардың болуы;

4) мемлекеттік бақылау субъектілеріне қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылуына жеке және заңды тұлғалар жолданымдарының болуы;

5) мемлекеттік бақылау субъектілерінің интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын халық тарапынан сын тудырған материалдардың болуы тұрғысынан талдау ;

6) мемлекеттік бақылау субъектілері ұсынатын, сондай-ақ өзге де ақпарат көздерінен алынатын мәліметтерді талдау нәтижелері;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу себептерін мониторингтеуді және талдауды жүргізу нәтижелері.

Мемлекеттік бақылау субъектілерін тексерудің жартыжылдық жоспарына енгізу кезінде нақты мемлекеттік бақылау субъектісіне қатысты бұрын пайдаланылған ақпарат көздері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қоюдың жалпы ескіру мерзімі өткен деректер пайдаланылмайды.

8. Мыналар жоспардан тыс тексеруге негіз болады:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу мәселелері бойынша мемлекеттік бақылау субъектілерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының талаптарын бұзу фактілері жөніндегі мемлекеттік органдардың жолданымдары;

3) тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынулардың орындалуын бақылау;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу себептерін мониторингтеуді және талдауды жүргізу нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар;

5) ақпарат сұрату арқылы зерделенген, бұқаралық ақпарат құралдарындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу туралы жарияланымдар мен хабарлар.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген ақпаратты сұрату арқылы зерделенген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар деп Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын ықтимал бұзу туралы мәліметтерді қамтитын, қосымша деректер алу үшін оларға қатысты мынадай әрекеттер жүргізілген:

1) жарияланымда баяндалған фактілер бойынша құжаттар мен түсініктемелер ұсыну үшін мемлекеттік бақылау субъектісіне ресми сұрау салу жіберілген;

2) уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшесі сұрау салуға жауап ретінде алынған ақпаратты зерделеу мен бағалау жүргізген жарияланымдар түсініледі.

Ақпарат сұрату арқылы зерделенген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, егер ақпарат расталса немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының бұзылуына негізді күдік тудырса, жоспардан тыс тексерулер жүргізуге негіз болады.

9. Анонимдік жолданымдар келіп түскен жағдайларда жоспардан тыс тексерулер жүргізілмейді.

81-бап. Тексеру жүргізу тәртібі

1. Мемлекеттік бақылау субъектісіне цифрлық жүйелер арқылы тексеру басталатыны туралы хабарламаның жіберілуі тексеру жүргізудің басталуы деп есептеледі.

2. Уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамдары мемлекеттік бақылау субъектісіне келген кезде қызметтік куәлігін не сәйкестендіру картасын көрсетуге міндетті.

3. Тексеру жүргізу мерзімдері алдағы жұмыстардың көлемі, сондай-ақ қойылған міндеттер ескеріле отырып белгіленеді және:

1) жоспарлы тексеру басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен;

2) жоспардан тыс тексеру басталған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспауға тиіс.

Қажет болған кезде уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің шешімімен тексеру жүргізу мерзімдері осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген мерзімдерден аспайтын мерзімге бір рет ұзартылады.

Тексеру жүргізу мерзімі ұзартылған және (немесе) тоқтатылған (қайта басталған) кезде бұл туралы уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшесі мемлекеттік бақылау субъектісін осындай шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді. Бұл ретте тексеру жүргізу мерзімін ұзарту туралы хабарламаны уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшесі тексеру мерзімдері аяқталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей цифрлық жүйелер арқылы жібереді.

4. Уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің тексеруші лауазымды адамдарының құрамы уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің шешімімен өзгертілуі мүмкін.

Уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің тексеруші лауазымды адамдарының құрамы өзгерген кезде бұл туралы уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшесі мемлекеттік бақылау субъектісін осындай шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей цифрлық жүйелер арқылы хабардар етеді.

5. Тексеру:

1) жүргізілетін тексеру шеңберінде елеулі маңызы бар қажетті мәліметтерді ұсыну туралы мемлекеттік органдарға, мемлекеттік заңды тұлғаларға, лауазымды адамдарға және өзге де тұлғаларға сұрау салу жіберілген;

2) төтенше жағдай режимі енгізілген, эпидемияның, карантиндік объектілер ошақтарының және аса қауіпті зиянды организмдердің, инфекциялық, паразиттік аурулардың, уланудың, радиациялық авариялардың таралуы орын алған немесе таралу қаупі туындаған және солармен байланысты шектеулер болған жағдайларда тоқтатыла тұрады.

Тоқтатыла тұрған тексеруді жүргізу мерзімін есептеу ол қайта басталған күннен бастап жалғастырылады.

Тексеру тоқтатыла тұрған және қайта басталмаған мемлекеттік бақылау субъектісін тексеруді жүргізуге жол берілмейді.

6. Тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің тексеруші лауазымды адамы:

1) тексеру нәтижелері туралы анықтама;

2) тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыну жасайды.

7. Тексеру нәтижелері туралы анықтама мемлекеттік бақылау субъектісіне жіберілген күн тексеру аяқталған күн деп есептеледі.

Тексеру нәтижелері туралы анықтама тексеру мерзімінің соңғы күнінен кешіктірілмей жасалады.

Тексеру нәтижелері туралы анықтаманың бірінші данасы мемлекеттік бақылау субъектісіне (басшысына не оның уәкілетті адамына) танысу үшін қол қойғызып қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда табыс етіледі.

Тексеру нәтижелері туралы анықтаманың екінші данасы мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органға электрондық нысанда тапсырылады.

Тексеру нәтижелері туралы анықтаманың үшінші данасы уәкілетті органда, оның аумақтық бөлімшесінде қалады.

8. Тексеру нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда мемлекеттік бақылау субъектісі тексеру нәтижелері туралы анықтаманы алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ескертулерін және (немесе) қарсылықтарын жазбаша түрде баяндайды.

Ескертулер және (немесе) қарсылықтар тексеру нәтижелері туралы анықтамаға қоса беріледі, бұл туралы уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің тексеруші лауазымды адамы тиісті белгі жасайды.

9. Мемлекеттік бақылау субъектісі таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшесі тағайындалған тексеруді жүргізілмеген деп таниды, тексеру нәтижелері туралы анықтама жасалмайды.

10. Жоспардан тыс тексеру жүргізуге негіз болған жолданымды (хабарды) кері қайтарып алу қабылданған жағдайда осы Заңның 80-бабы 8-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша тағайындалған жоспардан тыс тексеру жүргізілмеген деп танылады.

Бұл жағдайда тексеру нәтижелері туралы анықтама жасалмайды, бұл туралы мемлекеттік бақылау субъектісі осындай шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей цифрлық жүйелер арқылы хабардар етіледі.

11. Қажет болған жағдайларда арнаулы білім мен дағдылар талап етілетін мәселелерді зерттеу, консультациялар алу үшін уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшесі тексеру қорытындыларына мүдделі емес мемлекеттік органдар мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандарын, сарапшыларын және (немесе) консультанттарын тексеру жүргізуге тартуы мүмкін.

Уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің талап етуі бойынша мемлекеттік бақылау субъектілері тексеруге және қорытынды беруге қатысу үшін мамандарды, сарапшыларды және (немесе) консультанттарды бөлуге міндетті.

Тексеруге тартылған маман, сарапшы және (немесе) консультант уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің тексеруші лауазымды адамы қойған сұрақтар бойынша қорытындыны жасайды, ол тексеру барысында пайдаланылады және тексеру нәтижелері туралы анықтамаға қоса беріледі.

12. Уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамдарының тексеру жүргізу кезінде:

- 1) мемлекеттік бақылау субъектісінің аумағы мен үй-жайларына кедергісіз кіруге;
- 2) тексеру нәтижелері туралы анықтамаға немесе тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынуға қоса тіркеу үшін құжаттардың (

мәліметтердің) көшірмелерін қағаз және электрондық жеткізгіштерде алуға, сондай-ақ тексеру нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорларға (цифрлық жүйелерге) қол жеткізуге;

3) аудио-, фото- және бейнетүсірілімді жүзеге асыруға;

4) техникалық бақылау құралдарының, байқау және тіркеп-белгілеу аспаптарының, фото- және бейнеаппаратураның тексеру нысанасына жататын жазбаларын пайдалануға;

5) мамандарды, сарапшыларды және (немесе) консультанттарды тартуға құқығы бар.

13. Мемлекеттік бақылау субъектілері және олардың лауазымды адамдары тексеру жүргізілген кезде:

1) уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшесінің тексеру жүргізу үшін келген тексеруші лауазымды адамдарын:

тексеру мерзімдері асып кеткен не өткен;

жоспарлы тексеру жүргізу жиілігі сақталмаған;

хабарлама және осы бапта көзделген құжаттар болмаған;

тексеру жүргізуге тиісті лауазымдық өкілеттігі жоқ адамдарға тексеру жүргізу тапсырылған;

тексеру мерзімдері осы Заңда белгіленген мерзімнен артық ұзартылған;

осы Заңда белгіленген тексеру жүргізу талаптары өрескел бұзылған жағдайларда тексеруге жібермеуге;

2) егер құжаттар (мәліметтер) жүргізіліп жатқан тексеру нысанасына жатпаса, оларды ұсынбауға;

3) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен тексеру нәтижелеріне (тексеру нәтижелері туралы анықтамаға, тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынуға) және уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің тексеруші лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға;

4) тексеру жүргізу процесін, сондай-ақ уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің тексеруші лауазымды адамының тексеру шеңберінде жүргізетін жекелеген әрекеттерін тексеруші лауазымды адамның қызметіне кедергі келтірмей, аудио- және бейнетехника құралдарының көмегімен тіркеп-белгілеуге құқылы.

14. Мемлекеттік бақылау субъектілері және олардың лауазымды адамдары тексеру жүргізілген кезде:

1) уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің тексеруші лауазымды адамдарының тексерілетін мемлекеттік органның аумағы мен үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің тексеруші лауазымды адамдарының шақыруы бойынша келуге;

3) уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің тексеруші лауазымды адамдарына тексеру нәтижелері туралы анықтамаға немесе тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынуға қоса тіркеу үшін тексерудің нысанасына сәйкес құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынуға, сондай-ақ автоматтандырылған дерекқорларға (цифрлық жүйелерге) қолжетімділік беруге;

4) тексеру жүргізу кезінде тексерілетін құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол бермеуге міндетті.

15. Тексеруді бастау, тексеру мерзімдерін ұзарту және (немесе) тоқтата тұру (қайта бастау), уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің тексеруші лауазымды адамдары құрамының өзгергені туралы хабарламалардың, тексеру нәтижелері туралы анықтаманың және тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынудың нысандарын уәкілетті орган бекітеді.

82-бап. Уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамдары тексеру жүргізу кезінде анықталған бұзушылықтар фактілері бойынша қабылдайтын шаралар

1. Тексеру нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу анықталған кезде уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшесі мемлекеттік бақылау субъектісіне немесе оның жоғары тұрған органына (жоғары тұрған лауазымды адамға) тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы қаралуға міндетті ұсынуды енгізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де шараларды қабылдайды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу мемлекеттік органның (лауазымды адамның) актісін заңсыз деп тануға негіз болуы мүмкін.

Бұл ретте мемлекеттік органның (лауазымды адамның) мәні бойынша заңға сәйкес келетін актісі, егер жол берілген рәсімдік бұзушылықтар оның заңдылығы мен негізділігіне әсер етпесе, тек қана формальды негіздер бойынша заңсыз деп танылмайды.

Уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшесі тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынуды мемлекеттік бақылау субъектісіне немесе оның жоғары тұрған органына (жоғары тұрған лауазымды адамға) тексеру нәтижелері туралы анықтама жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей енгізеді.

2. Тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыну табыс етілген (алынған) күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, онда көрсетілген бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдана отырып қаралуға жатады.

3. Мемлекеттік бақылау субъектісі немесе оның жоғары тұрған органы (жоғары тұрған лауазымды адам) тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынуда көрсетілген бұзушылықтарды жою қорытындылары туралы ақпаратты осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзім өткен күннен бастап үш жұмыс күні өткеннен кейін уәкілетті органға, оның аумақтық бөлімшесіне жібереді.

Мемлекеттік бақылау субъектісі немесе оның жоғары тұрған органы (жоғары тұрған лауазымды адам) тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынуда көрсетілген бұзушылықтарды жою қорытындылары туралы ақпаратты белгіленген мерзімде бермеген немесе толық бермеген жағдайда уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшесі осы Заңның 80-бабының 8-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру тағайындайды.

4. Мемлекеттік бақылау субъектісінің немесе оның жоғары тұрған органының (жоғары тұрған лауазымды адамның) тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынуда көрсетілген бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдамауы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

5. Мемлекеттік бақылау субъектілерінің лауазымды адамдарының әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған кезде уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшелері тексеру материалдарын уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберу бойынша шаралар қабылдайды.

83-бап. Тексерудің жарамсыздығы

1. Егер тексеру осы бапта белгіленген, тексеру жүргізуге қойылатын талаптарды өрескел бұза отырып жүргізілсе, оны уәкілетті орган жарамсыз деп таниды немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылады.

Тексеруді жарамсыз деп тану тексеру нәтижелері туралы анықтаманың, тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынудың жарамсыздығына алып келеді.

2. Мыналар тексеру жүргізуге қойылатын талаптарды өрескел бұзушылықтарға жатады:

- 1) тексеру жүргізуге негіздердің болмауы;
- 2) тексерудің басталғаны туралы хабарламаның болмауы;
- 3) уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің өз құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша тексерулер тағайындауы.

3. Мемлекеттік бақылау субъектісі тексеру нәтижелері туралы анықтаманы алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшесі жүргізген тексеруді жарамсыз деп тану туралы жолданыммен уәкілетті органға (лауазымды адамға) жүгінуге құқылы.

Мемлекеттік бақылау субъектісінің жолданымын қарау жолданым келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылау субъектісінің жолданым беруі тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдауды жокқа шығармайды.

Уәкілетті органның (лауазымды адамның) мемлекеттік бақылау субъектісінің жолданымын қанағаттандырудан бас тартуына сотқа шағым жасалуы мүмкін.

4. Мемлекеттік бақылау субъектісі уәкілетті органға тексеруді жарамсыз деп тану туралы жүгінуге арналған белгіленген мерзімді дәлелді себеппен өткізіп алған жағдайда, уәкілетті орган бұл мерзімді қалпына келтіруі мүмкін.

Өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіру мақсатында дәлелді себептер ретінде мемлекеттік бақылау субъектісін жолданым беру мүмкіндігінен айыратын себептер танылады.

Уәкілетті органға тексеруді жарамсыз деп тану туралы жүгінуге арналған мерзімді өткізіп алу уәкілетті органның жолданымды қабылдаудан бас тартуына негіз болмайды. Тексеруді жарамсыз деп тану туралы жүгінуге мерзімін өткізіп алу себебі жолданымды қарау кезінде анықталады және жолданымды қанағаттандырудан бас тарту негіздерінің бірі болуы мүмкін.

84-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу себептерін мониторингтеу және талдау

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу себептерін мониторингтеу және талдау (бұдан әрі –мониторингтеу және талдау) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының, оның ішінде мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимінің бұзылуын анықтауға, олардың алдын алуға және болғызбауға, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының талаптары қолданылатын өзге де ұйымдардың қызметін бюрократиядан арылтуға бағытталған шараларды қамтиды.

2. Мониторингтеу және талдау міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын, оның ішінде мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтау, сондай-ақ бұзушылықтар жасауға ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін процестер мен өзгерістерді талдау;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының бұзылуын, сондай-ақ оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау үшін мемлекеттік қызметтің жұмыс істеуі туралы ақпаратты жинау, есепке алу, жүйелеу, қорыту және талдау;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған басқарушылық шешімдер қабылдауға жәрдемдесу.

3. Мониторингтеуді және талдауды уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшесі цифрлық жүйелерде көрініс тапқан мәліметтерді және мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар ұсынатын деректерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын бұзу туралы өзге де ақпарат көздерінен алынатын ақпаратты зерделеу мен талдау негізінде жүзеге асырады.

4. Орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының талаптары қолданылатын өзге де ұйымдардың қызметін мониторингтеуді және талдауды уәкілетті органның лауазымды адамдары жүргізеді.

Орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, облыстық маңызы бар қалалар, аудандар әкімдері аппараттарының және атқарушы органдарының, мәслихат аппараттарының, тексеру комиссияларының, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының талаптары қолданылатын өзге де ұйымдардың қызметін мониторингтеуді және талдауды уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары, ал қажет болған жағдайда уәкілетті органның лауазымды адамдары жүргізеді.

5. Мониторингтеу және талдау қашықтан бақылау нысанында және қажет болған кезде мониторингтеу және талдау субъектісіне бару арқылы жүргізіледі.

Қашықтан бақылау тұрақты негізде цифрлық жүйелер және мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар ұсынатын деректер арқылы жүргізіледі.

Мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының талаптары қолданылатын өзге де ұйымдар не олардың уәкілетті өкілдері мониторингтеуді және талдауды жүргізу кезінде уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының мониторингтеу және талдау субъектісінің аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін, сондай-ақ автоматтандырылған дерекқорларға (цифрлық жүйелерге) қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Келу барысында уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары түсініктеме талап ете алады, сондай-ақ тіркеп-белгілеудің техникалық құралдарын пайдалана алады.

Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс уақытынан тыс уақытта жұмыс орнында болу фактілерін уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары акт жасайды.

Қажет болған кезде мониторингтеу және талдау субъектісіне бару арқылы мониторингтеуді және талдауды жүргізу үшін әдеп жөніндегі уәкілдер немесе құқық бұзушылықтың алдын алу қызметінің басшысы тартылуы мүмкін.

Қажет болған жағдайда арнаулы білім мен дағдылар талап етілетін мәселелерді зерттеу, консультациялар алу үшін уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшесі мониторингтеу және талдау жүргізуге мамандарды, сарапшыларды және (немесе) консультанттарды тартуы мүмкін.

6. Мониторингтеу және талдау нәтижелері бойынша уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі мониторингтеу және талдау нәтижелері туралы анықтама және бұзушылықтарды (олар бар болған кезде) жою туралы қорытынды жасайды.

Мониторингтеу және талдау субъектілері бұзушылықтарды жою туралы қорытындының орындалғанын растайтын материалдарды уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне бұзушылықтарды жою мерзімі өткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде міндетті түрде ұсына отырып, оны алған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде орындауға тиіс.

12-тарау. МЕМЛЕКЕТТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІН ІСКЕ АСЫРУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

85-бап. Мемлекеттік органдардың функциялары мен міндеттерін іске асыруға жәрдемдесуді жүзеге асыратын адамдар

1. Осы тармақта аталған адамдар мемлекеттің функциялары мен міндеттерін іске асыруға жәрдемдесуді жүзеге асырады.

Мыналар мемлекеттің функциялары мен міндеттерін іске асыруға жәрдемдесуді жүзеге асыратын адамдарға жатады:

- 1) келісімшарттық қызметшілер;
- 2) шетелдік жұмыскерлер;
- 3) мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын адамдар;
- 4) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік заңды тұлғаларда басқарушылық функцияларды атқаратын адамдар.

2. Мемлекеттің функциялары мен міндеттерін іске асыруға жәрдемдесуді жүзеге асыратын адамдар мемлекеттік лауазымдарды атқара алмайды.

Аталған адамдарға жақын туыстарымен, жұбайымен (зайыбымен) және (немесе) жекжаттарымен бірге қызмет (жұмыс) істеуге жол бермеу бөлігінде осы Заңның 14-бабы 2-тармағының ережелері қолданылады.

3. Мемлекеттің функциялары мен міндеттерін іске асыруға жәрдемдесуді жүзеге асыратын адамдар "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан

Республикасының Заңында көзделген мүдделер қақтығысына жол бермеу, оны болғызбау және реттеу жөніндегі шектеулер мен міндеттерді қабылдайды.

Аталған адамдар материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа да мемлекеттік мүлікті және қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға, сондай-ақ қызметтік жағдайын лауазымдық өкілеттігін жүзеге асырумен байланысты емес мақсаттарда пайдалануға құқылы емес.

Шектеулердің қабылдануын персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) жұмысқа қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жазбаша түрде тіркеп-белгілейді. Шектеулерді қабылдамау жұмысқа қабылдаудан бас тартуға не жұмыстан шығаруға алып келеді.

4. Мемлекеттің функциялары мен міндеттерін іске асыруға жәрдемдесуді жүзеге асыратын адамдарға осы Заңда реттелмеген бөлікте Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің ережелері қолданылады.

Мемлекеттік заңды тұлғаларда басқарушылық функцияларды атқаратын адамдарға қызметтік әдеп талаптарын сақтау, мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу, сондай-ақ мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін жауаптылық бөлігінде осы Заңның ережелері қолданылады.

Мемлекеттік органдар келісімшарттық қызметшілердің, шетелдік жұмыскерлердің, мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын адамдардың мінез-құлық қағидаларын белгілейді.

5. Мемлекеттің функциялары мен міндеттерін іске асыруға жәрдемдесуді жүзеге асыратын адамдармен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен, сондай-ақ осы баптың 3-тармағында көзделген шектеулер сақталмаған, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар жасалған, қызметтік әдеп бұзылған жағдайларда тоқтатылуы мүмкін.

86-бап. Келісімшарттық қызметшілер

1. Ұлттық және өзге де жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік органдарға келісімшарттық қызметшілер тартылуы мүмкін.

Келісімшарттық қызметшілерді тарту тәртібін, келісімшарттық қызметшілер тартылатын жобалардың түрлерін, еңбекке ақы төлеу шарттары мәселелерін және олардың қызметін реттеудің өзге де мәселелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Осы Заңның 21-бабының 2-тармағында көзделген, мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде қойылатын талаптарға сай келмейтін Қазақстан Республикасының азаматтарын келісімшарттық қызметшілер ретінде тартуға болмайды.

3. Келісімшарттық қызметші ретінде тартылатын Қазақстан Республикасының азаматтары белгіленген біліктілік талаптарына сай болуға тиіс. Келісімшарттық қызметшінің біліктілік талаптарын және оның мемлекеттік органмен өзара іс-қимыл

жасау алгоритмін уәкілетті органмен келісу бойынша ұлттық және өзге де жобаларды іске асыру үшін жауапты мемлекеттік органның лауазымды адамы бекітеді.

4. Келісімшарттық қызметшіні тарту ұлттық және өзге де жобаларды іске асыру үшін жауапты мемлекеттік органның лауазымды адамының ұсынуы бойынша келісімшарт жасасу және жұмыс берушінің актісін шығару арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органның келісімшарттық қызметшісі келісімшартының мерзімі қойылған міндеттерді орындау кезеңіне, бірақ ұлттық және өзге де жобаларды іске асыру кезеңі ішінде ұзарту мүмкіндігімен күнтізбелік бір жылдан аспайтын кезеңге белгіленеді.

5. Келісімшарттық қызметшінің жұмыс графигі және өзге де жеке еңбек жағдайлары мемлекеттік органның келісімшарттық қызметшісінің келісімшартында белгіленеді.

Келісімшарттық қызметшінің еңбегіне ақы төлеу шарттары орындалған жұмыс көлемінің (қойылған міндеттердің) уақыт (міндеттерді, жобаларды іске асыру кезеңдері), сандық және (немесе) сапалық көрсеткіштері көрсетіле отырып, келісімшарттық қызметшінің келісімшартында белгіленеді.

Келісімшарттық қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу мемлекеттік органды ұстауға не ұлттық және өзге де жобаларды іске асыруға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік органның келісімшарттық қызметшісінің келісімшарты тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін, келісімшартты бұзудың өзге де талаптары, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу келісімшартта жазылады.

Келісімшарттық қызметші мен мемлекеттік орган арасындағы даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

87-бап. Шетелдік жұмыскерлер

1. Мемлекеттік органдар уәкілетті комиссияның шешімі бойынша шетелдік жұмыскерлерді Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмысқа қабылдай алады.

Шетелдік жұмыскерлердің лауазымдарын мемлекеттік органдар уәкілетті комиссиямен келісу бойынша белгілейді.

Шетелдік жұмыскерлерді мемлекеттік органдарға тарту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Мемлекеттік органдарға жұмысқа қабылдау кезінде шетелдік жұмыскерлер Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары уәкілетті органмен бірлесіп айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының міндетті арнайы тексеруінен өтуге тиіс.

88-бап. Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын адамдар

1. Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсету және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының азаматтары тартылуы мүмкін.

Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын адамдарды жұмысқа қабылдау, олардың қызметін ұйымдастыру және жұмыстан шығару тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

2. Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын адамдардың шекті санын уәкілетті органмен келісу бойынша еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

89-бап. Мемлекеттік заңды тұлғаларда басқарушылық функцияларды атқаратын адамдар

1. Мемлекеттік заңды тұлғаларда басқарушылық функцияларды атқарумен байланысты лауазымдарға адамдарды қабылдау конкурс бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын, жекелеген мемлекеттік білім беру және мәдениет заңды тұлғаларының бірінші басшыларын, сондай-ақ мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымының бірінші басшысын қоспағанда, мемлекеттік заңды тұлғаларда басқарушылық функцияларды атқарумен байланысты лауазымдарға адамдарды қабылдау, олардың еңбек қызметін өткеру тәртібін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратымен келісу бойынша уәкілетті орган айқындайды.

2. Мемлекеттік заңды тұлғаларда басқарушылық функцияларды атқарумен байланысты лауазымдарға орналасуға үміткер Қазақстан Республикасының азаматтары үлгілік біліктілік талаптары негізінде уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісу бойынша мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық жасау жөніндегі уәкілетті орган немесе астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары немесе аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары бекітетін біліктілік талаптарына сай болуға тиіс.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік заңды тұлғаларда басқарушылық функцияларды атқарумен байланысты лауазымдарға қойылатын үлгілік біліктілік талаптарын уәкілетті орган бекітеді.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарында басқарушылық функцияларды атқарумен байланысты лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша әзірленеді және оны білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

13-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

90-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 4-тарауды, 21-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 11) тармақшасын, 67-баптың 3-тармағының 27) тармақшасын және 68-баптың 29-тармағын қоспағанда, 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Егер осы баптың 3-тармағында өзгеше көзделмесе, 2029 жылғы 1 қаңтарға дейін:

1) осы Заңның 35-бабы 2, 3, 4 және 5-тармақтарының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтата тұру кезеңінде осы тармақтар мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2. Мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік қызметте ілгерілету олардың біліктілігі, құзыреті, қабілеттері, сіңірген еңбегі және өзінің қызметтік міндеттерін адал атқаруы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

3. Ауыстыру, ротациялау тәртібімен, қызметті бағалау нәтижелері бойынша, конкурс өткізілмей қызметте ілгерілетуге мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін, қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған күннен бастап алты ай ішінде жол берілмейді.

4. "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің лауазымдық деңгейлерін өзгертудің уақытша қағидаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратымен келісу бойынша уәкілетті органның ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

5. "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің лауазымдық деңгейлерін өзгерту одан әрі кәсіптік дамыту және оқыту қажеттілігін анықтау мақсатында жүргізілетін, құзыреттерді кешенді бағалау нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

"Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің құзыреттеріне кешенді бағалау жүргізу тәртібі, сондай-ақ кешенді бағалауға жататын мемлекеттік лауазымдардың тізбесі "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің лауазымдық деңгейлерін өзгертудің уақытша қағидаларында айқындалады.";

2) осы Заңның 42-бабы 3-тармағының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтата тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3. "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің қызметін бағалау нәтижелері бонустар төлеу, көтермелеу, оқыту, ротациялау, мемлекеттік лауазымын жоғарылату немесе төмендету не жұмыстан шығару жөнінде шешім қабылдауға негіз болады.

Мемлекеттік лауазымды төмендету уақытша бос мемлекеттік лауазымды қоспағанда, мемлекеттік органда келесі төмен тұрған бос мемлекеттік лауазым болған

және мемлекеттік қызметші біліктілік талаптарына сай болған кезде жүзеге асырылады. Мемлекеттік лауазымды төмендету конкурс өткізілмей жүзеге асырылады.

Әкімшілік мемлекеттік қызметші ұсынылған лауазымнан бас тартқан жағдайда ол жұмыстан шығарылуға тиіс.";

3) осы Заңның 43-бабы 3, 5 және 7-тармақтарының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтата тұру кезеңінде осы тармақтар мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3. Аттестаттау қорытындысы бойынша аттестаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) атқаратын мемлекеттік лауазымына сай келеді және лауазымын жоғарылатуға ұсынылады;

2) атқаратын мемлекеттік лауазымына сай келеді;

3) атқаратын мемлекеттік лауазымына сай емес және мемлекеттік лауазымын төмендетуге ұсынылады;

4) атқаратын мемлекеттік лауазымына сай емес және жұмыстан шығаруға ұсынылады.";

"5. Аттестаттаудан өтпеген және (немесе) мемлекеттік органдарда, оның ішінде төмен тұрған мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызметті жалғастырудан бас тартқан әкімшілік мемлекеттік қызметшілер жұмыстан шығарылуға тиіс.";

"7. Аттестаттау комиссиясының аттестаттау қорытындысы бойынша қабылданған шешімі мемлекеттік қызметшіні жоғары тұрған әкімшілік мемлекеттік лауазымға тағайындауға немесе мемлекеттік қызметшінің әкімшілік мемлекеттік лауазымын төмендетуге не жұмыстан шығаруға негіз болады.";

4) осы Заңның 61-бабы 2 және 3-тармақтарының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтата тұру кезеңінде осы тармақтар мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2. Тәртіптік жазалар тәртіптік жауаптылық шарасы болып саналады.

Тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін мемлекеттік қызметшілерге мынадай тәртіптік жаза түрлері қолданылады:

1) ескерту;

2) сөгіс;

3) қатаң сөгіс;

4) қызметке толық сай еместігі туралы ескерту;

5) сайланған мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, мемлекеттік лауазымын төмендету;

6) сайланған мемлекеттік қызметшіні атқаратын лауазымына сай емес деп тану;

7) сайланған мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, атқаратын мемлекеттік лауазымнан шығару.

Қазақстан Республикасының заңдарында өзге де жаза түрлері белгіленуі мүмкін.

3. Мемлекеттік лауазымын төмендету түріндегі тәртіптік жаза уақытша бос мемлекеттік лауазымды қоспағанда, мемлекеттік органда келесі төмен тұрған бос мемлекеттік лауазым болған және мемлекеттік қызметші осы мемлекеттік лауазымға белгіленген біліктілік талаптарына сай келген кезде қолданылады. Мемлекеттік лауазымын төмендету конкурс өткізілмей жүзеге асырылады.

Атқаратын мемлекеттік лауазымнан шығару және сайланған мемлекеттік қызметшіні атқаратын лауазымына сай емес деп тану түріндегі тәртіптік жаза осы Заңда көзделген негіздер бойынша қолданылады.";

5) осы Заңның 64-бабы 4-тармағының бірінші бөлігі 4) тармақшасының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтата тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"4) қызметке толық сай еместігі туралы ескерту, атқаратын лауазымына сай емес деп тану түріндегі тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап алты айдан аспауға тиіс."

3. Осы Заңның 35-бабының 2, 3, 4 және 5-тармақтары, 42-бабының 3-тармағы, 43-бабының 3, 5 және 7-тармақтары, 61-бабының 2 және 3-тармақтары және 64-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасы тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын мемлекеттік органдарға қатысты 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 2029 жылғы 1 қаңтарға дейін пилоттық режимде қолданылады деп белгіленсін.

4. Осы Заңның 27-бабы 3-тармағының талабы осы Заң қолданысқа енгізілген кезде астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарының басшылары, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының астанадағы, облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелерінің басшылары лауазымдарын атқаратын адамдарға қолданылмайды.

Аталған адамдар осы Заң қолданысқа енгізілген кезден бастап "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарын атқаратын адамдар болып есептеледі және тиісті мемлекеттік лауазымдарда өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыруды жалғастырады.

5. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ